



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
БАЯНДАМА**

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1. 2024 ЖЫЛЫ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҚПАРАТ.....	8
2. АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ.....	12
2.1 Қылмыстық процестегі адам құқықтары.....	12
2.2 Сотталған адамдардың құқықтары	23
2.3 Азаптаудан және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынастар мен жаза түрлерінен қорғау.....	37
3. АДАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ.....	44
3.1 Денсаулықты сақтау құқығы.....	44
3.2 Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы.....	51
3.3 Еңбек құқықтары.....	58
3.4 Қолжетімді тұрғын үй құқығы.....	65
4. АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ.....	73
4.1 Әйелдердің құқықтары.....	73
4.2 Кәмелетке толмағандардың құқықтары.....	79
4.3 Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары.....	86
5. ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ.....	95
6. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҒАРТУ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ.....	100
7. ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	114
8. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	119
9. ҚР АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ЖАНЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАТИВТІК-КЕҢЕСШІ ОРГАНДАР, СОНДАЙ-АҚ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЙЫМДАР ЖАНЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАТИВТІК-КЕҢЕСШІ ОРГАНДАРҒА ҚАТЫСУЫ.....	142
10. ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ.....	156
11. ҚР АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ КЕҢЕСЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ.....	162
12. ҚОҒАМНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР.....	167
ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР.....	175

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ААЖ	- автоматтандырылған ақпараттық жүйе;
АӘК	- атаулы әлеуметтік көмек;
АТФ	- Азия-Тынық мұхиты форумы;
ДИАҚБ	- Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро;
ҚР ЖС	- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;
ҚР БП	- Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;
ПД	- Полиция департаменті;
ҚАЖД	- Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті;
ЭТД	- Экономикалық тергеу департаменті;
ЕАЭО	- Еуразиялық экономикалық одақ;
БЖЗҚ	- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;
ЕО	- Еуропалық Одақ;
ЖИ	- жасанды интеллект;
УҰИ	- уақытша ұстау изоляторы;
ЖЖА	- жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру;
ҚР ҰҚК	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
ҚР ӘҚБтК	- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі;
ҚСЖАЕК	- Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет;
ККБО	- консультативтік-кеңесші және байқаушы органдар;
ҚР КС	- Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты;
ҚАЖК	- Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті;
МБА	- мүгедектігі бар адам (адамдар);
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚР СІМ	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;
ҚР ІІМ	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
ВАК	- Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;
ЖАО	- жергілікті атқарушы орган;
ҚР МАМ	- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ҚР ҚМ	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
ХЕҰ	- Халықаралық еңбек ұйымы;
ҚР ОАМ	- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
ҚР ӨҚМ	- Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;
МӘС	- медициналық-әлеуметтік сараптама;

ҚР ЕХӘҚМ	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ҚР ҚМ	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
ҰАТ	- Ұлттық алдын алу тетігі;
ҮЕҮ	- үкіметтік емес ұйымдар;
АҚҰО, Орталық	- Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық;
ЕҚЫҰ	- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы;
БҰҰ	- Біріккен Ұлттар Ұйымы;
МӘМС	- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру;
ТТЖ	- тұрақты тұрғылықты жері;
БҰҰДБ	- Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы;
ТИЗО	- тергеу изоляторы;
ҚР ӘК	- Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі;
АҚК	- БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі;
АӘҚ	- арнайы әлеуметтік қызметтер;
ХӘОТ	- халықтың әлеуметтік осал топтары;
ҚР ЕК	- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
ҰҚКБ	- Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы;
БҰҰ АҚЖКБ	- Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасы;
ШТМБ	- шартты түрде мерзімінен бұрын босату;
ҚР ҚАК	- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі;
ҚАЖ	- қылмыстық-атқару жүйесі;
ҚР ҚК	- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
ҚР ҚПК	- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;
АҚУ, Уәкіл	- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;
ӨҚБ	- Өзіндік қауіпсіздік басқармасы;
АӘҚКО	- Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы;
ТДМ	- Тұрақты даму мақсаттары;
ЖСО	- жеке сот орындаушысы;
СК	- сарапшылық кеңес.

КІРІСПЕ



Адам құқықтарын қорғау – демократиялық құндылықтар мен заң үстемдігі қағидаларына бейілділігін көрсететін қазіргі заманғы мемлекеттің негізгі міндеті. Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласындағы 70-тен астам халықаралық келісімге қатысушы бола отырып, халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға жүйелі түрде енгізуде. Бұл елдің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайтуға деген дәйекті ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасымен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасайды, Әмбебап кезеңдік шолуға қатысады. ЕҚЫҰ-мен бірлесіп, сөз бостандығын, ұлттық азшылықтардың құқықтарын және гендерлік теңдікті қорғауға бағытталған бастамалар жүргізілуде. Қазақстан Еуропа Кеңесінің мүшесі болмағанымен, адам құқықтарын қорғау бағдарламалары аясында белсенді түрде ынтымақтасады, мысалы, Венеция комиссиясының шараларына қатысу арқылы. ТМД Адам құқықтары жөніндегі комиссиясымен де белсенді өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Республика, азаматтардың жеке шағымдарын қабылдау және қарау үшін БҰҰ-ның алты комитетінің құзыретін мойындады – Адам құқықтары жөніндегі комитет, Азаптауға қарсы комитет, Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитет, Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет, Мүгедектердің құқықтары жөніндегі комитет және Бала құқықтары жөніндегі комитет.

Еліміздің Балалар құқықтары туралы факультативтік хаттамаға қол қоюы және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялауы адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды іске асырудағы маңызды қадам болды.

Біздің еліміз ауқымды демократиялық және саяси реформаларды, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау саласындағы бастамаларды жүзеге асыруда танымал өңірлік көшбасшылардың бірі болып саналады. Бұл реформалар «Әділетті Қазақстанды» қалыптастыру бойынша үлкен саяси өзгерістердің бір бөлігі болып табылады және адам құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғауға айтарлықтай үлес қосты.

Мемлекет басшысы қоғамда әділдік пен тәртіпті орнату қажеттілігіне әрдайым көңіл бөледі. Онда тиімді сот төрелігі мен азаматтардың құқықтарын қорғау ерекше орын алады.

Осы бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізу аясында 2021 жылғы Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспары және 2022 жылғы

Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылды. 2023 жылдың соңында алдағы жылдарға арналған Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы үшінші шаралар жоспары қабылданды.

2024 жылы ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және оларды қалпына келтіруге бағытталған белсенді қызметін жалғастырды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің негізгі міндеті азаматтарға олардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетігін ұсыну болып табылады. Есептік кезеңде басты назар азаматтардың өтініштерін қарауға, заңнаманы жақсартуға, халықты құқықтық ағартуға және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 75 жылдығына орай адам құқықтары құндылықтарын насихаттау бойынша елеулі шаралар қабылданды, бұл халықтың кең топтарын қамтитын іс-шаралардың көбеюінен байқалды. 2024 жылы менің кеңсем және өкілдерімнің жүйелі ағарту қызметі 667 741-ден астам адамды қамтыды, бұл 2023 жылға қарағанда 40 есе көп. Бұл өсім халықтың өз құқықтары мен оларды қорғау мүмкіндіктері туралы хабардарлығының артуын көрсетеді.

Өз қызметімізде келіп түскен өтініштерді қарауға ерекше назар аударамыз. 2024 жылы олардың саны 16,9%-ға өсіп, 6 748-ге жетті. Сотқа дейінгі тергеу органдарының шешімдеріне шағымдар, сотталғандардың құқықтарының бұзылуы және сот актілерімен келіспеушілік ең жиі мәлімделетін шағымдар болып қала беруде. Бұл өсім құқық қорғау тетіктеріне қол жеткізудің жақсаруымен қатар, азаматтардың құқықтарын қорғаудың бірқатар саласындағы әлі де шешімін таппаған мәселелерге де байланысты.

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша тәртіптік жауапкершілікке – 97, әкімшілік жауапкершілікке – 5 адам тартылды, 4 қылмыстық іс тіркелді.

Есептік кезеңде жазаны орындау мекемелеріне бардық, бірегей (көп бейінді) түзеу мекемелері жүйесін құру жолында жұмыс жасадық, сондай-ақ азаптаудан еркін қоғам құру бойынша жұмысты жалғастырдық. Мониторинг барысында анықталған бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік жауапкершілікке – 192, әкімшілік жауапкершілікке – 30 қызметкер тартылды.

Азаптау мен қатыгездіктің басқа да түрлерін жою бойынша қабылданған шаралар халықаралық қоғамдастықта, соның ішінде ТМД, АҚШ, Еуропа Кеңесі, Еуропалық Одақ, сондай-ақ БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Әмбебап мерзімді шолуы шеңберінде және басқа да халықаралық платформаларда оң бағасын алды.

Заңнаманы жетілдіру біздің жұмысымыздың маңызды бөлігіне айналды. Талдау аясында азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға кедергі келтіретін олқылықтарды жоюға бағытталған 20-дан астам ұсыныс дайындалды.

2024 жылдың 10 желтоқсанында «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғау: келешек және сын-қатерлер» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың және азаматтық қоғамның адам құқықтарын қорғау саласындағы

ынтымақтастығын нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Конференцияда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесі жүргізген зерттеулердің нәтижелері таныстырылды (әйелдердің жазасын өтеуіне жағдай жасау; жабық мекемелерде ұсталған адамдарды медициналық қамтамасыз ету; азаптауға қарсы іс-қимыл; кемсітушілікке қарсы іс-қимыл; ұлттық заңнамаға халықаралық стандарттарды енгізу).

2024 жылы халықаралық ынтымақтастық та жұмыстың маңызды бағыттарының бірі болды. 23 кездесуді өткізу, 10 жұмыс сапарына қатысу және Варшавада қосымша іс-шара ұйымдастыру Қазақстанның адам құқықтары саласындағы жаһандық процестерге белсенді қатысатынын көрсетті. Бұл күш-жігердің барлығы халықаралық байланыстарды нығайтуға және үздік тәжірибелермен алмасуға бағытталған.

Бұл баяндама АҚУ-дың барлық кеңсесінің 2024 жылғы негізгі қорытындыларын, адам құқықтарын қорғау саласындағы негізгі сын-қатерлерді және құқық қорғау жүйесін нығайту бойынша алдағы қадамдарды көрсетеді. Құжат өтініштерге жасалған талдауды, заңнамалық кемшіліктерге қатысты зерттеуді, алдын алу механизмдерінің тиімділігін бағалауды, сондай-ақ құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жұмысының негізіне салынған сабақтастық пен жүйелілік Қазақстанның адам құқықтарын қорғау және дамыту бағытына адалдығын көрсетеді. Жаңа бастамаларды жүзеге асыру және азаматтық қоғаммен тығыз ынтымақтастық орнату елдегі адам құқықтарын қорғаудың бұдан да жоғары стандарттарына жетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мен өзімнің өңірлік өкілдеріме, Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына, Сарапшылар кеңесінің мүшелеріне, Орталық қызметкерлеріне жемісті командалық жұмысы, іске және бізге жүгінген адамдардың мәселелеріне жанашырлықпен қарауы, үйлесімділігі мен кәсібилігі үшін алғыс білдіремін.

Баяндама ҚР Президентінің қарауына ұсынылады және уәкілдің ресми интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.


Баяндаманың құқықтық негізі «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Конституциялық Заңының 8-бабы болып табылады.

**Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
Артур Ластаев**

1. 2024 ЖЫЛЫ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

2024 жылы барлығы **6 748 өтініш** келіп түсті, бұл 2023 жылға қарағанда 16,9%-ға өсті (1-сурет).


Өтініштердің жалпы саны



1-сурет

5 075 өтініш бойынша түсіндірме берілді, **634** құзыретті мемлекеттік органдарға жіберілді, **1 039** бойынша өтініш берушілердің талаптары мен өтініштері қанағаттандырылды (жалпы өтініштер санының **15%**). 2023 жылмен салыстырғанда, оң шешілген шағымдардың пайызы бұрынғы деңгейде қалып отыр (2023 жылы түскен **5 773** өтініштің **902** немесе **15%** қанағаттандырылды) (2-сурет).

2023-2024 жылдардағы өтініштерді қарау нәтижелері




2-сурет

Уәкіл **3 300** өтінішті қарады, бұл өтініштердің жалпы санының **48,9%** құрайды.

Өткен жылдардағыдай, шағымдардың негізгі санаттары өзгеріссіз қалуда (3-сурет).

2021-2024 жылдардағы шағымдардың мәні



3-сурет

Әдеттегідей, сотқа дейінгі тергеу органдарының әрекеттеріне/әрекетсіздігіне ең көп шағым түсті – **1 458**. 2024 жылы олардың өсімі **15%-ға** жетті, бұл негізінен өтініштердің жалпы санының арту статистикасымен (16,9% өсім) үйлеседі.

Екінші топ – сотталғандардың құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдар (**1 181**). Бұл санат мәселелердің кең блогын қамтиды – сапалы медициналық көмектің көрсетілмеуі, қанағаттанарлықсыз ұстау жағдайлары, тәртіптік жаза тағайындауға келіспеушілік, сот актілерін қайта қарауға және шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтініштерді

қанағаттандыруға көмек көрсету. Бұл ретте азаптаулар мен қатыгездікке қатысты шағымдар мұнда ескерілмейді, өйткені олар өтініштердің дербес тобына кірді. Пенитенциарлық мекемелердегі сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз етуде созылмалы проблемалардың болуына байланысты өтініштер саны **өсуін жалғастыруда**: 2023 жылы 4 есе өссе (204-тен 838-ге дейін), 2024 жылы – 1,5 есе артты (838-ден 1181-ге дейін).

Сотталғандардың құқықтарының бұзылуына шағымдардың өсуі соттардың ШТМБ және ЖЖА-дан бас тартуымен және пенитенциарлық мекемелердегі медициналық қызмет көрсетумен байланысты (осы Баяндаманың 2.2-бөлімінде толығырақ). Соттардың ШТМБ және ЖЖА туралы өтініштерді қанағаттандыруды азайтқаны, біздің ойымызша, Түркістан облысындағы резонанстық жағдаймен байланысты (шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның кәмелетке толмаған қызды өлтіруі), ал медициналық қызмет көрсету бөлігінде бұл функцияның ҚАЖК ведомствосынан ҚР ДСМ-не берілуімен түсіндіріледі. Уәкілдің 2023 жылғы баяндамасында Омбудсменнің ШТМБ және ЖЖА туралы өтініштерді **алқабилердің қарауы** және заңнамаға тиісті түзетулер енгізу қажеттілігі туралы берік ұстанымы атап өтілді. Қазіргі уақытта Сот Әкімшілігі алқабилердің қатысуымен сотқа азаматтардың ШТМБ және ЖЖА туралы өтініштерін қарау функцияларын беру бойынша пилоттық жобаны әзірлеу және енгізу мәселесін пысықтауда. Біз бұл мәселені бақылайтын боламыз.

Үшінші топ – сот актілеріне келіспеушілік (**шағымдардың бұл санатының 10%-ға төмендегені байқалады** (2023 жылы 1149-дан 2024 жылы 1036-ға дейін)). Мұндай өтініштер келіп түскен кезде азаматтарға негізінен сотқа шағымдану тәртібі және сот қызметіне араласуға жол берілмейтіні түсіндірілді.

Денсаулық сақтау құқығын бұзу туралы шағымдардың саны **2,5 еседен астам** (47-ден 126-ға дейін) өсті. Шағымдар сапасыз медициналық қызмет көрсетуге, денсаулықтың нашарлауына әкеп соққан медицина қызметкерлерінің немқұрайлылығына, емделуге көмектесуге және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге байланысты болды.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы өтініштер санының артуы (92-ден 230-ға дейін) Қызылорда облысында жыныстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 16 жасар қыздың құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау туралы азаматтардың (131) өтініштерінің едәуір санына байланысты. Оларды алып тастағаннан кейін осы санаттағы шағымдар саны 99-ды құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен сәл ғана асады.

Білім беру мәселелері бойынша өтініштерде **2,5 есе** (38-ден 92-ге дейін) өсім байқалады. Шағымдар буллингке, қамқоршылық органдарының әрекеттерімен келіспеушілікке, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдау үшін квоталарды ұлғайтуға қатысты болды.

Соңғы жылдары өршіген отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі әйелдердің құқықтарының бұзылуы туралы өтініштер санының өсуіне себеп болды. Олардың саны **шамамен 2 есе өсті** (11-ден 20-ға дейін).


Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша шағымдар санының **1,5 еседен астам өскені** (153-тен 250-ге дейін) байқалады. Біздің ойымызша, олардың өсуінің себебі өкілдіктер жұмысының танымалдылығы болуы мүмкін – өтініштердің **70%** өңірлердің үлесіне тиесілі.

Ар-ождан бостандығы құқығының бұзылуы туралы шағымдар саны **1,5 есе** (12-ден 19-ға дейін) өсті. Бұрынғыдай, өтініштердің бір бөлігі оқушы қыздардың хиджабпен сабаққа қатысуына кедергі келтіретін мектеп әкімшіліктерінің әрекеттерімен келіспеушілікке қатысты болды.

30%-ға (165-тен 111-ге дейін) **азаптау мен қатыгездікке қатысты шағымдардың саны азайды**. Бұл еліміздегі азаптау фактілері тіркелуінің азаюы туралы прокуратура органдарының статистикасымен байланысты.

Қолжетімді тұрғын үй құқығының бұзылуы (121) және еңбек құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар **іс жүзінде сол деңгейде қалды** (288-ден 265-ке дейін).

АҚУ және оның өкілдері барлығы **2 906** жеке қабылдау өткізді, оның ішінде Уәкіл **210**, өкілдер **2 696** азаматты қабылдады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен **20,8%-ға артық** (2 405). Азаматтарды қабылдау кезінде негізінен әлеуметтік қамтамасыз ету және сот шешімдерімен келіспеушілік мәселелері көтерілді.



Өтініштердің санаттары бойынша толық ақпарат осы баяндаманың тиісті бөлімдерінде берілген.

2. АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

2.1 Қылмыстық процестегі адам құқықтары



2024 жылғы негізгі деректер

1 458



Тергеу органдарына шағымдар

50%



АҚУ тарапынан қаралды

15,4%




2023 жылмен салыстырғанда өтініштер саны өсті

Шағымдарды қарау қорытындылары



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді



Жазбаша түсініктемелер берілді



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9-бабына сәйкес әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

Пактіде бекітілген бұл іргелі құқық оның жеке адамдар үшін де, жалпы қоғам үшін де ерекше маңыздылығын көрсетеді.

Елде қылмыстық процестегі адам құқықтарын қорғауды күшейту және кінәсіз адамдарды қылмыстық қудалау шеңберіне тартуға жол бермеу бойынша жоспарлы және дәйекті жұмыс жүргізілуде.

Мемлекет басшысы ҚР судьяларының IX съезінде сөйлеген сөзінде қылмыстық сот ісін жүргізу саласында қабылданған шаралар туралы атап өтті.

Осылайша, азаматтардың сот процесіне қатысуын едәуір жеңілдетуге және сот қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар

енгізілді. Сот отырыстары алғаш рет онлайн-форматта көрсетіле бастады.¹

2024 жылдың қараша айында 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап өз жұмысын бастайтын қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш дербес кассациялық сот құруды көздейтін Заңға қол қойылды. Біздің кеңсе «тұтас» кассация идеясын қолдады, сондықтан біз азаматтардың сот төрелігіне

¹ Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезіне қатысты / / Қол жеткізу тәртібі: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-respublikasy-sudyalarynyn-ih-sezine-katysty-49266> (17.12.2024).

қол жеткізуін кеңейтуге және әділ сот талқылауын қамтамасыз етуге бағытталған бұл реформаны толығымен қолдаймыз.

Сот жүйесін демократияландыру және сот төрелігін жүзеге асыруға азаматтық қатысуды кеңейту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша алқабилердің соттары қарауы тиіс істердің санаттары кезең-кезеңімен кеңейтілді. Мәселен, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилердің қатысуымен сот ауыр қылмыстардың кейбір түрлерін де қарайтын болды. Барлығы алқабилер қылмыстық істердің 44 құрамын қарай алады.² Нәтижесінде алқабилердің қатысуымен қаралған істер саны артты. Егер 2023 жылы алқабилердің қатысуымен 136 іс қаралса, 2024 жылы ол екі есе көп (261) болды.

ҚР 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына сәйкес сот ісін жүргізуді одан әрі дамытудың негізгі бағыттары барлық сот сатыларының рөлі мен жұмыс істеу негіздерін үйлестіру, соттың азаматтық сот ісін жүргізудегі белсенді рөлін күшейту, басты сот талқылауында тараптардың нақты жарыспалылығы мен тең құқығын қамтамасыз ету, қылмыстық процесте тергеу судьяларының өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту болады.³

Егер соңғы бес жылда тергеу органдарының әрекеттеріне/әрекетсіздігіне қатысты келіп түскен шағымдардың статистикасын алсақ, онда олардың жыл сайынғы өсуі туралы атап өткен жөн (сурет.4).




4-сурет

Тікелей пропорционалды түрде, яғни «аналогия бойынша» Уәкілдің атына осы санат бойынша шағымдар көбейді (5-сурет).

² «Алқабилер соты: ар-ождан бойынша», ҚР ЖС судьясы Е.Қосмұратовпен сұхбат. «На страже», 03.05.2024 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://sud.gov.kz/rus/massmedia/sud-prisyazhnyh-po-soobrazheniyam-sovesti-msakenova-na-strazhe-03052024-g> (19.12.2024).

³ «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000611> (17.12.2024).



5-сурет

2024 жылы тергеу органдарына қатысты **1 458** шағым түсті. Бұл өтініштердің жалпы санының 21,6% құрайды. Шағымдардың басым бөлігін Уәкіл қарады (735). (6-сурет)



6-сурет

АҚУ өңірлік өкілдерінің арасында ең көп шағымдар Алматы қаласы (158), Түркістан облысы (74) және БҚО (57) бойынша түсті.

Былтырғы баяндамада сияқты, біз өңірлердегі халық санына (100 мың адамға шаққанда) қатынасы бойынша тергеу органдарына қатысты түскен шағымдардың санын есептедік. (1-кесте)

1-кесте

№	Аймақ	Тұрғындар	Шағымдар	100 мың адамға
1.	Солтүстік Қазақстан облысы	523 989	46	8,8
2.	Батыс Қазақстан облысы	695 301	57	8,2

3.	Алматы	2 275 541	158	6,9
4.	Жетісу облысы	696 112	47	6,8
5.	Шығыс Қазақстан облысы	724 823	31	4,3
6.	Павлодар облысы	753 482	28	3,7
7.	Жамбыл облысы	1 222 973	43	3,5
8.	Түркістан облысы	2 153 616	74	3,4
9.	Атырау облысы	709 402	19	2,7
10.	Маңғыстау облысы	800 526	21	2,6
11.	Қарағанды облысы	1 134 257	30	2,6
12.	Алматы облысы	1 551 350	39	2,5
13.	Астана	1 502 102	37	2,5
14.	Ақтөбе облысы	947 651	23	2,4
15.	Шымкент	1 246 661	29	2,3
16.	Қызылорда облысы	845 391	15	1,8
17.	Абай облысы	604 520	10	1,7
18.	Ұлытау облысы	221 558	3	1,4
19.	Ақмола облысы	788 396	9	1,1
20.	Қостанай облысы	826 602	4	0,5

Осы есеп бойынша **бірінші** орында СҚО (8,8), **екіншіде** БҚО (8,2), **үшіншіде** Алматы қаласы (6,9) болды. Демек, Түркістан облысы екінші орыннан 8-ші орынға түссе, Алматы қаласы 1-ші орыннан үшінші орынға ауысты, ал СҚО екінші жыл қатарынан үздік үштікте қалып отыр (2023 жылы 2-орын). (7-сурет)

Осы өңірлердің қадағалау органдары осы фактіге назар аударуы тиіс.




7-сурет

Бізге түскен осы санаттағы барлық өтініштер қылмыстық қудалауға тартылған тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін уәкілетті органдарға сауалдар жібере отырып, мұқият қаралды.

Нәтижесінде **101 өтініш** бойынша бұзылған құқықтар қалпына келтірілді. (8-сурет)

Тергеу органдарына шағымдарды қарау нәтижелері



8-сурет

Бұл санаттағы өтініштердің мазмұнына қатысты **қылмыстық-процестік заңнама нормаларының бұзылуына** (істің негізсіз тоқтатылуы, мерзімдердің бұзылуы, басқа процестік шешімдермен келіспеушілік), ұстауға, таңдалған бұлтартпау шарасына және тағылған айыпқа келіспеушілікке қатысты шағымдардың сақталып келе жатқан үрдісін атап өтуге болады. (9-сурет)

Сотқа дейінгі тергеу кезінде сот төрелігіне қол жеткізу құқығының бұзылуы бойынша шағымдардың мәні



9-сурет

Қорғалу құқығы құқықтық процестің ажырамас бөлігі болып табылады, ол әрбір айыпталушыға өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл құқық әділ және бейтарап сот ісін жүргізуге кепілдік беруде шешуші рөл атқарады.

Есепті кезеңде қоғамдық қорғаушыларды тағайындау мәселесі бойынша 8 өтініш келіп түсті.

Абай облысы бойынша өкілге азамат Ш. өзінің ҚР ҚК 429-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған ағасын қорғаушы ретінде танудан тергеу органының бас тартуына шағымданып жүгінді. Осылайша ҚР ҚПК 66-бабы 2-тармағының нормасы бұзылды.

Өкілдің өтінішінің нәтижесінде және жүргізілген қызметтік тексеріс бойынша Семей қаласының Әуезов полиция басқармасының тергеу бөлімі бастығының орынбасары мен тергеуші Т. тәртіптік жазаға тартылды.

2024 жылы біз мүгедектігі бар адамдарға қатысты процестік заңнаманың бұзылуының (13) жағдайын байқадық.

БҚО-да ұстау және жеткізу кезінде есту қабілеті нашар мүгедек Б.А.-ға білікті заң көмегін алу құқығы және түрлі себептер бойынша қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу туралы конституциялық нормаларға қайшы келетін заң көмегі және сурдоаудармашы берілмеді (13-баптың 3-тармағы, 14-баптың 2-тармағы).

БҚО бойынша өкілдің бастамасымен жүргізілген қызметтік тексеру нәтижесінде Шыңғырлау ауданының учаскелік полиция инспекторы Т. «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Тағы бір жағдай Алматы қаласында орын алды.

Алматы қаласы бойынша өкіл азамат Е.М.-ның атынан азамат К.Ж.-ның заңсыз әкімшілік жауапкершілікке тартылуына байланысты полиция қызметкерлеріне қатысты шағымын қарастырды.

Шағымға сәйкес, Алматы қаласы ПД полиция қызметкерлері лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, көрмейтін азамат К.Ж.-ға бірнеше рет әкімшілік хаттамалар рәсімдеген (оларды рәсімдеу кезінде ол қатыспаған, хаттамалармен және іс материалдарымен таныспаған).

Омбудсменнің Алматы қаласы бойынша өкілі полиция қызметкерлерінің іс материалдарын бұрмалауынан көрінген қызметтік жалғандық фактісі бойынша тексеру жүргізу туралы Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке өтінішхат жолдады. Қызметтік тергеу қорытындысы бойынша полиция қызметкерлеріне қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 416-бабы 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша К.Ж.-ны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 14 қаулының күші жойылды.

Сотқа дейінгі тергеу барысында құқық бұзушылық туралы өтініштердің айтарлықтай бөлігі бюрократияға және процестік мерзімдердің бұзылуына байланысты (627). Негізсіз түрде мерзімдерді тоқтату немесе тергеуді тоқтату бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге және кінәлілерді жауапкершілікке тартуға қауіп төндіреді.

Бірқатар жағдайларда (4) құқық қорғау мекемесі тоқтатылған өндірісті қайта жаңғыртуға жәрдем көрсете алды.

Уәкілдің Түркістан облысы бойынша өкіліне көпбалалы ана азаматша И.Д. күйеуінің заңсыз әрекеттері туралы шағымданып, оның күйеуі оны күштеп Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығына» жатқызғанын айтты. Азаматша И.Д. заңсыз бас бостандығынан айыру фактісі бойынша қылмыстық істің сотқа дейінгі тергеуінің негізсіз тоқтатылуына келіспеушілігін білдірді.

Уәкілдің Түркістан облысы бойынша өкілінің прокуратураға жүгінуінің нәтижесінде тергеушінің қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысының күші жойылып, тергеу барысы бақылауға алынды.

Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іс жүргізу нормаларын бұзу туралы өтініштер (340) келіп түсті.

Алматы қаласы бойынша өкілдікке тергеушінің тергеу судьясының санкциясынсыз құжаттарды алу туралы қаулы шығару бөлігінде қылмыстық-процестік заңнаманы бұзуы туралы А.Р.-ның өтініші келіп түсті. Алматы қаласының прокуратурасы жүргізген тексеру және сұрау жолдау нәтижесінде өтініш берушінің дәлелдері расталды. Алматы қаласы бойынша ЭТД жедел жиналысында тергеуші А.-ға бұдан былай мұндай фактілерге жол бермеу туралы ескерту жасалды, бұрын салынған «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазамен шектелу туралы шешім қабылданды.

Қылмыстық істерді қозғауға келіспеу туралы 423 шағымды қарау барысында 2 жағдайда сотқа дейінгі іс жүргізуді тоқтатуға жәрдемдесу мүмкін болды.

Түркістан облысы бойынша өкілге 1 топ МБА Германия азаматы А.Л. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қызметкерлерінің заңсыз ұстауына шағымданып жүгінді.

Ұстау барысында А.Л.-дан емдік мақсатта қолданылатын «Трамадол» психотроптық препараты табылды, оның емдік мақсатта қолданылғанын растайтын құжаттар (рецепт) ұсынылды. А.Л.-ның дәлелдеріне қарамастан, ҚР ҰҚК Түркістан облысы бойынша Шекара қызметі департаменті ҚР ҚК 286-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады және істі Сарыағаш ауданының Полиция бөліміне жіберді.

Уәкілдің өкілі Түркістан облысы бойынша Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінен аталған препаратты жеке қолдану үшін пайдаланудың заңдылығын растаған жауабын жедел алу жөнінде шаралар қабылдады.

Сотқа дейінгі терген-тексеру органы өтінішті қарау нәтижесінде қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарды.

Маңғыстау облысы бойынша өкілге адвокат тергеудегі Б.Д.-ның мүддесі үшін өтініш берушінің пәтерінде заңсыз тінту жүргізуге келіспеушілік туралы шағым түсірді, оған қатысты кейіннен ҚК 296-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Маңғыстау облысының прокуратурасы Өкілдің сұрауын қарау қорытындылары бойынша полиция қызметкерлерінің пәтерге кіруі тергеу әрекеті бейнекамераға жазылғанға дейін жүзеге асырылғанын хабарлады. ҚПК 112-бабының 4-бөлігіне сәйкес, қылмыстық-процестік заң нормаларын бұза отырып алынған нақты деректер дәлелдеме ретінде жарамсыз деп танылады және айыптаудың негізіне жатқызылмайды.

Осыған байланысты облыс прокуратурасы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдады.

Маңғыстау облысы ПД қызметкерлеріне «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылданды.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 9-бабына сәйкес сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату - сотқа келу, сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкім орындалу кезіне келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады.

Мемлекет қылмыстық сот төрелігі саласында қамауға алуды қолдану бөлігінде құқық қолдану тәжірибесін халықаралық стандарттарға жақындату үшін дәйекті шаралар қолдануда. Сонымен бірге, қабылданған шараларға қарамастан, тергеу судьяларының қамауға алу туралы өтініштерді қанағаттандыруының сақталып келе жатқан жоғары көрсеткіші алаңдаушылық тудырады. 2024 жылы соттар мұндай өтініштердің 75% қанағаттандырды.⁴

Тергеудегі адамдардың тергеу изоляторларында болуына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде бұлтартпау шарасын өзгертуге жәрдемдесу

Атырау облысы бойынша өкілдікке тергеудегі З.Н.-ға медициналық көмек көрсеткен № 4 емхананың дәрігері жүгінді.

Өтініште ол құздамалық артритпен ауыратын тергеудегі адамның бұлтартпау шарасын өзгертуге көмектесуді сұрады. З.Н. денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты облыстық балалар ауруханасына жатқызылды, бірақ стационарлық ем тек уақытша әсер етті – тергеу изоляторына келгеннен кейін оның жағдайы нашарлап, соның салдарынан ол өз бетінше қозғала алмады.

Өкілдің Атырау облысының прокуратурасы мен Полиция департаментіне жүгінуінен кейін тергеу сотының қаулысымен З.Н.-ның бұлтартпау шарасы «үйқамаққа» өзгертілді.

⁴ Қазақстанда күдіктілерді тұтқындаудың орнына электронды білезік тағу көбейді // Қол жеткізу тәртібі: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-vmesto-aresta-podozrevaemyih-stali-chasche-554966/ amp/ (17.12.2024).

туралы өтініштер (131) бойынша құқық қорғау мекемесі прокуратураға тиісті сұраулар жолдады.

Осы тұрғыда уақытша ұстау изоляторлары мен ТИЗО-дағы адамдарды ұстаудың қанағаттанарлықсыз жағдайларын да атап өту керек.

Жетісу облысы бойынша өкіл Алакөл ауданының Полиция бөлімінің Уақытша ұстау изоляторына мониторингтік сапар барысында санитарлық нормалардың бұзылуы, ұсталған адамдардың ұйықтайтын орындарымен қамтамасыз етілмеуі фактілерін анықтады (камераларда тергеудегілер бетон едендегі матрастарға жатқызылған). Өкілдің ұсынысынан кейін аталған УҰИ-дегі бұзушылықтар жойылды, УҰИ басшысы «сөгіс» түрінде тәртіптік жазаға тартылды.

2024 жылы экстрадиция мәселесін қарастыру кезінде азаматтардың құқықтарының бұзылуына байланысты өтініштер (2) келіп түсті.

Уәкілдің атына Тәжікстан аумағында бұрын тұрған және этникалық қақтығыстарға байланысты елден кетуге мәжбүр болған қырғыз ұлтының өкілі М.Х. жүгінді. М.Х. кәмелетке толмаған баласымен Қырғызстанға қоныс аударып, босқын мәртебесін, содан кейін осы елдің азаматтығын алды. Алайда, Қазақстан аумағына кірген кезде М.Х. Тәжікстанның сұрауы бойынша ұсталды, оған шекараны заңсыз кесіп өту айыбы тағылды.

Негізгі халықаралық актілерде бекітілген «қайтармау» (non-refoulement) қағидасы мемлекетке нәсілі, саяси сенімі, діни сенімі және т.б. белгілері бойынша әділетсіз қуғындау қаупін төндіретін елге немесе азаптау және басқа да рұқсат етілмеген қарым-қатынас және жазалау әдістерін қолданудың ықтимал қаупі болған жағдайда адамды елге күштеп қайтарудан бас тартуды талап етеді.

Осыған байланысты Омбудсмен кеңсесінен ҚР Бас прокуратурасына экстрадициялық қамауға санкция беру кезінде халықаралық құқық нормаларының бұзылуы туралы өтініш жолданды, онда М.Х. қайтарылған жағдайда ұлттық белгілері бойынша қудалануы мүмкін екендігі атап өтілді.

Өтінішті қарау қорытындылары бойынша Тәжікстан Республикасы Бас прокуратурасының Қырғыз Республикасының азаматы М.Х.-ны беру туралы өтініші қанағаттандырылмады, ол экстрадициялық қамаудан босатылды.

2024 жылы құқық қорғау мекемесіне түскен өтініштерді талдау интернет-ресурстарды пайдалана отырып жасалған алаяқтыққа байланысты қылмыстар санының өсу үрдісін көрсетеді. Биыл мұндай 200-ден астам шағым түсті (2023 жылы осы санаттағы шағымның саны 20-дан кем болған).

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2020 жылдан бастап ҚР ҚК 190-бабы (алаяқтық) бойынша тіркелген құқық бұзушылықтардың серпінді өсуі байқалады. Алаяқтықтың тіркелген жағдайларының саны 2024 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 44,4%-ға өсті (2020 жылы 27 мың болса, 2024 жылы 39 мыңға жетті).⁵

⁵ Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы // Қол жеткізу тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/criminal> (19.01.24).

Келіп түскен шағымдарда азаматтар тергеу органдарының әрекетсіздігіне, сотқа дейінгі тергеудің тоқтатылуына, сондай-ақ жалған жолмен рәсімделген несиелер бойынша банктердің төлем талаптарына наразылықтарын білдіреді.

А.О. өзіне белгісіз адамдардың заңсыз несие рәсімдеу фактісі бойынша істі тергеуде құқық қорғау органдарының әрекетсіздігіне наразылық білдірді.

Прокуратураға және Қызылорда облысының ПД-на сұраулар жолдау нәтижесінде қылмыстық істі тоқтату туралы шешімнің күші жойылды, іс қосымша тергеуге жіберілді.

Бұл тұрғыда банктер мен қаржы ұйымдарының іс-әрекеттері алаңдаушылық туғызады, олар тиісті тексерусіз жеке тұлғаларға кредиттерді мақұлдайды (бір тұлғаға бірнеше банкте кредиттерді бір мезгілде ресімдеу жағдайлары байқалды, бұл ретте банктер клиенттің кредиттік тарихы мен төлем қабілеттілігін әрдайым есепке ала бермейді).

Тергеу органдары жәбірленуші деп танылған азаматтардың өтініштері бойынша қылмыстық істер қозғайды, дегенмен банктер жәбірленушілерден кредиттерді өтеу жөніндегі міндеттемелерді алып тастамайды.

Осыған байланысты ҚР Жоғарғы Сотына «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР ЖС 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысына толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жіберілді. Алаяқтық жеке тұлғаның дербес деректерін, оның банк және басқа да мәліметтерін (мысалы, банк картасының қауіпсіздік коды, банктік бейне тексеруден өту және т.б.) пайдалану арқылы жасалған істер бойынша, егер көрсетілген деректер алдау немесе сенімді теріс пайдалану нәтижесінде кінәліге жеке тұлғаның өзі немесе оның қатысуынсыз берілген жағдайда, жәбірленушілер ретінде банктерді, сауда және басқа да ұйымдарды тану ұсынылды.

ҚР Жоғарғы Соты бұл мәселені қарауды 2025 жылға кейінге қалдырды. Біз оны бақылауды жалғастырамыз.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, құқық бұзушылықтың алдын алу институтын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, ҚР Ішкі істер министрлігі 2024 жылы «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірледі, оның шеңберінде азаматтарды құқық бұзушылықтардың алдын алуға полиция органдарына деректерді тіркеу және беру арқылы белсенді тарту тетіктері пысықталуда. Біз заң жобасына құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі өңірлік ведомствоаралық комиссиялардың және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың құрамына Уәкілдің өкілдерін қосуды көздейтін ұсыныстар жібердік.

АҚУ-дың 2023 жылдың қорытындысы бойынша баяндамасында кінәсіздік презумпциясының деңгейін арттыру және жәбірленушілердің құқықтарын сақтау үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне Қазақстан журналистер одағының қатысуымен журналистердің Редакциялық кодексін әзірлеу идеясын қарастыру ұсынылды.

2024 жылғы маусымда «Масс-медиа туралы» заң аясында этикалық стандарттар мен журналистік кодексті әзірлеумен айналысатын қоғамдық-кәсіби кеңестер құрылды. Кеңестер медиа қауымдастықтың өзін-өзі реттеуін құру және жақсарту үшін жұмыс істейтін болады.

Осындай әдеп кодексін қабылдау сотқа дейінгі іс жүргізулер мен сот талқылауларын жариялау кезінде барлық журналистер үшін бағдар болады. Мұндай құжат адам құқықтарын құрметтеу және кінәсіздік презумпциясын сақтау бойынша нақты нұсқаулар мен этикалық нормаларды қамтуы мүмкін. Бұл шаралар журналистикаға жауапты көзқарасты қалыптастыруға, БАҚ өкілдері арасында құқықтық сауаттылықты нығайтуға және қоғамның баспасөзге деген сенімін арттыруға жәрдемдеседі.

Мұның бәрі басқа адамдардың, соның ішінде қылмыстық процеске қатысушылардың халықаралық стандарттармен қорғалатын құқықтарын бұзбай, сөз бостандығына ықпал ететін болады.

Жалпы, біздің баспасөзге жүргізген мониторингіміз 2024 жылы БАҚ-тың кінәсіздік презумпциясын өрескел бұзу жағдайларын анықтаған жоқ, бұл 2023 жылы осы бағытта жүргізілген алдын алу жұмыстарының тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, біз ресми қоғамдық кеңістікте кінәсіздік презумпциясы қағидатының сақталуын бақылауды жалғастырамыз.

Осылайша, 2024 жылы қылмыстық іс жүргізу саласында адамның азаматтық және саяси құқықтарын қорғау жұмыстары жалғасты. Сот жүйесін демократияландыруға, процеске қатысушылардың құқықтарын қорғауға және сот төрелігінің ашықтығын арттыруға бағытталған жаңа шаралар енгізілді. Тергеу іс-әрекеттері барысында бұзушылықтардың алдын алуға, тергеудегі және сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ осал топтарды, соның ішінде МБА-ны қорғауға ерекше назар аударылды. Цифрлық технологияларды енгізу және алқабилердің қатысуын кеңейту қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етті.

Дегенмен, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында бюрократия және процестік нормалардың бұзылуын қоса алғанда, бірқатар проблемалар әлі де бар. Тергеу органдарының әрекеттеріне қатысты шағымдар санының артуы құқық қолдану тәжірибесін одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ, интернет-ресурстарды пайдалану арқылы алаяқтықтың өсуін атап өткен жөн, бұл банктер мен құқық қорғау органдары тарапынан бақылауды күшейтуді талап етеді.

Белгілі бір айқын жетістіктерге қарамастан, атап айтқанда «тұтас» кассацияның енгізілуі және алқабилер сотының соттылығының кеңеюіне қарамастан, қылмыстық процестің әділдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін заңнамалық және құқық қолдану базасын одан әрі дамыту талап етіледі.

Бұл мәселе бойынша да біздің бақылауымыз бен талдау жұмыстарымыз әрі қарай жалғасады.

2.2 Сотталған адамдардың құқықтары



"Ешкім елдің түрмелерінде болмайынша, оны шынайы білмейді дейді. Елге ең ықпалды азаматтарына қарым-қатынасы бойынша емес, тек ең төменгі азаматтарына қарым-қатынасы бойынша баға беру керек"

Нельсон Роллахла Мандела

2024 жылғы негізгі деректер

1 181



Сотталғандардың құқықтарын бұзу туралы шағым

146




АҚУ өкілдерінің ҚАЖ мекемелеріне баруы

94



ҰАТ қатысушыларының ҚАЖ мекемелеріне баруы

Шағымдарды қарау қорытындылары



Сотталғандардың құқықтары қанағаттандырылды және қалпына келтірілді



Жазбаша түсініктемелер берілді



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

Біздің бастамаларымыз



Жазаны өтеуге арналған көп бейінді мекемелер салу мәселесін пысықтау



Электрондық сауда алаңдарын енгізу мәселесін пысықтау

Сотталған адамдардың құқықтарын сақтау және қорғау Уәкілдің тұрақты назарында.

Қазіргі уақытта пенитенциарлық жүйе мекемелерінде 38 мыңнан астам адам қамалған (38 173, оның ішінде ТМ-де 30 912, ТИЗО-да 7 261 адам).

2023 жылы Уәкілдің аймақтық өкілдері желісінің кеңеюі азаптаулардың алдын алуға және жабық мекемелердегі адамдардың құқықтарын қорғауға бағытталған мониторингтік қызметті күшейтуде маңызды рөл атқарды.

2024 жылы өкілдер 791 мониторингтік сапар жасады, оның ішінде 146 пенитенциарлық жүйе мекемесі болды.


Есепті кезеңде барлығы 1076 ұсыным беріліп, оның 856 немесе 79% орындалды.

Уәкілдің үйлестіруші рөлімен ҰАТ қатысушылары мандатты мекемелер мен ұйымдарға, оның ішінде 94 қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне 489 рет барды. Уәкілетті органдарға 3254 ұсыныс жолданды, оның 25 пайызы орындалды.

Сотталған адамдардың құқықтарын бұзу туралы шағымдар дәстүрлі түрде өтініштердің жетекші санаттарының қатарына жатады. 2024 жылы Уәкіл мен өкілдердің атына осындай 1 181 өтініш келіп түсті.

Осы санаттағы шағымдардың негізгі үлесін Уәкілдің өкілдері қарады (838), ал АҚУ 343 өтінішті өз қарауына алды. (10-сурет)

**Аймақтық бөліністе сотталғандар құқықтарының бұзылуы
туралы шағымдар**



10-сурет

Біз өңірлердегі сотталған адамдардың санына қатысты сотталғандар құқықтарының бұзылуы туралы түскен шағымдардың санын (1 мың адамға шаққанда) есептедік (2-кесте).

2-кесте


№	Аймақ	Сотталғандар саны	Шағымдар саны	1 мың адамға
1.	Жетісу облысы	348	36	103,4
2.	Маңғыстау облысы	392	35	89,3
3.	Түркістан облысы	728	48	65,9
4.	Ұлытау облысы	301	12	39,9
5.	Қызылорда облысы	1 348	47	34,9
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1 749	61	34,8
7.	Алматы	2 188	71	32,4
8.	Атырау облысы	1 231	35	28,4
9.	Ақмола облысы	2 825	76	27,0
10.	Астана	1 589	42	26,4
11.	Ақтөбе облысы	1 416	35	24,7
12.	Батыс Қазақстан облысы	1 393	34	24,4
13.	Қостанай облысы	2 021	47	23,3
14.	Жамбыл облысы	2 858	59	20,6
15.	Абай облысы	2 050	34	16,6
16.	Павлодар облысы	2 523	36	14,3
17.	Шығыс Қазақстан облысы	3 096	35	11,3
18.	Қарағанды облысы	4 836	47	9,7
19.	Шымкент	2 702	24	8,9
20.	Алматы облысы	4 107	24	5,8

Егер өңірлерде сотталған адамдар санына арақатынасы бойынша келіп түскен шағымдардың санын ескеретін болсақ (1 мың соттаған адамға), **бірінші**

орында Жетісу облысы (103,4), екінші орында Маңғыстау облысы (89,3), үшінші орында Түркістан облысы (65,9) болды. (11-сурет)

Аталған өңірлердің мамандандырылған прокуратуралары осы фактіге ерекше назар аударуы тиіс.


Сотталғандар құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар
(1 мың сотталғанға)



11-сурет

897 өтініш бойынша жазбаша және ауызша түсініктемелер берілді, 191 өтініш бойынша құқықтар ішінара немесе толық қалпына келтірілді, 93 өтініш құзыреті бойынша жіберілді (12-сурет).

Сотталғандар құқықтарының бұзылуы бойынша өтініштерді
қарау нәтижелері



12-сурет

Мандатты мекемелер мен ұйымдардағы ұстау жағдайларына мониторинг жүргізу мақсатында Уәкіл еліміздің 7 өңіріне сапар шегіп, 10 мекемеге барып қайтты.

Сәуір айында Уәкіл Павлодар облысының ҚАЖД № 45 мекемесіне барды. Колонияның негізгі үй-жайлары, асханасы, медициналық пункті, жұмыс шеберханалары мен тұрғын бөлмелері қаралды. Ұстау жағдайларына,

құжаттандыруға және жұмысқа орналастыруға қанағаттану мәселелері бойынша 4 сотталғанға жеке қабылдау жүргізілді.



Маусым айында уәкіл **Алматы облысына** барып, онда Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп №10 (әйелдерге арналған орташа қауіпсіздік санатындағы) мекемеге, **Қостанай облысына** Арқалық қаласындағы № 41 (толық қауіпсіздік санатындағы) мекемеге, Жітіқара кентіндегі № 39 (төтенше қауіпсіздік санатындағы) мекемеге, **СҚО-ға** Айыртау ауданы Саумалкөл ауылындағы № 51 (төтенше қауіпсіздік санатындағы) мекемеге барды.

№ 10 мекемеде балалары бар әйелдерді ұстау жағдайларымен танысты, 4 сотталған әйелмен жеке қабылдау өткізілді. Сапар қорытындылары бойынша ҚР ПМ-не сотталғандармен қарым-қатынасқа қатысты БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, сотталғандардың электрондық денсаулық паспортын жүргізу және күрделі жөндеу жүргізуге қаражат іздестіру бойынша шаралар қабылдау туралы ұсынымдар (4) жіберілді.

№ 39 және № 41 мекемелеріне сапар барысында 5 сотталғанды жеке қабылдап, ҚР ПМ-не санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту, сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының санын көбейту бойынша қосымша шаралар қабылдау туралы ұсынымдар (14) жолданды.

№ 51 мекемесінде медициналық қызмет көрсету, кездесулер беру, сондай-ақ босатылатын сотталғандарды еңбек және тұрмыстық орналастыру мүмкіндігі мәселелері бойынша 8 сотталғанмен жеке қабылдау жүргізілді. Мекемені тұрақты сумен қамтамасыз ету, сотталғандарды заттай мүлікпен және төсек-орын жабдықтарымен қамтамасыз ету, сотталғандардың электрондық денсаулық паспортын жүргізу, жеке бизнес субъектілерін тарта отырып, сотталғандарды жұмысқа орналастыру бойынша қосымша шаралар қабылдау, жедел және ерікті қызметкерлердің бос лауазымдарын толтыру бойынша шаралар қабылдау туралы 5 ұсыным берілді.

Шілде айында Уәкіл **ШҚО-ға** барып, онда **№ 22** (орташа қауіпсіздік санатындағы) және **№18** (ең жоғары қауіпсіздік санатындағы) **мекемеге** барды. Сапар барысында жұмысқа орналастыру, ШТМБ және ЖЖА құқығын іске асыру мәселелері бойынша 18 сотталғанды жеке қабылдады.

Кездесу барысында Уәкіл адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде алқабилерді ШТМБ және ЖЖА туралы өтініштерді қарауға тартуға бағытталған пилоттық жобаны енгізу мәселесі қаралатынын атап өтті.





6 желтоқсанда Уәкіл Ресей Омбудсмені Т. Москальковамен бірге ҚР ІІМ ҚАЖ № 3 және № 64 мекемелеріне барды. Екі елдің омбудсмендері мекемелердің фронт-офисін, амбулаториясын және басқа да бөлмелерін қарап шығып, сотталғандарды ұстау жағдайлары мен құқықтарына назар аударды. Олар сондай-ақ Қазақстанда жазасын өтеп жатқан РФ-ның 4 азаматын қабылдады.

Желтоқсан айында Уәкіл Астана қаласының **№ 2 мекемесіне** (ең жоғары қауіпсіздік санатындағы) барды. Оның барысында 20 сотталушы қабылданды. Мекемеге бару қорытындысы бойынша әзірленген (5) тұрғын үй блоктарын салу, мекемені газдандыру, медициналық бөлімге жөндеу жұмыстарын жүргізу және мұқтаж қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы ұсынымдар облыс әкімдігімен және прокуратурасымен бірлесіп пысықтау үшін ҚАЖК ведомствоаралық кеңесінің хаттамасына енгізілді.



Осылайша, 2024 жылы Уәкіл Ластаев 2023 жылы басталған «бірегейге», яғни бүкіл елдегі жалғыз мекемелерге бару жоспарын аяқтады: төтенше қауіпсіздік – өмір бойына бас бостандығынан айырылған тұтқындар үшін (№39 Жетіқара қ.); толық қауіпсіздік – режимді ерекше қаскөй бұзушылар үшін, «түрме» деп аталатын (№41 Арқалық қ.), балаларымен жазасын өтеп жатқан әйелдерге (№10 Жауғашты қ.); кәмелетке толмағандар үшін (№11 Алматы қ.); құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері үшін (№22 Өскемен қ.).

Есептік кезеңде сотталғандар өтініштерінде медициналық көмек көрсетілмеуіне, қанағаттанарлықсыз коммуналдық-тұрмыстық жағдайларға, мекеме қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне, ШТМБ немесе ЖЖА туралы өтініштерді қанағаттандырудан бас тартуға келіспеушіліктерін білдірді. (13-сурет)

Сотталғандардың құқықтары бойынша өтініштердің мәні



Тиісті медициналық қызмет көрсетілмеуі туралы өтініштерде (330) ауруханаға жатқызудан бас тарту, тар ауқымды мамандардың қабылдауына кіру мүмкіндігінің болмауы, медициналық ұйымдарға шығаруды ұзақ күту, дәрілік заттармен қамтамасыз етілмеу мәселелері көтерілді.

БҰҰ-ның Қамаудағы адамдарға қатысты минималды стандартты ережелеріне (Нельсон Мандела ережелері) сәйкес сотталғандарға медициналық-санитариялық қызмет көрсету мемлекеттің міндеті болып табылады. Қамаудағы адамдар қоғамда қолданылатын медициналық-санитариялық қызмет көрсетудің сол стандарттарымен қамтамасыз етілуі тиіс және оларға өздерінің құқықтық мәртебесіне қарамастан кез келген кемсітушіліксіз қажетті медициналық-санитариялық қызметтерге тегін қол жеткізілуі тиіс.

2021 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне берілді. 2022 жылғы шілдеден бастап ТИЗО (16), ал 2023 жылғы қаңтардан бастап ҚАЖ-ның барлық мекемелерін (63) қамтамасыз ету берілді.

ҚР ДСМ ақпараты бойынша, қабылданған ұйымдастыру шараларының нәтижесінде медициналық көмек алған қамаудағылар саны **2 есе** (2022 жылы 38,4 мыңнан 2023 жылы 71,3 мыңға дейін), оның ішінде **стационарлық** түрде емделгендер **5 есе** (2022 жылы 217-ден 2023 жылы 964-ке дейін) өсті.

Сотталғандардың медициналық қызметтерін қаржыландыру **бір жарым мың есе артты** (466,2 мың теңгеден 765 млн. теңгеге дейін).

Сонымен қатар, ҚР БП ақпараты бойынша 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында сотталғандар арасындағы өлім-жітім 30%-ға (59-дан 77-ге дейін) өсті, **олардың сырқаттанушылығы** да (17 913-тен 18 356 адамға дейін) артты.

Пенитенциарлық мекемелерге барған сайын біз медициналық қызмет көрсетудің уақтылығын, емдеуге жатқызу туралы емдік тағайындаулар мен нұсқамаларды орындауды, дәрігерлердің жасақталуын, дәрі-дәрмектермен және медициналық техникамен қамтамасыз етілуін зерделейміз. Бұл мәселелер пенитенциарлық мекемелер үшін өзекті болып табылады, Омбудсмен институты уәкілетті мемлекеттік органдармен (ҚР БП, ҚР ІІМ, ҚР ДСМ және т.б.) бірлесіп оларды шешу бойынша күнделікті жұмыс жүргізуде.

Өз өкілеттігі шегінде Омбудсмен және оның өкілдері сотталғандардың тиісті медициналық көмек алуына жәрдем көрсетеді.

Ақтөбе облысы бойынша өкілге сотталған Г. № 8 мекемеде медициналық көмек көрсетілмегені туралы шағыммен жүгінді.

Өтінішті қарау нәтижесінде сотталған адам инфекционистпен кеңесіп, вирусқа қарсы терапия тағайындау үшін Гепатологиялық орталыққа тексеруге жіберілді. Кейіннен өтініш берушінің вирусқа қарсы терапияның 3 айлық курсынан өткені туралы хабарланды.

Сотталғандарға сапалы медициналық көмек көрсету проблемалары, оның ішінде медициналық мекемелердің жүктемесіне байланысты туындайды.

№55 мекемеге бару нәтижелері бойынша Түркістан облысы бойынша өкіл Денсаулық сақтау басқармасына сотталғандарға медициналық қызмет көрсететін мекемені ауыстыру туралы ұсыныс жолдады. Бұл мәселе Төлеби аудандық ауруханасына жүктеменің артуына байланысты сапалы медициналық көмек көрсетпеу туралы шағымдар санының артуына байланысты болды.

Ұсынымға жауап ретінде Денсаулық сақтау басқармасы сотталғандарға медициналық қызмет көрсететін мекеменің Төлеби аудандық ауруханасынан Ленгер қалалық емханасына ауысқаны туралы хабарлады.

Азаматтардың ауыр ауруына байланысты мерзімінен бұрын босатуға жәрдемдесу туралы өтініштері келіп түсті (4).

Сот төрелігін жүзеге асыру процесіне араласпай, өтініш берушілердің өтініштерін қанағаттандыруға негіздер болған жағдайларда біз прокуратура және ішкі істер органдарына тиісті сұраулар жібереміз.

Түркістан облысы бойынша өкілге А.А. есімді азамат ауыр ауруына (цирроз) байланысты сотталған ағасын мерзімінен бұрын босатуға көмек көрсету өтінішімен жүгінді. А.А. хабарлағандай, оның ағасы бір ай бойы реанимацияда болған. Аурудың ауырлығына және денсаулық жағдайының нашарлауына қарамастан, түзеу мекемесі ҚК 75-бабы тәртібімен босату туралы материалдарды сотқа жіберу бойынша шаралар қабылдамады.

Омбудсмен өкілінің өтінішінен кейін Түркістан облысы ҚАЖД тиісті материалдарды дайындап, сотқа жіберді. Сот қаулысымен сотталған А.Д. жазасын өтеуден босатылды.

Бас прокуратураның мәліметі бойынша, соңғы 5 жыл ішінде республика бойынша сотпен ШТМБ және ЖЖА мәселелері бойынша қанағаттандырылған өтініштер санының төмендеуі байқалады (2019 жылы 64%-дан 2024 жылы 37%-ға дейін), бұл сотталғандар тарапынан наразылық тудырып, түзелуге деген ынтаны жояды. (14-сурет)



14-сурет

Біздің ойымызша, қазіргі жағдайдан шығудың жолы Президенттің адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарының 18-тармағында бекітілген азаматтардың ШТМБ және ЖЖА туралы өтініштерін қарау функцияларын алқабилердің қатысуымен сотқа беру жөніндегі пилоттық жобаны әзірлеуді және енгізуді көздейтін тапсырмасын тез арада орындау арқылы көрінеді. Біз Бас прокуратураға тиісті хат жібердік. Қазіргі уақытта мәселе пысықталуда.

2024 жылы мандатты мекемелерге мониторингтік бару тергеудегі және сотталғандардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың болмауы проблемасын анықтады.

Жамбыл облысы бойынша өкілдің тергеу изоляторларына сапары барысында МӘСМ жоқ 20 адам анықталды. Өкілдің көмегінің арқасында олар МӘМС төлемдерімен және медициналық қызметке қолжетімділікпен қамтамасыз етілді.

МӘМС төлемдерінің болмау фактілері Түркістан облысында да тіркелді. Түркістан облысы бойынша өкіл №55 мекемесіне сапары барысында жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамдылық мерзімі өтуіне/болмауына байланысты 134 сотталған адамға МӘМС жарналары аударылмағаны, сонымен қатар осы себеппен жұмыс істейтін кейбір сотталғандарға зейнетақы жарналары аударылмағаны анықталды.

Қызметтік тергеу нәтижелері бойынша барлық сотталғандарға тиісті құжаттар ресімделді, зейнетақылар мен мемлекеттің МӘМС-ге жарналарының төленуі қамтамасыз етілді. Аталған бұзушылықтарға жол берген мекеменің 4 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің барлық өкілдеріне Жамбыл және Түркістан облыстары өкілдерінің осы оң тәжірибесін өз өңірлерінде қолдану тапсырылды. 2025 жылы біз бүкіл республика бойынша тергеудегі және сотталғандардың МӘМС мәселесінің шешілуіне талдау жүргіземіз және проблемалар болған жағдайда мәселені ҚР ДСМ деңгейінде көтереміз.

АҚУ-дың Қарағанды облысы бойынша өкілінің мониторингтік сапарлары барысында пенитенциарлық мекемелер жағдайында сотталғандарға медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу және мүгедектік тобын белгілеу мәселесі анықталды.

Медициналық қызметкерлердің және МӘС-тің мекемелерге шығуы іс жүзінде жүргізілмеген, ал МӘС жүргізу қағидаларының 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы) куәландырылатын (қайта куәландырылатын) адамға МӘС оның тұрақты тіркелген жері бойынша медициналық ұйымның дәрігерлік дәрігерлік консультативтік комиссия жолдамасына сәйкес ҚАЖ мекемелерінде және ТИЗО жүргізіледі.

Өкіл мен уәкілетті органдардың үйлестірілген жұмысының нәтижесінде №29 мекеме жағдайында тар ауқымды мамандардың (травматолог, невропатолог, отоларинголог, окулист, терапевт, пульмонолог) дәрігерлері 40 сотталғанға қажетті медициналық тексерулер жүргізді, кейіннен 4 сотталғанға мүгедектік мәртебесі берілді.

Қазіргі уақытта бұл жұмыс Қарағанды облысы бойынша ҚАЖ басқа мекемелерінде (Қараған, Долинка, Қарабас кенттерінде) жалғасуда.

Осы тәжірибені кеңінен енгізу мақсатында ҚР ДСМ және ҚР ИМ мекемелерден тыс жерлерге сотталғандарды шығармай, ҚАЖ мекемелерінде бейінді мамандармен медициналық тексеруден өткізу және МӘС-нің көшпелі отырыстарын ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыным жіберілді.

ДСМ жауабында біздің бастамамызды қолдайтыны және арнайы медициналық құрал-жабдықтармен тексеруді қажет ететін жағдайларды қоспағанда, ҚАЖ мекемелерінің жағдайында бейінді мамандардың қабылдау тәжірибесі енгізілетіні туралы хабарланды.

Жалпы, сотталғандарға медициналық көмек көрсету саласындағы тұрақты жүйелі проблемалардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

1) ҚАЖ мекемелерінің медициналық бөлімшелерінің көпшілігінде стационарлық емдеу қызметтерін көрсетуге лицензиялардың болмауы;

2) мекеме қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесіне мәліметтерді уақтылы жібермеуі нәтижесінде тергеудегі және сотталған адамдарда МӘМС-нің болмауы;

3) түнгі уақытта медициналық персоналдың болмауы, бұл шұғыл медициналық көмек көрсетілмеуіне байланысты өлім жағдайларының тәуекелін арттырады;

4) медициналық персоналда ҚАЖ мекемелеріне, оның ішінде куәландыру және МӘС жүргізу үшін шығуды жүзеге асыруға ынталарының болмауы.

Осы және басқа да мәселелер 2024 жылы Омбудсмен кеңсесі БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп және осы саладағы беделді сарапшының қатысуымен жүргізген жабық мекемелердегі медициналық қамтамасыз ету мәселелері бойынша зерттеуде көрініс тапты.

Зерттеу аясында медициналық көмектің сапасына қанағаттанбаудың мынадай себептерін анықтаған сотталғандар мен мекеме қызметкерлерінің арасында сауалнама жүргізілді: жабдықтардың (34,8%), дәрі-дәрмектердің (26,4%) жетіспеушілігі, тар ауқымды мамандардың (21,6%), терапевттің қол жетімсіздігі (11,6%), мамандардың төмен кәсіби деңгейі (9,2%). Сонымен қатар, респондент-дәрігерлердің 25,6% мекеме басшылығы тарапынан медициналық



көмекке қол жеткізудің шектелуін көрсетеді, оның ішінде шығару үшін күзеттің болмауы (19,8%), сотталғандарды жасақтан немесе камерадан шығармауы (17,8%), «автозактардың» болмауы (10,7%). Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің 25,7% сотталғандарды шығару кезінде пайдаланылатын «автозактардың» жағдайы нашар екенін айтады.

Зерттеу нәтижелері бойынша қамаудағыларға медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту бойынша кейбір нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар дайындалды. Осы ұсыныстарды заңнамалық түрде іске асыру 2025 жылы жалғастырылатын болады.

Санитарлық-тұрмыстық ұстау шарттары әлі күнге дейін сотталғандардың желдетудің болмауын, сызды және төмен температураны көрсететін шағымдарының едәуір бөлігін құрайды (236).

Ұлттық құқық қорғау мекемесі ұстау жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу шараларын қабылдады.



Мысалы, Астана қаласы бойынша өкіл №64 мекемеде МБА үшін душ үй-жайларында тұтқаларды орнатуға жәрдем көрсетті, бұл мекемеде осы санаттағы адамдардың болу жағдайларын едәуір жақсартты.

№75 мекемеде Атырау облысы бойынша өкілдің және ҰАТ қатысушыларының ұсынымдарын орындау шеңберінде душ кабиналарындағы крандарды, кереуеттерді ауыстыру, москит торларын орнату бойынша шаралар қабылданды.

Келу барысында сотталғандардың шағым беруіне арналған терминалдардың дұрыс жұмыс істеуіне ерекше назар аударылады.

2024 жылдың қыркүйек айында Омбудсмен өкілдері мекемелерге сапарлар жасады, оның барысында 36 жұмыс істемейтін терминал анықталды: көбінесе олар байланыс ақпараттық жүйелеріне қосылмаған немесе байланыс сапасы нашар; терминалдардың қол жетімді емес жерлерде орналасу фактілері (кезекші бөлімдер, тұрғын емес блоктар және т.б.); сотталғандардың терминалмен жұмыс істеу дағдыларының жоқтығы және т.б. байқалады.

Қарағанды облысында Уәкіл өкілінің № 29, № 30, № 31, № 32, № 33, № 34, № 35 мекемелеріндегі терминалдардың істен шығуы фактілері бойынша ұсынымдарын қарау нәтижесінде 9 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Осыған байланысты ҚР БП мен ҚР ІІМ терминалдардың жұмыс істеуін шектеу фактілеріне жол бермеу, оларды пайдаланудың техникалық



мүмкіндіктерін пысықтау және ҚАЗ қызметкерлері мен мекемелердегі тұлғалар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы өтініш жолданды.

ҚР ІІМ жауабында терминалдардың техникалық функционалын жетілдіру, сотталғандардың өтініштерін беру үшін терминалдарды пайдалану кезінде жауапкершілікті бөлу туралы 2024 жылдың қарашасында бірлескен бұйрықты бекіту, сондай-ақ сотталғандардың электрондық құжат түрінде өтініш беруі үшін терминалдарды сүйемелдеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу туралы мәлімделді.

2025 жылы біз бақылауды жалғастыратын боламыз.

2024 жылы өтініштерде сотталғандар азық-түлік, бірінші кезектегі қажетті заттар және сақтау мен пайдалануға рұқсат етілген басқа да өнеркәсіптік тауарларды сатып алу құқықтарының шектелуіне шағымданды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 104-бабы сотталғандардың тамақ өнімдерін, нәрселерді және заттарды алу, сақтау және пайдалану құқығы бекітілген.



«Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларының» 53-тармағы (ҚР ІІМ 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығымен бекітілген) сезіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды және сақтауға және пайдалануға тыйым салынбаған басқа да өнеркәсіп тауарларын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша

тергеу изоляторларының дүкенінен (дүңгіршегінен) немесе электрондық сауда алаңынан сатып алу мүмкіндігіне жол береді.

Электрондық сауда алаңында тауарларды сатып алу тапсырыс беру арқылы, арнайы стационарлық (терминал) не мобильді (планшет) құрылғы арқылы жүзеге асырылады.

Мониторингтік сапарлар барысында барлық пенитенциарлық мекемелер электрондық сауда алаңдарымен қамтамасыз етілмегені анықталды. ҚАЗ 79 мекемесінің тек 10 мекемесінде ғана электрондық сауда алаңдары жұмыс істейді (Алматы – №72, Шымкент – №54 және №78, Ақтөбе облысы – №8, Атырау – №15, Ақмола – №7, Жамбыл – №58, Қостанай – №38 және №76, Павлодар – №46).

Сонымен қатар, электрондық платформаның қызметі реттелмеген (жеке бизнес субъектілерін іріктеу тәртібі, тапсырыстарды қабылдау және орындау бойынша орнатылған бағдарламалары бар жұмыс пен арнайы жабдыққа (терминалға) қойылатын біліктілік талаптары).

Осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне сотталғандардың, сезіктілер мен айыпталушылардың ҚАЗ-дың барлық мекемелеріндегі электрондық сауда алаңдары арқылы тауарларды сатып алуға құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныс жіберілді.

Осы бастаманы іске асыру үшін ҚАЗЖК электрондық сауда алаңдарын енгізу жөніндегі алгоритмді әзірледі, онда бос алаңды жалға алуға үшжақты

(мекеме, жеткізуші, аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті) шарт жасасу, мекемелерге терминалдарды орнату, олар арқылы сотталғандар мен тергеуге алынғандар тауарларды сатып алады.

Біз 2025 жылы бұл мәселені бақылауды жалғастырамыз.

Сотталғандарды жұмысқа орналастыруға байланысты өтініштерді (12) қарау шеңберінде бірқатар жағдайларда оларға жәрдем көрсетуге мүмкіндік туды.

Уәкілдің №2 мекемеге сапары барысында сотталған К.Д.-ға мекеме әкімшілігі мен «Еңбек» РМК филиалының көмегімен «Базис» ЖШС-не жұмысшы болып жұмысқа орналастыруға жәрдем берілді.

Сотталған адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесі олардың денсаулық жағдайы ескеріле отырып қаралады.

Ақтөбе облысы бойынша өкілге сотталған А.Д. №9 мекеме қызметкерлерінің еңбек заңнамасын бұзуына шағымданып, денсаулық жағдайына байланысты жұмыс орнын ауыстыруға жәрдем көрсету өтінішімен жүгінді.

Өкілдің уәкілетті органдармен өзара әрекеттесуінің нәтижелері бойынша өтініш беруші дәрігерлік-консультациялық комиссиядан өтті, оның нәтижелері бойынша оған «В36.0» тері ауруына байланысты жеңіл жұмыс ұсынылды. Өтініш беруші бұрынғы жұмыс орнынан босатылып, «Нұрсат құрылыс» ЖШС-не жұмысқа қабылданды.

Сотталғандар мен олардың жақындарынан әлеуметтік байланыстарды сақтау үшін жақын туыстарының тұрғылықты мекенжайы бойынша мекемелерге ауыстыру туралы өтініштер (106) түсуін жалғастыруда.

2024 жылдың наурыз айында ҚР ІІМ-нің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 375 «Сотталған адамның әлеуметтік пайдалы байланыстарын қолдау үшін ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы жаңа тараумен толықтырылды, ол басқа түзеу мекемесіне ауыстыруға кезекке тұру тәртібін егжей-тегжейлі регламенттейді. Тізімге қосудың негізгі шарттары сотталған адамның мінез-құлқының дәрежесі және сотталған адам әлеуметтік байланыстарды қолдайтын тұлғасының жергілікті жерде нақты тұруы болып табылады.

Сонымен қатар, бірқатар мекемелер бүкіл елде жалғыз болып табылады, атап айтқанда, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандар үшін – Қостанай облысында, кәмелетке толмағандар үшін – Алматы қаласында, кішкентай балалары бар әйелдер үшін – Алматы облысында, әйелдер үшін – 6 аймақта. Олардың алыс орналасуы сотталғандардың жақындарымен кездесу мүмкіндігін айтарлықтай қиындатады, бұл әлеуметтік маңызды байланыстарды сақтауға теріс әсер етеді.

Жазаларды орындау жүйесі сотталған ер адамдардың ең төменгі қажеттіліктеріне негізделіп құрылған. Сондықтан әйелдерді ұстау жағдайларының көпшілігінде айтарлықтай кемшіліктер кездеседі. Қамаудағы мүгедектігі бар адамдардың жағдайы тіпті қиын. Шын мәнінде, олардың

қажеттіліктерін қамтамасыз ету іс жүзінде назардан тыс қалдырылған. 2024 жылы ҚАЖ мекемелерінде 763 МБА (732 ер және 31 әйел адам) отырған, олар үшін қажетті жағдайлар іс жүзінде қамтамасыз етілмеген.

Сонымен қатар, пенитенциарлық мекемелердің ірі елді мекендерден алшақтығы көлік қолжетімділігі, қажетті ілеспе инфрақұрылым мен тұрмыстық жағдайлар, қорғалған жоғары жылдамдықты интернет арнасы мәселелерін қиындатады.

Бұл бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу үшін көп салалы мекемелер салу мәселесін өзектендіреді.

Уәкіл 2024 жылдың маусым айында ҚР Үкіметіне осы кешенді мәселені шешу үшін хат жолдап, **өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандардан бастап қоныс колонияларына дейінгі** әртүрлі ұстау түрлері бойынша оқшауланған учаскелері бар аралас қауіпсіздіктегі **көпсалалы колониялар салу** арқылы оны 2 кезеңде жүзеге асыруды ұсыныс етті.

Мұндай көпсалалы мекемелерде бір-бірімен байланыспаған жеке блоктарда әйелдер, оның ішінде кішкентай балалары бар әйелдер, кәмелетке толмағандар және басқа да сотталғандар ұсталуы мүмкін еді. Бұл ретте колонияларды қала шегінде орналастыру орынды, қажетті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, бұл қорғалған жоғары жылдамдықты интернетпен және жедел медициналық көмекпен қамтамасыз ету, кадрлық қамтамасыз ету, бизнесті логистикалық сүйемелдеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Мұндай жаңа форматтағы мекемелерді құру және іске қосу:

- объектілерді әлемдік стандарттарға жақындатуға;
- жазасын өтегеннен кейін сотталғандардың қоғамдық өмірге қайта әлеуметтенуінің салдарын азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бірінші кезеңде ел аумағында 5 көпсалалы колония ([солтүстік](#), [оңтүстік](#), [батыс](#), [шығыс](#), [орталық](#)) салу ұсынылды.

Екінші кезеңде елдің барлық аймақтарында мұндай мекемелер қажеттілікке байланысты құрылады.

Біз БҚО мекемесінен ([Орал қ.](#)) бастауды ұсындық, ол үлкен қаржылық салымдарды қажет етпейді, сондай-ақ СҚО-дан бастауды ұсындық, онда аралас қауіпсіздіктегі 3 жаңа мекеменің құрылысын қаржыландыру мәселелері келісілген.

2024 жылғы 9 желтоқсанда Премьер-Министрдің бірінші орынбасары ҚР ПМ-ге СҚО-да мекемелер кешені базасында көпсалалы мекеме салу бойынша жұмысты жалғастыру туралы тапсырма берді.

Осыған байланысты, біз 2024 жылдың желтоқсанында ПМ-ге Үкімет Аппаратының СҚО-да мекемелер салу туралы тапсырмасын іске асыру туралы, сондай-ақ Орал қаласындағы мекеменің құрылысын аяқтау және қайта бейіндеу мәселесін қарауға оралу туралы кезекті хат жолдадық.

Осылайша, ұзақ хат алмасу қорытындысы бойынша ПМ біздің ұсынысымызбен келісіп, оны іске асыру жөнінде шаралар қабылдауда.

Сонымен қатар, бөлінген қаржы қаражатын тиімді пайдалану мақсатында елдің басқа мекемелерінде басталған объектілердің құрылысын аяқтау, ал жаңадан бөлінетін және бос қаражатты мемлекеттік-жекешелік әріптестік әлеуетін пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармай, тек жаңа көпбейінді мекемелерге бағыттау ұсынылды.

Бұл бастама айтарлықтай қаржылық инвестицияларды қажет ететіні ықтимал және оны жүзеге асыру ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Алайда, оны іс жүзінде орындау, біздің ойымызша, қажетті шара болып табылады және ұзақ мерзімді перспективада қолданыстағы жүйелік мәселені кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді.

Сотталғандардың құқықтарының сақталуы мәселелеріндегі қалыптасқан жағдайды талдауды ескере отырып, сотталғандардың мінез-құлқын тиімді бақылауды қамтамасыз ететін заманауи технологиялар мен бейнетіркеу құралдарын бір уақытта енгізе отырып, сотталғандарды камералық типте ұстауға одан әрі көшу жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды.

Сотталғандардың құрылымы айтарлықтай өзгергендіктен (бас бостандығынан айыруға сотталғандардың 90%-дан астамы ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазасын өтейді) гуманизация жағдайында ҚАЖ мекемелері түрлерін кезең-кезеңімен оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Мекемелердің түрлерін оңтайландыру сотталғандарды кезең-кезеңімен өткізу үшін бюджеттен бөлінетін қомақты қаржы қаражатын үнемдеуге, сондай-ақ туыстары үшін жазасын өтеу орындарына қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен сотталғандардың әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, жазаны орындау жүйесі халықаралық стандарттарды сақтауға, медициналық және тұрмыстық қамтамасыз етуді жақсартуға, сотталғандардың еңбек және әлеуметтік бейімделуін қолдауға баса назар аудара отырып, одан әрі жаңғыртуды талап етеді.

Бұл мәселе Уәкіл Институтының ерекше бақылауында.

2.3 Азаптаудан және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынастар мен жаза түрлерінен қорғау



2024 жылғы негізгі деректер



Шағымдарды қарау қорытындылары



жұмыс істейді, олардың мониторлары фойеге, кезекші бөлімге және прокурор кабинетіне шығарылады. Прокурорға заңсыз ұсталған адамдарды дереу босату өкілеттігі берілген.

Азаптаудан бостандық – әрбір адамның абсолюттік құқығы.

Қазақстан азаптауға нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

Біздің еліміз осы саладағы негізгі халықаралық құжаттарға қосылды: Азаптауға қарсы конвенция (1998), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (2005), Азаптауға қарсы конвенцияға факультативтік хаттама (2008).

Отандық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру саласында айтарлықтай жұмыс атқарылды.

Азаптау (ҚР ҚК 146-бабы) ауыр қылмыстар санатына жатқызылған. Азаптауды қолданғаны үшін бас бостандығынан айырудың ең ұзақ мерзімі 10 жылдан 12 жылға дейін ұзартылды. Рақымшылық, ескіру мерзімі, өкіну және тараптардың татуласуы негізінде азаптау үшін қылмыстық жауапкершіліктен босату жойылды.

Азаптау туралы арыздарды тергеу прокуратураның айрықша тергеуіне берілді, Ыстамбұл хаттамасы негізінде азаптауларды тергеу әдістемесі әзірленді.

ҚАЖ, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың барлық мекемелерінде 45 мыңнан астам бейнекамера бар.


Бейнежазбасы бар 500-ден астам «мөлдір» жауап алу бөлмелері

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқа билердің соттауына қылмыстардың бірқатар құрамы, соның ішінде азаптау бойынша істер де берілді.

Мемлекеттік қордан азаптау құрбандарына өтемақы төлеу тетіктері енгізілді, дағдарыс орталықтары құрбандарға тегін әлеуметтік, медициналық және психологиялық көмек көрсетеді.

Қамаудағыларға қатыгездіктің алдын алу бойынша мемлекет қабылдап жатқан заңнамалық және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар осы саладағы жағдайды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде елімізде азаптауды тіркеу жыл сайын азаюда. 2023 жылы олар 44,5%-ға (928-ден 515-ке дейін), 2024 жылы тағы 40,5%-ға (515-тен 306-ға дейін) төмендеді. (15-сурет.)



15-сурет


Мемлекет қабылдап жатқан шараларға қарамастан, азаптау туралы қылмыстық істердің көпшілігінің тоқтатылуы туралы статистика алаң тудырады.

Мүмкін, бұл тергеудің қиындығына немесе болжамды кінәлі қызметкерлердің кедергі жасауына байланысты шығар.

Мәселен, 2020-2024 жылдар аралығында **3 200** тіркелген істің **69** сотқа жіберілді (2020 ж. – 11, 2021 ж. – 7, 2022 ж. – 10, 2023 ж. – 21, 2024 ж. – 20).


2023 жылдан бастап Омбудсменге азаптау туралы арыздар санының төмендеу үрдісі байқалады, бұл елде тіркелген азаптау фактілерінің санының төмендеуі туралы прокуратура органдарының статистикалық мәліметтерімен сәйкес келеді.

2024 жылы осы санаттағы **111** өтініш келіп түсті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 32,7%-ға аз. (16-сурет)



16-сурет

Мұндай өтініштердің басым бөлігін АҚУ (49), өкілдіктер арасында – Жамбыл облысы (10) қарады. (17-сурет)



17-сурет

Біз, өңірлерден келіп түскен АҚУ қараған шағымдарды қосқанда, өңірлердегі сотталғандар санына (1 мың адамға шаққанда) қатысты азаптау қолдану туралы түскен шағымдардың санын есептедік (3-кесте).


3-кесте

№	Аймақ	Сотталғандар саны	Шағымдар саны	1 мың сотталған адамға
21.	Жетісу облысы	348	6	17,2
22.	Астана	1 589	17	10,7
23.	БҚО	1 393	6	4,3
24.	Түркістан облысы	728	3	4,1
25.	Алматы	2 188	9	4,1
26.	СҚО	1 749	7	4,0
27.	Жамбыл облысы	2 858	11	3,8
28.	Қостанай облысы	2 021	7	3,5
29.	Ұлытау облысы	301	1	3,3

30.	Қарағанды облысы	4 836	12	2,5
31.	Ақмола облысы	2 825	7	2,5
32.	Қызылорда облысы	1 348	3	2,2
33.	Ақтөбе облысы	1 416	3	2,1
34.	Атырау облысы	1 231	2	1,6
35.	Павлодар облысы	2 523	4	1,6
36.	Шымкент	2 702	4	1,5
37.	Абай облысы	2 050	3	1,4
38.	Алматы облысы	4 107	4	1,0
39.	ШҚО	3 096	2	0,6
40.	Маңғыстау облысы	392	0	0

Егер өңірлік тұрғыда сотталғандар санына (1 мың адамға) қатысты азаптау қолдану туралы түскен жалпы шағымдар санын ескеретін болсақ, онда **бірінші** орында Жетісу облысы (17,2), **екінші** орында Астана қ. (10,7) және **үшінші** орында – Батыс Қазақстан облысы (4,3). (18-сурет)

Азаптаудың қолданылғаны туралы шағымдардың саны
(1 мың сотталғанға)



18-сурет

2024 жылы Уәкіл өкілдерінің қатысуымен пенитенциарлық жүйе мекемелерінде отырған адамдар мен азаптау және қатыгездікпен қараудың жоғары тәуекелдері бар органдар мен мекемелердің лауазымды қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамамен 6 мыңнан астам сотталған және ішкі істер органдары мен ҚАЖ-ның 2,5 мыңға жуық қызметкері қамтылды.

Сауалнама нәтижелерін зерттеу азаптау фактілерінің жартысына жуығы полиция органдарында, оның ішінде арнайы мекемелерде, төрттен бірі ҚАЖ мекемелерінде болғанын көрсетті, шағын үлесі ҰҚК бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, экономикалық тергеу қызметіне тиесілі.

Сауалнамаларда көрсетілген мәліметтер негізінен Омбудсменге келіп түскен шағымдар шеңберінде талданған деректерге сәйкес келеді.

Төменде мәлімделген құқық бұзушылық субъектілері бөлінісінде ақпарат берілген. (19-сурет)



19-сурет

Келіп түскен 111 шағымның ішінде 49 жағдайда өтініш берушілер сотқа дейінгі тергеу барысында оларға дене күші қолданылғанын немесе психологиялық қысым көрсетілгенін, оның ішінде олардан мойындау айғақтарын алу мақсатында жасалғанын хабарлады.

111 жағдайдың 62-сінде азаматтар ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеу және этаппен жөнелту кезінде азаптауға ұшырағанын мәлімдеді.

Уәкіл мен оның өкілдерінің тікелей қатысуымен 11 өтініш бойынша өтініш берушілердің құқықтарын қалпына келтіруге қол жеткізілді. (20-сурет)



20-

сурет

Сотталғандар түзеу мекемелерінің қызметкерлері тарапынан жасалған қатыгездік пен азаптаудың қолданылуына шағымданды. 83 өтініш бойынша түсініктемелер берілді. Бұл ретте түсініктеме берілген жағдайда да шағымдардың көшірмелері ҚР БП-ға жіберіледі.

Уәкілдің Жамбыл облысы бойынша өкіліне сотталған А.-ның анасы оны №58 мекеме қызметкерлерінің соққыға жыққаны туралы хабарласты.

Өкіл Жамбыл облысы бойынша ҰАТ тобының басшысымен бірлесіп сотталғанды қабылдау жүргізді, оның барысында оның медициналық құжаттары зерттеліп, арыз алынды, ал сот-медициналық сарапшы сот-медициналық куәландыру жүргізді.

Қорытындыда сотталған адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зақым келгені (жақтың сынуы) анықталды. Жиналған барлық материалдар прокуратураға жіберілді. Нәтижесінде ҚК-нің 362-бабының 1-бөлігі (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану) бойынша қылмыстық іс тіркелді.

Полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағымдарда (49) өтініш берушілер оларды айғақтар беруге мәжбүрлеу үшін физикалық күш қолданылғаны, психологиялық қысым жасалғаны туралы хабарлады.

Адвокат К.Ж. Семей қаласының ҰҚКБ қызметкерлері оның қорғауындағы З.Я.-ға А. және УҰИ-дағы басқа адамдарға қатысты арыз жазу үшін қысым көрсеткені туралы хабарлады.

АҚУ-дың Абай облысы бойынша өкілі прокуратураға және облыстың ПД-ға өтініште көрсетілген фактілерді тексеру және кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы өтініш жолдады.

Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша Семей қ. ҰҚКБ қызметкерлеріне қатысты ҚР ҚК 415-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс тіркелді, ол кейіннен қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

Абай облысы ПД ӨҚБ-ға Абай облысы ПД-ның екі лауазымды тұлғасын тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланды.

Сотқа дейінгі тергеу тоқтатылғанына қарамастан, біздің жұмысымыздағы басымдық – азаматтардың құқықтарын сақтау және заңсыз қол сұғушылықтың жолын кесу.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атынан ҚАЖ комитетіне және Полиция департаментіне З.Я.-ның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаптауға және қатыгездікке жол бермеу шараларын қабылдау туралы хат жолданды.

Омбудсменнің Жетісу облысы бойынша өкілі ҰАТ тобы басшысының қатысуымен ҚР ҚК 146-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеуге қол жеткізді.

Жетісу облысының өкіліне адвокаттар өз қорғауындағы әйелдің мүддесі үшін жүгінді. Жеке қабылдауда азамат Б.А. ЭТД қызметкерлері одан және қылмыстық істің басқа фигуранттарынан мойындау айғақтарын алу мақсатында оларға қысым көрсетуге (азаптауға) жүгінгенін айтты.

Өкіл Ыстамбұл хаттамасына сәйкес жасалған психиатриялық зерттеу жүргізу туралы психиатр-дәрігер маманының қорытындысын зерделеді. Прокуратураның атына азаптау фактілерін тіркеу туралы тиісті өтініштер жіберілді.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша Жетісу облысының Арнайы прокурорлар басқармасы ЭТД қызметкерлеріне қатысты ҚК 146-бабы 3-бөлігінің 1-тармағының белгілері бойынша қылмыстық құқық бұзушылық тіркеді.

Жалпы, Уәкілдің атына келіп түскен шағымдар бойынша ҚК-нің 146-бабы (азаптау) бойынша 9 іс, ҚК-нің 415-бабы (айғақтар беруге мәжбүрлеу) бойынша 1 іс, ҚК-нің 362-бабы (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану) бойынша 1 іс тіркелді. Бұл ретте, 2 сотқа дейінгі тергеп-тексеру Уәкіл өкілдерінің бастамасы бойынша басталды.

Уәкіл және оның өкілдері азаптаудың алдын алу бойынша белсенді және үздіксіз жұмыс жүргізуде. Алайда, барлық жағдайларда азаптау және қатыгездік фактілері растала бермейді.

СҚО бойынша өкіл БАҚ пен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында тергеудегі адамның жұбайы ТИЗО қызметкерлерінің оған күш қолданғаны туралы хабарлаған бейнематериалды анықтады. Өкіл дереу мекеме жағдайында тергеу-қамауға алынған адамға барып, онымен әңгімелесті, бейнежазбаларды көрді. Әңгімелесу барысында қамаудағы адам оған күш қолданылғанын теріске шығарды, бейнежазбаларды талдау да өтініш берушінің тарапынан орынсыз әрекет болғанын көрсетті.

Жалпы, бейнебақылау азаптаудың алдын алу арқылы қамалғандардың құқықтарын қорғауда, сондай-ақ қызметкерлердің өздерін негізсіз айыптаудан қорғауда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта Омбудсменнің ҚР Бас прокуратурасына және ҚР ІІМ-ге жүгіну нәтижелері бойынша ҚАЖ мекемелерінде орнатылған шағымдарды беру терминалдарын Уәкіл кеңсесінің жүйесімен интеграциялау бойынша жұмыс аяқталуда. Осының арқасында сотталғандар халықаралық стандарттарға сәйкес құқық қорғау мекемесіне тікелей жүгіне алады.

Ұлттық құқық қорғау мекемесінің негізгі міндеттерінің бірі іс жүзінде азаптауға қарсы іс-қимылдың барлық стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету болып қала береді. Шағымдарды қарау және алдын алу сапарларын жүргізу жөніндегі жұмыс Уәкілдің тұрақты назарында болады.

3. АДАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

3.1 Денсаулықты сақтау құқығы



Әрбір адамның нәсіліне, дініне, саяси сеніміне, экономикалық немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, қол жеткізуге болатын денсаулықтың ең жоғары деңгейіне ие болуы - оның негізгі құқықтарының бірі

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысы (Конституциясы)

2024 жылғы негізгі деректер

126



Денсаулық сақтау мәселелері бойынша шағымдар

42%



өтініштерді АҚУ қарады

Шағымдарды қарау қорытындылары

23,8%



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді, сондай-ақ ішінара қанағаттандырылды

64,3%



Жазбаша түсініктемелер берілді

11,9%



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді



Біздің бастамаларымыз

Денсаулық сақтау министріне халықаралық тәжірибені ескере отырып, Хлорпромазин (Аминазин) қолдануын шұғыл зерттеу жүргізу, оның қорытындысы бойынша оны неғұрлым қауіпсіз дәрілік препаратқа ауыстыру мәселесін қарастыру, сондай-ақ мұқтаж балаларды "Фризиум" дәрілік препаратымен қамтамасыз ету бойынша толық шаралар қабылдау туралы хат жолданды

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабының 1-тармағына сәйкес әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әлауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы.

Денсаулық сақтау құқығына ҚР Конституциясының 29-бабы кепілдік береді.

Денсаулық сақтау құқығы мемлекеттің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми сипаттағы тиісті жағдайлар жасау; денсаулық сақтау жүйесін дамыту; қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету; салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу; азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алуға, оның қолжетімділігіне теңдігін қамтамасыз ету; мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау және нығайту үшін ортақ жауапкершілігін қамтамасыз ету және басқа да шаралар арқылы азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттің міндетімен байланысты.

2024 жылғы 19 сәуірде Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерінің құқықтық және қаржылық қорғау жүйесін

күшейтуге және жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ жастар арасында құрамында никотин бар заттардың таралуын алдын алу және оған қарсы күрес жөнінде жүйелі шаралар қабылдауға бағытталған «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы нормалар енгізілді. Медициналық немесе фармацевтикалық қызметкердің кәсіби міндеттерін орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік жеңілдетілді. Мемлекеттік органның медициналық қызметтер көрсету саласындағы құзыретіне медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында тергеп-тексеру жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту қосылды.

ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №141 Қаулысымен ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына, атап айтқанда, жақын болашаққа арналған нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелерге өзгерістер енгізілді, олар: өмір сүру ұзақтығына; халықтың медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейіне; ана мен нәресте өліміне және т.б. қатысты.

Сондай-ақ сотталғандарға медициналық көмек көрсету қағидаларына⁶, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына толықтырулар енгізілді.⁷

ҚР ДСМ мәліметтері бойынша, соңғы жылдары сапасыз медициналық көмек көрсетуге шағымдардың өсуі байқалады: Денсаулық сақтау жүйесіне 2022 жылы 7 420 шағым, ал 2023 жылы 7 720 шағым түсті.⁸

2024 жылы Уәкілдің атына келген осы санаттағы шағымдардың саны өткен жылмен салыстырғанда 2,7 есе (47-ден 126-ға дейін) өсті. (21-сурет)



21-сурет


⁶ «Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 30 маусымдағы № ҚР ДСМ-61 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР ДСМ 05.02.2024 № 5 бұйрығы // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028669/history> (8.01.2025).

⁷ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына 2024 жылғы негізгі өзгерістер // Қол жеткізу тәртібі: <https://med.mcfr.kz/news/4232-osnovnye-izmeneniya-v-zakonodatelstva-v-sfere-zdravoohraneniya---uznayte-cto-izmenitsya-v> (5.01.2025).

⁸ Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі үлкен проблемаларды мойындады // <https://orda.kz/v-minzdrave-kazahstana-priznali-bolshie-problemy-sistemy-osms-382906/> (10.01.2025).

Өтініштердің басым бөлігін АҚУ (53), өңірлерде Қызылорда облысы бойынша өкілдігі (10) қарады. (22-сурет)

Өңірлер бөлінісінде денсаулық сақтау құқығының бұзылғаны туралы өтініштер



22-сурет

Азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы алаңдаушылық тудыратын мәселелері өткен жылдардағыдай болып қала беруде. (23-сурет)

Денсаулық сақтау құқығын қорғау жөніндегі өтініштердің мәні



23-сурет

Өтініштердің көп бөлігі (39) медициналық қызметтің сапасыз көрсетілуіне байланысты.

Медицина қызметкерлерінің немқұрайлылығына қатысты 27 шағымның 5-і пациенттердің өліміне әкеп соқтырған медицина қызметкерлерінің әрекеттеріне/әрекетсіздігіне байланысты болды. 4 жағдайда бұл жаңа туған балалардың өліміне қатысты болды.

2024 жылы Қазақстанда нәресте өлімінің коэффициенті 1 000 тірі туылғандарға 7,05 құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 8%-ға төмен (2023 жылы 7,67).⁹

Жалпы төмендеуіне қарамастан, Қазақстандағы сәбилер өлімі проблемасы өзекті болып қала береді және мұқият назар аударуды талап етеді. Нәрестелердің өлімі жағдайлары тіркелуін жалғастыруда, бұл денсаулық сақтау жүйесінде шешілмеген мәселелердің бар екенін, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін көрсетеді. Біз бұл мәселені одан әрі бақылайтын боламыз.

Медицина қызметкерлерінің немқұрайлылығы мәселелері бойынша өтініштерде өтініш берушілер кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды талап етті.

Қызылорда облысы бойынша өкілге А.Д. есімді азамат әкесінің аяғын кесіп тастауға себепкер болған дәрігерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы өтінішпен жүгінді.

Тиісті емдеу мен бақылаудың болмауы салдарынан сынық жерінде жара пайда болды, жағдайы нашарлағаннан кейін өтініш берушінің әкесіне шұғыл түрде аяғына ампутация жасалды.

Өтінішті қарау барысында өкіл ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы мен департаментіне тиісті сауалдар жолдады.

Тексеру нәтижелері бойынша Қызылорда теміржол ауруханасының жұмысында бұзушылықтар анықталды. Сондай-ақ, клиникалық хаттамаларға сәйкес медициналық көмек көрсетілмегені анықталды, бұл науқастың жағдайының нашарлауына әкеліп соқты.

Қызылорда қаласының полиция басқармасы ҚК-нің 317-бабы 2-бөлігі бойынша дәрігерге қатысты қылмыстық істі қозғады.

Қызылорда облысында тағы бір жағдай орын алды.

Өкілдікке Арал қаласының тұрғыны Б.Ш. көпбейінді аудандық ауруханада ұлына медициналық көмектің тиісті түрде көрсетілмеуіне байланысты шағымданды.

Өтініш беруші ауруханада қажетті дәрі-дәрмектің болмағанын, диагноздың дұрыс қойылмағанын, баланы Қызылорда қаласының балалар ауруханасына тек реанимацияға түскеннен кейін ғана жібергенін атап өтті.

Өкілдің Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасы мен Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментіне жолдаған сұрауларының нәтижесінде Арал аудандық ауруханасында жоспардан тыс тексеру жүргізілді, бұл дәрі-дәрмектердің жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмегенін және емдеу хаттамаларының бұзылғанын растады.

Аурухана басшылығына қатысты ҚР ӘҚБтК 426-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 129 220 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл

⁹ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы // Қол жеткізу тәртібі: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281156/> (12.02.2025).

Кәмелетке толмаған пациенттердің денсаулығын сақтау құқығын қорғау ерекше назарда. Есепті кезеңде осындай **24** өтініш келіп түсті, **3** жағдайда құқықтарды қорғауға жәрдемдесу мүмкін болды.

Азамат А.В.-ның Ақтөбе қаласының №1 емханасы қызметкерлерінің әрекеттеріне және бір жасар балаға сапалы медициналық көмек көрсетпеуіне шағымы бойынша Ақтөбе облысы бойынша өкіл педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі мен дәрігер-педиатрдың әрекеттеріне тексеру жүргізу және құқықтық баға беру туралы сұрау салды.

Тексеру нәтижелері бойынша емдеу хаттамасын бұзу фактілері расталды. Педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі Ж. Б. «сөгіс» түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Құқық қорғау мекемесі **30** азаматтың денсаулықты сақтау құқығын жүзеге асыруға тек өтініштерді қарау арқылы ғана емес, сонымен қатар мандаттық мекемелерге мониторинг жүргізе отырып та жәрдем көрсетті.

Семей қаласының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына Абай облысы бойынша өкілдің баруы барысында басқа қалалардан келген балаларға медициналық көмектің көрсетілмеуі мәселесі анықталды.

Омбудсмен өкілінің жіберілген ұсынысының нәтижесінде уәкілетті орган «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ мен «№2 емхана» ШЖҚ ҚМК арасында барлық балаларға, оның ішінде өзге қаладан келгендерге де медициналық қызмет көрсетуге келісімшарт жасалғаны туралы хабарлады.

Қазақстан, БҰҰ мүшесі ретінде, халықаралық қағидаларды, оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының А67.19 қарарын сақтауға міндеттенеді, ол балаларды қоса алғанда, осал топтарға сапалы паллиативтік көмек көрсету қажеттілігін атап көрсетеді.

Паллиативтік көмек жазылмайтын ауруға шалдыққан балалардың азаптарын жеңілдетіп, өмір сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан ратификациялаған негізгі халықаралық құжаттарда, соның ішінде Бала құқықтары туралы конвенцияда бекітілген әрбір адамның лайықты өмір сүруге және оның адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге деген негізгі құқығы болып табылады.

Қазақстан балаларына паллиативтік көмек көрсету қауымдастығының ақпараты бойынша, бүгінде елімізде осы салада тиімді шаралар қабылдауды талап ететін бірқатар мәселелер бар.

Негізгі кедергі медицина бөлімі ретінде балалар паллиативінің жоқтығы болып табылады, өйткені қолданыстағы паллиативтік көмек стандарты балалар организмнің ерекшеліктерін қамтымайды. Қолданыстағы стандарттар дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, науқастарды реанимациялауды, баланың психоэмоционалдық күйін, ата-аналардың қатысуын, медицина қызметкерлерінің тиісті біліктілігін, инфрақұрылым мәселелерін және т.б. ескермейді.

Сонымен қатар, республиканың барлық өңірінде штаттан тыс мамандарды бекіту, паллиативтік балалардың бірыңғай тіркелімін қабылдау, паллиативтік балалары бар отбасыларға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету бағдарламасы мәселелерін қарастыруды талап етеді.

Осыған байланысты 2024 жылдың қазан айында ҚР ДСМ-не еліміздің балалар халқына сапалы паллиативтік көмектің қолжетімділігін жақсарту және кеңейту туралы ұсыныс жіберілді.

Министрліктің жауабында балалар халқына паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі бойынша тиісті нормативтік құқықтық актіні бекіту үшін жұмыс атқарылып жатқаны хабарланды.

Біз осы мәселенің іске асырылу барысын бақылауды жалғастырамыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 76-бабында мемлекет денсаулық сақтау саласында медициналық көмекке тең қолжетімділікке, медициналық көмек пен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету сапасына, **дәрілік заттардың** қолжетімділігіне, тиімділігіне және **қауіпсіздігіне** кепілдік береді.

2024 жылы балаларды жалпы психотроптық дәрілермен шамадан тыс жүктеу және балалар мекемелерінде Хлорпромазин (Аминазин) сияқты антипсихотикалық құралды кеңінен қолдану алаңдаушылық тудырды.

«СК-Фармация» мәліметтері бойынша, тек 2023-2024 жылдары 15 миллионнан астам Хлорпромазин таблеткасы және 500-ден астам инъекцияға арналған доза сатып алынған.

Бұл препараттың нұсқаулығын зерттеу және одан кейінгі талдау оның бүйрек, бауыр, қан органдарының, бас және жұлынның функцияларының бұзылуы сияқты бірқатар жанама әсерлерді тудыратынын және көптеген қарсы көрсетілімдері бар екенін, ал бұлшықет ішіне қолданған кезде ауыр инфильтраттың пайда болуын тудыратынын көрсетті.

Норвегия, Швеция және т.б. сияқты Еуропа елдері оны тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап қолдануды тоқтатты.

Бізді алаңдататын тағы бір мәселе – балаларды «Фризиум» (халықаралық патенттелмеген атауы – Клобазам) дәрілік препаратымен қамтамасыз ету.

Аталған мәселе екі жылдан астам уақыттан бері шешімін таппай келеді, балалары сирек және фармакорезистентті эпилепсия түрлерімен динамикалық бақылауда тұрған және осы препараттармен емделуді қажет ететін ата-аналардан әртүрлі өңірлерден көптеген шағымдар келіп түсуде.

Омбудсменге жүктелген адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шара қолдану міндеттері негізінде, ҚР ДСМ-не халықаралық тәжірибені ескере отырып, Хлорпромазин (Аминазин) қолданылуын шұғыл зерттеу жүргізу, қорытындысы бойынша оны қауіпсіз дәрілік препаратқа ауыстыру мәселесін қарастыру, сондай-ақ мұқтаж балаларды «Клобазам» дәрілік препаратымен қамтамасыз ету бойынша толық шаралар қабылдау туралы хат жіберілді.

Ұсынысқа жауап ретінде ҚР ДСМ 2024 жылдың 15 желтоқсанына дейінгі жеткізу кестесін көрсете отырып, «Клобазам» препараты сатып

алынатыны туралы хабарлады.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласы Конституциялық кепілдіктермен де, халықаралық міндеттемелермен де расталатын мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Дегенмен, азаматтардың өтініштерін талдау медициналық қызмет көрсетудегі жүйелі проблемалар әлі де бар екенін көрсетеді.

Денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасына заңнамалық өзгерістер мен түзетулер енгізуді қоса алғанда, мемлекеттік шаралар жағдайды жақсартуға бағытталған. Алайда, балаларға паллиативтік көмек көрсету, қауіпсіз емес дәрілерді қолдану және осал топтарға сирек кездесетін дәрілік заттардың қолжетімділігі мәселелері өткір күйінде қалып отыр.

Жағдайды жақсарту үшін медициналық қызметтердің сапасын бақылауды, медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруды, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуды және мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуді қамтитын кешенді тәсіл қажет.

Уәкіл медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге, пациенттердің құқықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекет қабылдайтын шаралардың уақтылығы мен тиімділігіне ерекше назар аудара отырып, денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтарының сақталуына мониторингті жалғастырады.

3.2 Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы



Әр адамның, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына құқығы бар

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 22-бап

2024 жылғы негізгі деректер

250



Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша шағымдар

33,6%



Әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алу және төлеу мәселелері бойынша өтініштер

403 мың



Атаулы әлеуметтік көмек алушылар

Шағымдарды қарау қорытындылары

18%



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді, сондай-ақ ішінара қанағаттандырылды

68%



Жазбаша түсініктемелер берілді

14%



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

күнкөріс деңгейінен 105%-ға дейін көтерілді. Біз бұл шешімді құптаймыз және толығымен қолдаймыз.

2024 жылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі азаматтардың жалпы табыстары мен шығындарын есепке ала отырып, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жұмысын өзгертудің жолын әзірледі. Халыққа әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесі жан басына шаққандағы қаржыландыру форматына көшу арқылы өзгертілді, бұл арнайы әлеуметтік қызметтерді алуға мұқтаж азаматтардың, әсіресе ауылдық жерлердегі азаматтардың қамтылуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 9-бабына сәйкес Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның, әлеуметтік қамсыздандыруды қоса алғанда, әлеуметтік жағынан сақтандыру құқығын таниды.

Мемлекет жұмыспен қамтуға және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу шараларын жүзеге асыруда, ал кедейлік шегінен төмен табысы бар адамдардың саны азаюда. Отбасының цифрлық картасы арқылы 2024 жылы 843 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бүгінде республикалық бюджет қаражатының төрттен бір бөлігі, бұл 5 трлн. теңге, әлеуметтік қамсыздандыруға және халыққа көмек көрсетуге жіберіледі. Әрбір төртінші қазақстандық әлеуметтік қорғау жүйесімен қамтылған.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 65%-ға дейін, ал ең жоғары мөлшері ең төменгі

2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша АӘК 76 мың отбасынан 403 мың адамға тағайындалды.¹⁰

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген адамдар үшін арнайы әлеуметтік төлем енгізілді. Зиянды өндірістерде жұмыс істейтін азаматтардың 55 жасында зейнетке шығу құқығы заңмен бекітілді. Арнайы әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың міндетті шарттары аталған жасқа толу және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына кемінде 7 жыл кәсіби зейнетақы аударымдарының болуы болып табылады.

2024 жылғы 24 желтоқсандағы жағдай бойынша арнайы әлеуметтік төлем 13 423 адамға тағайындалды, барлығы 14 195 адам тағайындауға өтініш білдірді.¹¹

Мемлекет қабылдаған шараларға қарамастан, Уәкілдің атына осы санаттағы өтініштер саны өсуді жалғастыруда.

2024 жылы біздің атымызға әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша **250** өтініш келіп түсті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есе артық. (24-сурет)



24-сурет

Өтініштердің басым бөлігін АҚУ (82) және Павлодар облысы бойынша өкілдік (30) қарады. (25-сурет)



25-сурет

¹⁰ 2024 жылғы 1 қарашада 403 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/886454?lang=kk> (11.01.2025).

¹¹ 13 мыңнан астам қазақстандыққа арнаулы әлеуметтік төлем тағайындалды // Қол жеткізу тәртібі: <https://ortcom.kz/kk/novosti/1735188221> (15.01.2025).

2024 жылы өтініш берушілерді ең көп әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алу мәселесі қызықтырды (33,6%). (26-сурет)

Денсаулық сақтау құқығын қорғау жөніндегі өтініштердің мәні



26-сурет

Біздің ойымызша, мұндай өсудің объективті себебі 2023 жылы ҚР Әлеуметтік кодексінің қабылдануы болды, бұл әлеуметтік төлемдер мәселесі бойынша азаматтардың өтініштері мен сұраныстарының артуына себеп болды.

Жалпы, уәкілетті органдардың жауаптарына жүргізілген талдау көрсеткендей, көп жағдайда (170) өтініштер қанағаттандырылмады, себебі азаматтар әлеуметтік жәрдемақылар мен АӘҚ алу талаптарына сәйкес келмеді. (27-сурет)

Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өтініштерді қарау нәтижелері



27-сурет

Бірқатар өтініштерде азаматтар АӘҚ қамтамасыз етуде көмек сұрады (53). Өтініш берушілер оларды алу талаптарына сәйкес келген жағдайларда, біз уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, азаматтардың сұраныстарын қанағаттандыру бойынша шаралар қабылдадық.

Ақтөбе облысы бойынша өкілге С.З. есімді азамат АӘҚ тағайындауға жәрдемдесу туралы өтінішпен жүгінді.

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына сұрау салу жолдау нәтижесінде С.З. есімді азаматқа шартсыз ақшалай көмек түріндегі АӘҚ тағайындалып, төленуде.

Павлодар облысы бойынша өкілге кәмелетке толмаған азамат В.Р. АӘК алу мәселесі бойынша жүгінді.

Өтініш беруші 2023 жылы туған баланың анасы екенін, жұбайы жұмыс істемейтінін, ШҚО мекемесінде жазасын өтеп жатқанын хабарлады. Қызмет алушының кәмелетке толмауына байланысты АӘК төлеуден бас тартылды.

Өкіл жүргізген жұмыстың нәтижесінде атқарушы органдар В.Р. заңды өкілінен өтініш қабылдап, тиісті төлемдер тағайындады.

ҚР ӘК 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын МБА-ды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органдармен өзара әрекеттесу арқылы өтініштерде көтерілген мәселелерді шешу үшін барлық мүмкін шаралар қабылдануда.

Ақтөбе облысы бойынша өкілдікке МБА Д.М. есімді азамат жүгінген, оған абилитация және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тифлотехникалық құралдарды сатып алу көзделген, бірақ Әлеуметтік қызметтер порталының аясында ұсынылған құралдар оған сәйкес келмеді.

Омбудсмен өкілінің ЖАО-ға жүгінуінің нәтижесінде өтініш берушіге демеушілік қаражаты есебінен 6 млн. теңгеден астам сомаға қажетті тифлотехникалық құралдар сатып алынды.

Кейбір жағдайларда (2) тиісті төлемдердің орындалмауы техникалық себептермен байланысты болды.

Қарағанды облысы бойынша өкілге көзі нашар көретін 2-топтағы мүгедектігі бар ұлына жоғары мемлекеттік шәкіртақы төлеуді қайта бастауға жәрдемдесу туралы К.А. есімді азаматша өтініш білдірді.

Өкіл өтініш берушінің ұлы оқитын Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетіне С.И.-ның жоғары стипендия алу құқығын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыныс жіберді.

Тексеру нәтижелері бойынша өтініш берушінің ұлы техникалық себептер бойынша мемлекеттік стипендия алушылар тізіміне енгізілмегені анықталды.

Ұсынысты қарау қорытындысы бойынша университет ректорының бұйрығымен С.И.-ға стипендия бүкіл оқу жылына (10 айға 86 000 теңгеден) тағайындалып, алдыңғы айларға берешек төленді.

Өтініштерді қарау барысында асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау кезінде проактивті қызмет алу проблемасы анықталды.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындау үшін проактивті қызметті алу мүмкіндігі ҚР ӘК 171-бабында Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, қағидаларының 17-тармағында көзделген (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары -

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығымен бекітілген).

Аталған жәрдемақыны проактивті тағайындау үшін 2023 жылғы желтоқсанда «Е-макет» ААЖ және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық ақпараттық жүйелерімен интеграция жүзеге асырылды.

Алайда, өтініштердің бірін қарау кезінде белгілі болғандай, министрліктің «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында оқитындар туралы мәліметтері «Е-макет» ААЖ-на жіберілмейді.

Мұндай мәліметтердің болмауы заң бойынша осындай төлемдер жасалған адамдардың асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақыны уақтылы тағайындамауына немесе алу мүмкіндігінен айырылуына әкеп соғуы мүмкін. Мұндай жағдай басқа ЖЖО бойынша да орын алуы мүмкін.

Осыған байланысты Уәкіл ҚР ҒЖБМ атына «Назарбаев Университеті» ДББҰ-да және басқа да ЖОО білім алушылар туралы мәліметтерді «Е-макет» ААЖ-мен интеграциялауды қамтамасыз ету туралы ұсыныс жолдады. Министрлік ЖОО-ның тиісті ақпараттық жүйемен интеграциялануының аяқталғаны туралы хабарлады.

Өтініш берушілер арасында халықтың осал санаттарының тұрғын үй құқықтарын қорғауға жәрдемдесу туралы өтініш білдірген азаматтар (13) да болды.

Маңғыстау облысы бойынша өкіл Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Әлеуметтік жатақханасы» КММ-де тұратын 774 азаматтың құқықтарын қорғауға жәрдемдесті.

Өтініш берушілер өтініште әкімдіктің 2024 жылдың шілдесінен бастап халықтың осал топтарына жататын тұрғындарға жалдау ақысын енгізу туралы шешіміне келіспеушіліктерін білдірді.

Ұсынысты қарау нәтижесінде жергілікті атқарушы орган 2024 жылдың 10 қыркүйегінен бастап жатақханада тұратын азаматтар үшін жалдау төлемінің

Қаралуды қажет ететін мәселелердің бірі – Б-20 (АИТВ) ауруы бар пенитенциарлық жүйе мекемелерінен босатылған адамдарды АӘҚ көрсететін ұйымдарға орналастыру.

Бұл проблеманы ҚАЗ мекемелеріне мониторингтік бару барысында ШҚО бойынша өкіл анықтады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларының 32-тармағына сәйкес (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығымен бекітілген) инфекциялық аурулардың болуы қызмет алушылардың уақытша болу ұйымдарында болуына медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

Осы мәселені ЖАО-мен және прокуратурамен талқылағаннан кейін қолданыстағы ережелерді өзгерту қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

ҚР ЕХӘҚМ атына жолданған өтінішке жауап ретінде Б-20 диагнозы бар адамдарға АӘҚ көрсету мәселесін пысықтау үшін ведомствоаралық жұмыс тобы құрылғаны хабарланды. Құқық қорғау институтының өкілі жұмыс тобының құрамына енгізілді. Бұл мәселені біз қадағалайтын боламыз.

Есепті кезеңде қамқоршылардың қамқорлығындағыларға қатыгездік көрсету фактілері тіркелді (3).

ШҚО бойынша өкіл әлеуметтік қорғау органдарымен өзара әрекеттесе отырып, ұзақ уақыт бойы қамқоршы тарапынан қатыгездікке ұшыраған К.А. есімді қамқорлықтағы азаматшаның құқықтарын қорғауға жәрдемдесті.

Нәтижесінде К.А. «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығына орналастырылды, онда оған психологиялық көмек көрсетілді, кейіннен сот шешіміне сәйкес әрекетке қабілеттілігі қалпына келтірілді.

Осы тұрғыда, Қазақстанның Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндамасы бойынша БҰҰ Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитетінің №CRPD/C/KAZ/CO/1 қорытынды ескертпелеріне назар аудару қажет деп санаймыз. Олар барлық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың әрекетке қабілеттілігін тануға және ҚР Азаматтық кодексінде бекітілген қамқорлықты жоюға бағытталған кешенді заңнамалық реформаны бастауға, оларды мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың автономиясына, еркіне және таңдауына кепілдік беретін шешім қабылдаудың қолдау шараларымен ауыстыруға қатысты.

Ақыл-ой кемістігі бар адамдарға заңгерлік қолдау және консультациялар көрсете отырып, қамқоршыларды тағайындауды қайта қарау тәжірибесін енгізу орынды болып көрінеді.

Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру құқығын қамтамасыз ету жағдайын талдау мемлекеттің әлеуметтік қорғау саласындағы белсенді саясатты жалғастырып, қаржыландыруды ұлғайтып, азаматтардың осал санаттарын қолдаудың жаңа тетіктерін енгізіп жатқанын көрсетеді. Зейнетақымен қамсыздандыру, атаулы әлеуметтік көмек және зиянды өндіріс қызметкерлерін қолдау саласында айтарлықтай жақсартулар байқалады.

Алайда, азаматтардың Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгіну санының өсуі халықтың хабардарлығына, әлеуметтік төлемдердің қолжетімділігіне және құқық қолдану практикасындағы қиындықтарға байланысты тұрақты проблемалары барын куәландырады. Әсіресе, критерийлерге сәйкес келмеуіне байланысты төлем жасаудан бас тартуға, цифрлық жүйелердегі техникалық қиындықтарға, сондай-ақ шетелдегі қазақстандықтарға зейнетақы рәсімдеудегі мәселелерге қатысты сұрақтар өте өзекті болып тұр.

Баяндамада қаралған ерекше жағдайлар әлеуметтік қорғау тетіктерін одан әрі жетілдіру, оның ішінде заңнаманы реформалау, жәрдемақы беру рәсімдерін оңайлату және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсарту қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғауға, қамқорлықтағы адамдарға қатыгездіктің

алдын алуға және пенитенциарлық мекемелерден босатылған азаматтарды қолдау тетіктерін құруға назар аудару керек.

Осылайша, қол жеткізілген оң өзгерістерге қарамастан, біз әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің тиімділігін арттыру, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және халықтың сұраныстарына жедел ден қою жөніндегі жұмысты жалғастырамыз.

3.3 Еңбек құқықтары



Әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 23-бап

2024 жылғы негізгі деректер

265



Еңбек құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар

38,9%



Жұмыс берушінің заңсыз әрекеттері бойынша өтініштер

Шағымдарды қарау қорытындылары

12,7%



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді, сондай-ақ ішінара қанағаттандырылды

73%



Жазбаша түсініктемелер берілді

14,3%



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

Әркімнің әділетті және қолайлы еңбек жағдайына ие болу құқығы

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде және халықаралық еңбек ұйымының Конвенциялары мен ұсынымдарын қоса алғанда, адам құқықтары жөніндегі басқа да халықаралық шарттарда танылады.

ҚР Конституциясының 24-бабы еңбекті реттеу, ұйымдастыру және қорғау саласындағы базалық қағидаттарды бекітеді.

Мемлекет еңбек қатынастарының барлық қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы ең төменгі кепілдіктерді қамтамасыз етуге және еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға міндетті.

2024 жылы Қазақстанда азаматтардың еңбек құқықтарын одан әрі қамтамасыз етуге және қорғауға бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар іске асырылды.

Еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыруға, кәсіптік жарақаттану мен сырқаттанушылық деңгейін төмендетуге бағытталған Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы қабылданды¹².

2024 жылғы маусымда Халықаралық еңбек конференциясы барысында Қазақстан Республикасының делегациясы (ҚР Үкіметі, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер ұйымдары) және ХЕҰ Қазақстан Республикасында лайықты

¹² «Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1182 қаулысы / / Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001182> (12.01.2025).

еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына қол қойды.¹³

Жоспарға сәйкес Қазақстан мен ХЕҰ бірлескен күш-жігермен лайықты еңбек бағдарламасының қағидаттарын іске асыруға, оның ішінде халықаралық еңбек нормаларын енгізу арқылы ұлттық заңнаманы нығайтуға қол жеткізетін болады.

Іс-қимыл жоспары 1995 жылғы Шахталардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы конвенцияны (№176) ратификациялау және қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер енгізу жөніндегі нақты қадамдарды көздейді.

Ең маңызды жаңалықтардың бірі 2024 жылы мемлекеттік еңбек инспекциясын ЖАО-дан орталық мемлекеттік органның қарамағына беру болды. Бұл шара еңбек заңнамасының сақталуына мониторингті күшейтуге бағытталған.

Омбудсмен кеңсесінің 2024 жылы жүргізген әлеуметтанулық зерттеуіне сәйкес, **еңбекке және оған төленетін әділетті сыйақыға құқық** Қазақстандағы ең маңызды және жиі бұзылатын құқықтардың бірі болып табылады.

2024 жылы ұлттық құқық қорғау мекемесіне еңбек құқықтарын қорғау және қалпына келтіру туралы **265** өтініш түсті. (28-сурет)



28-сурет

Өтініштерді талдау 2024 жылы азаматтарды жұмыстан шығарылу салдарынан еңбек құқықтарын қалпына келтіру (49), жалақыны төлемей немесе кешіктіру (64), басшылық тарапынан қысым көрсету (103) мәселелері алаңдатқанын көрсетті.

Азаматтардың еңбек құқықтарын бұзу бойынша **25** өтініші қанағаттандырылды, ішінара қанағаттандырылғандары - **9**, ведомстволық

¹³ ХЕҰ мен Қазақстан лайықты еңбекті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын қабылдады // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.ilo.org/ru/resource/news/> (17.01.25).

бағыныстылығы бойынша жіберілгендері – **38** болса, **193** өтініш бойынша түсініктемелер берілді. (29-сурет)

Еңбек құқықтарын қорғау туралы өтініштерді қарау нәтижелері



29-сурет

Өтініштердің ең көп саны жұмыс берушінің іс-әрекетімен келіспеушілікке байланысты болды (**103**). Азаматтар басшылықтың қысым көрсетуі, дөрекі қарым-қатынас, еңбек жағдайларының сәйкес келмеуі және заңсыз тәртіптік жазалардың қолданылуы туралы мәлімдеді. (30-сурет)



30-сурет

Барлық келіп түскен сигналдар бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы жоспардан тыс тексерулер жүргізді.

Шымкент қаласы бойынша өкілге Н. есімді азаматша еңбек демалысы кезінде тәртіптік жаза қолдану бөлігіндегі басшылықтың заңсыз әрекеттеріне шағымданып келді.

Өкілдің сұрауы бойынша Шымкент қаласының Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы жоспардан тыс тексеру барысында еңбек заңнамасының бұзылуын анықтады. Материалдарды талдау өтініш берушінің басқа қызметкер жасаған теріс қылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын көрсетті. Сонымен қатар, теріс қылық жасау кезінде өтініш беруші жыл сайынғы еңбек демалысында болды.

Тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық заңсыз деп танылды, басшыға анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Тағы бір жағдай Шымкент қаласында орын алды.

Омбудсмен өкілі арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының медициналық мейірбикесі А.Г. есімді азаматшаның құқықтарын қорғады, ол басшылық тарапынан жұмыстан шығару мақсатында қысым көрсетіліп, жыл сайынғы еңбек демалысының берілмегені туралы хабарлады.

Шымкент қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының хабарлауынша, А.Г. есімді азаматшаға жыл сайынғы еңбек демалысы берілді, АӘҚККО директорымен еңбек қатынастары бұзылды.

Өтініштер саны бойынша екінші топ азаматтардың **жалақы, демалыс ақысы және басқа да төлемдердің төленбеуіне** шағымдануына байланысты (64) болды.

ҚР Еңбек Кодексінің 23-бабының 2-бөлігі 5) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті.


Іс жүзінде жұмыс берушілердің заңнаманың көрсетілген талаптарын бұзу жағдайлары жиі кездеседі.

Ақтөбе облысы бойынша өкілге Н. есімді азаматша бұрынғы жұмыс берушінің еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемеу бөлігіндегі оның еңбек құқықтарын бұзуына шағымданып келді.

Өкілдің Еңбек инспекциясы басқармасына жолдаған өтінішінің нәтижелері бойынша ЖШС басшылығының өтемақыны толық көлемде төлегені туралы хабарланды.

Жалпы есепті кезеңде Уәкіл мен оның өкілдері **64** өтініш берушіге **6 млн. теңгеден астам** сомаға жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алуға жәрдем көрсетті. (31-сурет)

**Еңбек құқықтары мәселелері бойынша өтініштерді қарау
қорытындылары бойынша өндіріп алынған сомалар туралы**



31-сурет

Мысалдардың бірі ретінде Қызылорда облысындағы жағдайды келтіруге болады.

Қызылорда облысы бойынша өкілдің атына облыстық фтизиопульмонология орталығының 58 қызметкерінің ұжымдық өтініші келіп түсті. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1 562 қаулысына сәйкес Орталық зиянды өндіріс жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге 5 пайыздық кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге міндетті болды.

Өтініш шеңберінде өкіл Денсаулық сақтау басқармасына, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша берешек сомаларын тексеру және өндіріп алу туралы сұраулар жолдады.

Жұмыс нәтижелері бойынша Орталық зиянды жағдайларда ұзақ уақыт жұмыс істейтін 58 қызметкерге 6 001 180 теңге сомасында 5 пайыздық кәсіптік зейнетақы жарналарын аударды.

Азаматтардың өтініштерінің үшінші тобы (49) жұмыстан шығарылуға келіспеуіне байланысты.

Шағымдардың осы санаты шеңберінде азаматтар жұмыстан босатудың негізсіздігін атап өтті, жұмыста қалпына келтіруге көмек көрсетуді сұрады.

Мұндай өтініштердің көпшілігі бойынша (36) бұрын тиісті тексерулер жүргізілген, олардың нәтижелері жұмыстан шығарудың заңдылығын растады. Соттың заңды күшіне енген шешімі болған жағдайда, азаматтарға ҚР «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 1-бабына сәйкес, ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ екендігі түсіндірілді.

Бірқатар өтініштер бойынша (13) құқық қорғау мекемесі өтініш берушілердің құқықтарын қорғауға жәрдем көрсете алды.

Ақтөбе облысы бойынша өкілге М.А. есімді азаматша жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтама берілгеніне қарамастан, оның лауазымының заңсыз қысқартылуына шағымданды.

Ақтөбе облысының Еңбек инспекциясы басқармасына жүгінген өкілдің көмегімен жұмыс беруші қысқарту туралы хабарламаны кері қайтарды, өтініш берушінің еңбек құқықтары қалпына келтірілді.

Азаматтардың құқықтарын қорғауға жәрдемдесу азаматтардың келіп түскен өтініштері шеңберінде ғана емес, мониторингтік сапар барысында да жүзеге асырылды.

Ақтөбе облысы бойынша өкіл ҚР Ұлттық ұланының №6655 әскери бөлімінде келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің еңбек құқықтарының бұзылғанын анықтады. Бақылаушылардың түнгі уақыттағы жұмыс ауысымының ұзақтығы 18 сағаттан астам үздіксіз болды (сағат 15:50-ден келесі күннің сағат 10:00-ге дейін).

Өкілдің ұсынысы негізінде Ақтөбе гарнизонының әскери прокуратурасы көрсетілген әскери бөлімде әскери қызметшілердің еңбек құқықтарының сақталуына тексеру жүргізді.

Тексеру барысында еңбек заңнамасының талаптарын сақтамау фактілері расталды, нәтижесінде анықталған бұзушылықтар жойылып, 8 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы хабарламаны жіберудің белгіленген мерзімін сақтамауы шағымдарды қарау барысында анықталатын тән бұзушылық болып табылады.

Қызылорда облысы бойынша өкілге П.Ж. есімді азаматша «The one» мейрамханасы қызметкерлерінің мүддесі үшін алдын ала хабарламасыз жұмыстан шығару мәселесі бойынша жүгінді.

Өкіл Еңбек саласындағы бақылау басқармасына тиісті сұрау жолдады, ол жеке кәсіпкердің еңбек заңнамасы талаптарының сақталуына жоспардан тыс тексеру жүргізгені туралы хабарлады.

Тексеру нәтижелері бойынша жұмыс берушіге анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК 87-бабына сәйкес әкімшілік шаралар қолданылып, 221 520 теңге сомасына айыппұл салынды.

Келіп түскен өтініштерді талдау көрсеткендей, жұмыс берушілердің әрекеттері мен шешімдеріне келіспеген кезде өтініш берушілер жеке еңбек дауларын қарау тәртібін әрқашан сақтамайды, азаматтар келісім комиссияларына сирек жүгінеді.

Еңбек құқығының ажырамас бөлігі **еңбек қызметін таңдау еркіндігі** болып табылады.

БҰҰ Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитетінің № 18 Жалпы тәртіптік ескертпесіне сәйкес, еңбек құқығы «әрбір адамның еңбекке келісім беру немесе оны таңдау туралы шешімді еркін қабылдау құқығын» қамтиды. Бұл еңбек қызметінің қандай да бір түрін жүзеге

асыруға немесе орындауға байланысты қандай да бір мәжбүрлеудің болмауын және әрбір жұмыскердің жұмыспен қамтуға қол жеткізуіне кепілдік беретін қорғау жүйесіне қол жеткізу құқығын білдіреді.

Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу еңбек заңнамасының негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. ҚР ЕК-нің 7-бабына сәйкес, мәжбүрлі еңбек қандай да бір адамнан қандай да бір жаза қолдану қатерімен талап етілетін, оны орындау үшін бұл адам ерікті түрде өз қызметтерін ұсынбаған кез келген жұмысты немесе қызметті білдіреді.

Құқық қорғау мекемесі мәжбүрлі еңбектің құрбаны болған азаматтардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін күш салуда.

Омбудсменге Н. есімді азамат А. есімді азаматқа қатысты мәжбүрлі еңбекке тартқаны үшін шара қолдану туралы өтінішпен жүгінді.

Өтінішке сәйкес, А. есімді азамат өтініш берушіні өзіне басқа ауылға жұмысқа шақырды. 2 апта жұмыс істегеннен кейін өтініш беруші жұмыс берушінің физикалық және психологиялық зорлық-зомбылығына ұшырады. Өтініш беруші қашып кетпес бұрын бір жылға жуық уақыт бойы еріксіз күйде болды.

Н. есімді азаматтың полиция органдарына өз бетінше жүгінуі нәтиже бермеді. Құқық қорғау мекемесі ҚР ІІМ-не жүгінгеннен кейін бас бостандығынан заңсыз айыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеудің тіркелгені туралы хабарланды. 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша тергеу аяқталмаған.

Мемлекет еңбек заңнамасын нығайту, еңбек қауіпсіздігін арттыру, кәсіптік жарақаттанудың алдын алу, сондай-ақ қызметкерлердің құқықтарын қорғау үшін белсенді шаралар қабылдауда. Бақылауды күшейту, оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекциясын Орталық органның қарамағына беру арқылы еңбек жағдайларын жақсартуға ықпал етеді.

Болашақта мемлекет жұмыскерлердің осал санаттарына, соның ішінде әйелдерге, жастарға, мүгедектігі бар адамдарға қатысты еңбек заңнамасын тиімді мониторингілеуге және сақтауға ерекше назар аудара отырып, еңбек құқықтарын қорғау тетіктерін жүйелі жетілдіруді жалғастыруы тиіс.

Сонымен қатар, тәуелсіз келісім комиссиялары мен құқықтық консультацияларды қоса алғанда, еңбек дауларын шешудің қолжетімді және тиімді тетіктерін дамыту қажет. Сондай-ақ, әсіресе жұмыссыздық деңгейі жоғары аймақтарда жаңа жұмыс орындарын құруға және әділ жалақы алуға назар аудару маңызды.

3.4 Қолжетімді тұрғын үй құқығы



Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 25-бап

2024 жылғы негізгі деректер

121 46,3% 653,1 мың



Тұрғын үй құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар



Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру мәселелері бойынша өтініштер



Азамат мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге кезекте тұр

Шағымдарды қарау қорытындылары



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді



Жазбаша түсініктемелер берілді



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

Көктемгі су тасқынының салдарын жою мемлекеттің тиімділігін көрсетті. Барлық зардап шеккендерге материалдық және қаржылық көмек көрсетілді.

Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жылжымайтын мүлік нарығында 5 767 тұрғын үй сатып алынды. 9 156 үйде жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Бұл міндетті шешуге мемлекет барлығы 54,7 млрд теңге бөлді. Жеке компаниялар мен кәсіпкерлер айтарлықтай үлес қосты – 153 млрд теңге.¹⁴

Қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2 680 жеке үй салынды. Сонымен қатар, 36 455 отбасы жалпы сомасы 13,3 млрд теңгеге 100 АЕК мөлшерінде біржолғы

Халықаралық құқықта әрбір адамның жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейіне, оның ішінде қолжетімді тұрғын үйге құқығы танылады.

Қолжетімді тұрғын үй құқығы мыналарды қамтитын бостандықтардың болуын болжайды:

- мәжбүрлі түрде көшіруден және тұрғын үйді жосықсыз түрде бұзудан қорғау;

- тұрғын үйге жосықсыз түрде басып кіруден бостандық құқығы;

- тұрғылықты жерін таңдау және еркін жүріп-тұру құқығы.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды элементі тұрғын үй құрылысы болып табылады.

Соңғы 80 жылдағы ең ірі су тасқыны 2024 жылдың көктемінде біздің еліміз үшін үлкен сынақ болды.

Табиғи апаттың нәтижесінде мыңдаған адамдар баспанасыз қалды. Он облыста төтенше жағдай режимі енгізілді, адамдарды қауіпсіз орындарға эвакуациялау жүргізілді.

¹⁴ Қол жеткізу тәртібі: https://rus.azattyq.org/a/32927178.html?utm_source=chatgpt.com (19.02.2025).

әлеуметтік көмек алды. 21 876 отбасына жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде өтемақы төленді.¹⁵

2024 жылы Уәкіл институтының атына қолжетімді тұрғын үйге құқықты іске асыру туралы **121** өтініш келіп түсті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштермен бірдей. (32-сурет)



32-сурет

Өтініштердің басым бөлігін Омбудсмен қарады (29). Өңірлік өкілдіктерден – Алматы қаласында (12) және Жетісу облысында қаралды (12). (33-сурет)



33-сурет

Қолжетімді тұрғын үйге құқық мәселелері бойынша өтініштерді талдау **19** жағдайда өтініш берушілердің талаптары қанағаттандырылғанын, **17**-сі ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілгенін, **85** өтініш бойынша түсініктемелер берілгенін көрсетті. (34-сурет)

¹⁵ Берік Уәли Мемлекет басшысының 2024 жылғы қызметінің негізгі нәтижелерімен бөлісті // Қол жеткізу тәртібі: <https://24.kz/ru/news/policy/item/687380-berik-uali-podelilsya-osnovnymi-itogami-deyatelnosti-glavy-gosudarstva-v-2024-godu> (20.01.2025).

Тұрғын үй құқығы бойынша өтініштерді қарау нәтижелері



34-сурет

Оң мысал ретінде Қызылорда облысындағы жағдайды келтіруге болады.

Қызылорда облысы бойынша өкілге Т.В. (жастарды әлеуметтік бейімдеу орталығының тәрбиеленушісі) тұрғын үй алуға жәрдемдесу туралы өтінішпен жүгінді.

Өтінішті қарау барысында Орталық тәрбиеленушілеріне арналған пәтерде Өзбекстан Республикасының үш азаматы заңсыз тұрғаны анықталды.

Омбудсмен өкілінің жергілікті атқарушы органға жүгінуі нәтижесінде Тұрғын үй инспекциясының қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды, пәтерде тұрған шетелдіктер ӘҚБтК 517-бабының 4-бөлігі бойынша, ал жалға беруші ӘҚБтК 493-бабының 5-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде Т.В. өзіне лайықты баспана алды.

Көбінесе азаматтардың өтініштерінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру мәселесі алаңдатты (46,2%). (35-сурет)

Тұрғын үй құқықтарын қорғау жөніндегі өтініштердің мәні



35-сурет


«Тұрғын үй кезегі» АЖ ресми статистикасына сәйкес 2024 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте **653,1** мың адам тұр.¹⁶

Кезекте тұрғандар санының өсу қарқынын атап өткен жөн (2022 жылы кезекте 633,3 мың адам болса, 2023 жылы **645,6** мың адам тұр).

¹⁶ SHANYRAQ сандармен // Қол жеткізу тәртібі: <https://hf.kezekte.kz/ru/statistics/general> (16.01.2025).

255 799 кезекте тұрғандар халықтың әлеуметтік осал топтарын құрайды, оларға ардагерлер; 1 және 2 топтағы МБА; мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар; жасы бойынша зейнеткерлер; толық емес отбасылар; экологиялық апаттар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар жатады. (36-сурет)

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге кезекте тұрғандардың санаттары



36-сурет

Өңірлер бөлінісінде кезекте тұрғандар саны бойынша көшбасшылар үштігіне: Түркістан облысы (67 841), Шымкент қаласы (51 671) және Жамбыл облысы (44 343) кіреді.

Егер өңірлердегі халық санына (100 мың адамға) қатынасы бойынша кезекте тұрғандардың санын ескеретін болсақ, онда **бірінші** орынға БҚО (4 601,7), **екінші** орынға Жетісу облысы (4 515,6) және **үшінші** орынға Қызылорда облысы (4 307,7) шығады. (4-кесте)


4-кесте

№	Аймақ	Халық саны	Кезекте тұрғандар	100 мың адамға
1.	Батыс Қазақстан облысы	695 301	31 996	4 601,7
2.	Жетісу облысы	696 112	31 434	4 515,6
3.	Қызылорда облысы	845 391	36 417	4 307,7
4.	Шымкент	1 246 661	51 671	4 144,8
5.	Атырау облысы	709 402	28 706	4 046,5
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	523 989	20 561	3 923,9
7.	Ақтөбе облысы	947 651	36 647	3 867,1
8.	Жамбыл облысы	1 222 973	44 343	3 625,8
9.	Павлодар облысы	752 447	25 920	3 444,8
10.	Қостанай облысы	826 602	26 777	3 239,4
11.	Абай облысы	604 520	19 867	3 286,4
12.	Маңғыстау облысы	800 526	25 838	3 227,6
13.	Түркістан облысы	2 153 616	67 841	3 150,1
14.	Қарағанды облысы	1 134 257	32 962	2 906,0
15.	Ақмола облысы	788 396	22 668	2 875,2
16.	Шығыс Қазақстан облысы	724 823	20 768	2 865,3
17.	Ұлытау облысы	221 558	6 234	2 813,7

18.	Алматы облысы	1 551 350	40 079	2 583,5
19.	Астана	1 502 102	38 674	2 574,7
20.	Алматы	2 275 541	43 913	1 929,8

БҚО мен Жетісу облысы 2023 жылдан бері кезекте тұрғандар саны бойынша көшбасшы болып келеді. 2024 жылы кезекте тұрғандардың айтарлықтай өсуі Түркістан облысында тіркелді (2023 жылмен салыстырғанда 3 849-ға артық болды). (37-сурет)

Өңірлердегі халық санына арақатынасы бойынша кезекте тұрғандардың саны, 100 мың адамға



37-сурет

Тұрғын үй мәселесін шешу мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, Омбудсмен институты азаматтарға қолжетімді тұрғын үй құқығын іске асыруға жәрдемдесуді жалғастыруда (кезекке қоюдан бас тарту, кезектен шығару, жалғыз тұрғын үйден шығару және т.б.).

2022 жылы қабылданған Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ¹⁷тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтарды қамтамасыз етудің іске асырылатын шаралары («Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес) кезектіліктің төмендеуіне айтарлықтай әсер етпейтіні атап өтілді.

Есепті кезеңде тұрғын үй саясаты саласында тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың санаттарын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды тиімді іске асыруға бағытталған елеулі өзгерістер болды.

Мәселен, 2024 жылғы 22 қарашада Мемлекет басшысы тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі мемлекеттік қолдау тетіктерін өзгертуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын

¹⁷ «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысы // Қол жетізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000736> (05.01.2025).

үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды.¹⁸

Түзетулер «Отбасы банк» АҚ базасында орталықтандырылған қою, есепке алу және тұрғын үйді бөлу функциялары жүктелген даму және қолдау институтын құруды көздейді.

Егер бұрын тұрғын үй бөлу белгілі бір санаттағы азаматтардың бірінші кезектегі құқықтарын ескере отырып, бөлек тізімдердің санына пропорционалды түрде жүзеге асырылса, енді тұрғын үй мұқтаждарды есепке қою күні мен табыс деңгейін ескере отырып бөлінетін болады, бұл кезекте ұзақ уақыт тұрған адамдарды бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кемінде 70% жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй беріле отырып, бірінші кезектегілердің тізбесі кеңейтілді:

- ҰОС ардагерлері;
- жетім балалар;
- көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар;
- 1 және 2 топтағы МБА;
- мүгедек балалары бар отбасылар;
- жеңілдіктері бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
- басқа мемлекеттер аумағындағы әскери қимылдарының ардагерлері;
- жесірлер.

Аталған заң шеңберінде Уәкілдің баяндамасында, сондай-ақ ҰАТ қатысушыларының 2023 жылғы шоғырландырылған баяндамасында көтерілген балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін уақтылы есепке қоймау, мекемелерден ауыстыру нәтижесінде тұрғылықты жері өзгерген кезде оларды кезектен шығару мәселелері шешімін тапты.

Мәселен, **бір облыс шегінде** тұрғын үйге мұқтаждарды **есепке қоюдың бастапқы күнін сақтай** отырып, ұйымға түскеннен немесе патронат тәрбиешімен шарт жасасқаннан кейін үш ай ішінде тұрғын үйге мұқтаж жетім балаларды, ата-анасының (әкесінің, анасының) қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою туралы норма заңнамалық түрде бекітілген.

2024 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезектілігі мәселелері бойынша уәкілдің атына келіп түскен азаматтардың өтініштерін (56) шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Кезекке қоюдан бас тартуға шағымдар (3).

Мұндай өтініштерді қарау кезінде, әдетте, уәкілетті орган кейіннен өтініш берушінің меншігінде өтініш бергенге дейін иеліктен шығарылған тұрғын үйдің бар екендігі анықталған.

¹⁸ Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-respublikasynyn-keybir-zannamalyk-aktilerine-turgyn-uy-sayasatyn-reformalau-maseleleri-boyynsha-zanyina-kol-koydy-22101453> (05.01.2025).

«Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 72-бабына сәйкес, егер азаматтың соңғы бес жылдың ішінде өз тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы салдарынан, оның Қазақстан Республикасының белгілі бір елді мекенінде орналасуына қарамастан, өзіне меншік құқығымен тиесілі, тұру үшін жарамды тұрғын үйді иелігінен шығаруы жолымен мұқтажға айналғаны анықталса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжай беру үшін есепке қоюдан бас тартылады.

Омбудсменге мүгедек баланы тәрбиелеп отырған Б.Б. есімді азаматша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді ұзақ күтуге, кезектің жылжымауына шағымданып келді.

Біздің сұрауымызға Ақмола облысының әкімдігі өтініш берушінің «KEZEKTE.KZ» АЖ-дағы кезек нөмірі туралы хабарлады, жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілуіне немесе коммуналдық тұрғын үй қорына пәтерлердің түсуіне қарай кезек тәртібімен тұрғын үй берілетіні туралы түсіндірмелер берді.

2. Кезекті ілгерілету (51).

Мұндай өтініштер бойынша уәкілетті органдарға сұраулар жіберілді және кезектің жылжу тәртібі туралы түсініктемелер берілді.

3. Кезектегі тізімнен шығарылумен және кезекке қойылғандар тізімінен алынып тастаумен келіспеу (2).

Бір жағдайда кезектегі тізімнен шығару негізделген және ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 73-бабында көрсетілген жағдайлардың туындауына байланысты орын алды.

Басқа өтінішті қарау кезінде Омбудсменнің өкілі өтініш берушінің құқығын қорғауға жәрдем көрсетті.

Қостанай облысы бойынша өкілге А.Е. есімді азамат «Қандастар» санаты бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегінен шығарылуына келіспеуі туралы жүгінді.

Өтінішті қарау шеңберінде өкіл тиісті сұрау салуды жолдады, сондай-ақ Рудный қаласы әкімдігінің Тұрғын үй қатынастары бөліміне баруды жүзеге асырды.

Уәкілетті органның мәліметтеріне сәйкес, азамат А.Е. 16.01.2007 жылдан бастап тұрғын үй алуға кезекте тұрды, кезекте тұрғандарды түгендеу және бұрын жұмыс істеген «Е-әкімдік» базасынан «KEZEKTE.KZ» АЖ-ға деректерді көшіру нәтижесінде 17.12.2019 жылы кезектен алынды (сәйкессіздіктері бар адамдар автоматты түрде кезектен шығарылды).

Өтініш берушіге оның сот арқылы қорғалу құқығы түсіндірілді, ол кейіннен кезекке қалпына келтірілді – Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 20.03.2024 жылғы шешімімен А.Е.-ның 2007 жылдан бастап кезекке қайта енгізілуі туралы арызы қанағаттандырылды.

Тұрғын үй мәселелері бойынша жоғарыда көрсетілген үш санаттағы өтініштерден басқа, Омбудсменге жалғыз тұрғын үйден шығаруға байланысты бір өтініш келіп түсті, ол бойынша бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге жәрдемдесуге мүмкін болды.

Омбудсменге Н.О. есімді азаматша жеке сот орындаушысының (ЖСО) қыс мезгілінде оны балаларымен бірге тұрғын үйден заңсыз шығарғаны туралы шағымданды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 42-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес, атқарушылық іс жүргізу халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары бар және оларды тәрбиелеп отырған және (немесе) тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасылар Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайынан жылыту маусымы кезеңінде мәжбүрлеп шығарылған жағдайда бір жұмыс күні ішінде тоқтатыла тұруға тиіс.

Өтінішті қарау нәтижесінде Алматы қаласының атқарушылық округінің ЖСО қаулысымен Н.О.-ны отбасының барлық мүшелерімен бірге тұрғын үйден шығару туралы атқару өндірісі 2025 жылдың 10 сәуіріне дейін тоқтатылды.

Қорытындылай келе, қолжетімді тұрғын үй құқығы халықаралық құқықта танылған лайықты өмір сүру деңгейі құқығының ажырамас бөлігі болып табылатынын атап өткен жөн. Бұл құқықты іске асыру мемлекеттік тұрғын үй саясатының, әсіресе азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына қатысты тиімді және атаулы шараларын талап етеді. Тұрғын үй құқығын қорғаудың маңызды аспектілеріне мәжбүрлеп шығарудың алдын алу, тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін қамтамасыз ету және жосықсыз араласудан қорғау жатады.


2024 жылғы көктемгі су тасқыны зардап шеккендерге тұрғын үй беруді қоса алғанда, зардаптарды жою жөніндегі мемлекеттік іс-қимылдардың тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, мемлекеттік қордан тұрғын үй алу кезегінде тұрған азаматтардың айтарлықтай саны одан әрі реформалардың қажеттілігін көрсетеді.

Заңнамадағы соңғы өзгерістер тұрғын үйді есепке алу және бөлу жүйесін жақсартуға, сондай-ақ көп балалы отбасылар, ардагерлер, МБА, жесірлер сияқты әлеуметтік осал топтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Алайда, ұзақ күтуге және тұрғын үй кезегінен негізсіз шығарылуға байланысты мәселелер сақталуда.

Бұдан әрі тұрғын үй саясатын тұрақты дамытуға, азаматтардың жағдайының нашарлауына жол бермеуге және әлеуметтік қорғауды күшейтуге баса назар аударылуы тиіс. Мемлекет пен құқық қорғау мекемелерінің үйлестірілген күш-жігері ғана барлық азаматтардың лайықты өмір сүру жағдайларына қол жеткізуін қамтамасыз ете алады.

4. АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

4.1 Әйелдердің құқықтары



Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция, 3-бап

2024 жылғы негізгі деректер



Шағымдарды қарау қорытындылары



бостандығынан айыру дегенді білдіреді.¹⁹

2024 жылғы 16 маусымнан бастап ұлттық заңнамаға әйелдер мен балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық көріністері үшін жауапкершілікті қатандатуды көздейтін, сондай-ақ отбасы институтын нығайтуға арналған түзетулер енгізілді.

ҚР Үкіметінің ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуді қамтамасыз ету жөніндегі 2024 – 2027 жылдарға арналған іс-

Қазақстан адам құқықтары саласындағы, оның ішінде әйелдер құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы негізгі құқық қорғау халықаралық шарттарының қатысушысы болып табылады.

БҰҰ-ның бесінші ТДМ-ін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамалық деңгейде ерлер мен әйелдердің толық құқық теңдігін қамтамасыз етеді, ол жынысы бойынша кемсітудің барлық түрлерін жоюға және қыздар мен әйелдер үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

БҰҰ декларациясына сәйкес, «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» терминінің мағынасы жыныстық белгі негізінде жасалған және әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық залал келтіретін немесе жапашектіретін кез-келген зорлық-зомдылық іс-әрекеті, сондай-ақ осындай іс-әрекеттерді жасауға қоқан-лоқы көрсету, қоғамдық немесе жеке өмірінде болсын мәжбүрлеу немесе ерікті түрде

¹⁹ Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы Декларация Бас Ассамблеяның 48/104 Қарарымен 1993 жылы 20 желтоқсанда қабылданды // қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9300000006> (11.01.2025).

кимыл жоспары²⁰ бекітілді. Құжат гендерлік теңдікті ілгерілету бөлігінде, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласында, сондай-ақ неке-отбасы қатынастары мен балаларды тәрбиелеуде 46 іс-шараны қамтиды.

Сонымен қатар, жәбірленушінің АӘҚ алу құқығы бөлігінде ҚР ҚІЖК-не; жәбірленушілер өтемақы алуға құқылы қылмыстар тізбесін кеңейту бөлігінде «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу сапасын қамтамасыз ету үшін барлық ПД-да тұрақты жұмыс істейтін жедел-тергеу топтары құрылды. Олардың құрамына 260-тан астам әйел тергеушілер, сондай-ақ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, жедел-криминалистикалық, криминалдық және ювеналды полиция бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына АӘҚ көрсету бойынша 69 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, онда 2024 жылы 5,5 мың әйел өтініш білдірген, оның 3,7 мыңы балалармен болған.

2024 жылы Қазақстан БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Кеңесіне үш жылдық мүшелігін сәтті аяқтады.

2024 жылы Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық саласында жаңа заңнама мен құқық қолдану практикасының қабылданғанын ескере отырып, АҚК 57-ші сессиясында Қазақстан «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жою» қарарын ұсынды. Құжат консенсуспен қабылданып, кең халықаралық қолдауға ие болды.

Соңғы жылдары шиеленіскен отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасы ұлттық құқық қорғау мекемесінің осы бағыттағы күш-жігерін одан әрі өзектендірді.


2024 жылы Уәкіл институты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған арнайы баяндама дайындады, Парламент депутаттарының атына заңнамалық шаралардың тиісті пакеті жіберілді.

Арнайы баяндамада отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы криминогендік ахуал, осы құбылысқа қарсы іс-қимылдың халықаралық стандарттары мен ұлттық тетіктері талданды; әлеуметтік сұрақтың нәтижелері баяндалды және Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұсыныстар берілді.

Қазіргі уақытта отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік ҚР ӘҚБтК мен ҚР ҚК-де белгіленген.

²⁰ Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуді қамтамасыз ету жөніндегі 2024 – 2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын бекіту туралы // қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000759> (11.01.2025).

«Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М нысанды есептің, сондай-ақ ҚСЖАЕК ақпаратының статистикалық деректеріне сәйкес 2020-2024 жылдар аралығында отбасы-тұрмыстық салада 9 860 қылмыстық құқық бұзушылық жасалған.²¹ (38-сурет)



38-сурет

2024 жылы **5 876** қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді (теріс қылықтар – 3 382, қылмыстар – 2 494), бұл отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтар санының айтарлықтай өскенін көрсетеді (2023 жылмен салыстырғанда 6 еседен астам – 923). Тіркелген құқық бұзушылықтар санының өсу себептерінің бірі **тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің өтініш берушіден анықтау сипатына** көшу болып табылады.


Парламент Мәжілісінде Омбудсмен бастамашылық еткен неке қию мақсатында адамдарды ұрлауды қылмыстандыру мәселесі қаралуда.

Жекелеген жағдайларда басқа қылмыстармен (заңсыз бас бостандығынан айыру, зорлау) бірге жүретін «қалыңдықты ұрлау» мәселесі бірқатар өңірлер үшін әлі де өзекті болып қалуда. Біз бұл әрекетті қылмыстандыру, елеулі ескерту әсерін тигізе отырып, бұл архаикалық құбылысты түпкілікті жоюға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

2024 жылы біздің атымызға әйелдер құқығын бұзу туралы 20 өтініш келіп түсті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 2 есе дерлік (2023 жылы – 11). Облыстар бөлінісінде шағымдар іс жүзінде біркелкі түсті. (39-сурет)

²¹ <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>


Өңірлер бөлінісінде әйелдер құқықтарының бұзылуы туралы өтініштер



39-сурет

Егер өтініштерді қараудың нәтижелілігін бағалайтын болсақ, қанағаттандырылған шағымдардың саны – **3, 14** бойынша түсініктемелер беріліп, шаралар қабылдау үшін уәкілетті органдарға жіберілгендер **3** болды. Сотта даудың мәні болып табылатын немесе сот тәртібімен қарауға жататын мәселелер бойынша да өтініштер болды, олар бойынша өтініш берушілерге түсініктемелер берілді. (40-сурет)

Әйелдер құқықтарының бұзылуы бойынша өтініштерді қарау нәтижелері



40-сурет

Талдау көрсеткендей, әйелдердің құқықтарын бұзу туралы өтініштердің жартысы (10) әртүрлі негіздер бойынша отбасылық-тұрмыстық саладағы қақтығыстармен байланысты: мүліктік мәселелер, алимент міндеттемелері, балаларға қамқоршылықты анықтау. (41-сурет)

Отбасылық-тұрмыстық саладағы әйелдердің құқықтарын қорғау жөніндегі өтініштердің мазмұны



41-сурет

Алименттік міндеттемелерді өндіріп алу бойынша кейсті келтірейік.

Алматы қаласы бойынша өкілге К.Э. есімді азаматша алимент өндіру туралы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде жеке сот орындаушысының әрекетсіздігіне шағымданып жүгінді.

ЖСО тарапынан қолда бар борышты өтеу мақсатында ешқандай пәрменді шаралар қабылданған жоқ. Алматы қаласы бойынша Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына сұрау жолдау нәтижелері бойынша ЖСО тәртіптік жасаукершілікке тартылды.

Әйелдің заңсыз бас бостандығынан айыру және мәжбүрлеп емдеу үшін денсаулық сақтау ұйымына орналастыру туралы өтініші қаралды.

Түркістан облысы бойынша өкілге И.Д. есімді азаматша күйеуінің заңсыз әрекеттері туралы хабарлап, оны Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығына» күштеп орналастырғанын айтты. Азаматша И.Д. заңсыз бас бостандығынан айыру фактісі бойынша қылмыстық істің сотқа дейінгі тергеуінің негізсіз тоқтатылуына келіспеушілігін білдірді.

Өкілдің прокуратураға жүгінуінің нәтижесінде тергеушінің қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысының күші жойылып, тергеу барысы бақылауға алынды.

Сондай-ақ денсаулыққа зиян келтіру фактісі бойынша өтініштер келіп түсті (4).

Шымкент қаласы бойынша өкілге Шымкент қаласы ПД қызметкері Д.С. бұрынғы күйеуінің әрекеттерінен зардап шеккен (жүйелі түрде ұрып-соғу) Ж.А. есімді азаматша жүгінді. Оның Д.С.-ға қатысты шаралар қабылдау туралы Шымкент қаласының ПД және аудандық прокуратураларына бірнеше рет жүгінуі оң нәтиже бермеді.

Өкілдің бастамасы бойынша Омбудсмен кеңсесі ҚР Бас прокуратурасына өтініште көрсетілген дәлелдерді тексеру туралы хат жолдады, нәтижесінде Д.С.-ға қатысты ҚР ҚК 107-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

2024 жылы Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдату және зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау жөніндегі

шараларды қоса алғанда, әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған елеулі қадамдар жасалды.

Әйелдер арасында олардың құқықтық мүмкіндіктері туралы белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тетіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет деп санаймыз, бұл олардың құқықтық хабардарлығын арттыруға және жанжалды жағдайлардың туындауын болдырмауға көмектеседі.

Уәкілетті институт мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, гендерлік теңдік мәдениетін дамыту және гендерлік стереотиптерді жою жөнінде аса маңызды шаралар қабылдайтын болады.

4.2 Кәмелетке толмағандардың құқықтары



“Балаларды жақсы етудің ең жақсы жолы – оларды бақытты ету”

Оскар Уайльд

2024 жылғы негізгі деректер



Шағымдарды қарау қорытындылары



Кәмелетке толмағандардың құқықтары адам құқықтары жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оларды қорғау кез келген мемлекеттің басым міндеті болуға тиіс.

Қазақстанда халықаралық стандарттар мен келісімдерге негізделген баланы құқықтық қорғау үшін жеткілікті заңнамалық база қалыптастырылды, Бала құқықтары туралы конвенцияны қоса алғанда, 16 халықаралық құжат ратификацияланды.

Қазақстанда балалар саны 6,7 миллион адамды құрайды, оның 3,7 миллионы – мектеп оқушылары, 2,5 миллионнан астамы – мектеп жасына дейінгі балалар, ал 400 мыңнан астамы – колледж студенттері.²² Ел халқының үштен бірінен астамын жас ұрпақ құрайтын жағдайда, балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мемлекеттің табысты және тұрақты дамуының негізі болып табылады.

2024 жылы Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Мәселен, 2024 жылғы сәуірде²³ әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға елеулі өзгерістер енгізген заң қабылданды. Негізгі

²² «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748> (15.01.2025).

²³ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000072/history//>
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748> (15.01.2025).

Қол жеткізу тәртібі:

өзгерістердің қатарында: 2017 жылы жойылған денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені және ұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қалпына келтіру; ерекше қатыгездікпен ұрғаны, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, 16 жасқа дейінгі балаларға жыныстық қысым көрсету, балаларды ұрлау және заңсыз бас бостандығынан айыру үшін жазаны қатаңдату; кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстары және кәмелетке толмағандарды өлтіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру. Сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қорқытқаны (соның ішінде кибербуллинг) және балаларды ересектердің еріп жүруінсіз қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіргені үшін әкімшілік айыппұлдар енгізілді.

Адам саудасына және кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тартуға қатысты нормалар күшейтілді.

Қазақстанда зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар қажетті көмек пен қорғауды ала алатын дағдарыс орталықтары белсенді жұмыс істейді. 2024 жылы мұндай мекемелердің саны 69-ға дейін ұлғайтылды, бұл бүкіл ел бойынша әлеуметтік қорғауға және қолдауға мұқтаж балаларды кеңірек қамтуды қамтамасыз етті.

Мүгедек балалардың құқықтарын қамтамасыз ету маңызды бағыт болып табылады.

Инклюзивті білім беру дамып келеді, елдегі мектептердің 86%-дан астамы мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға бейімделген. Мүгедектігі бар балалар үшін цифрлық платформа арқылы заманауи әлеуметтік қызметтер енгізілді, бұл қажетті көмек пен ресурстарға қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік береді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 115 ұйым, оның ішінде білім беру жүйесінде – 77, денсаулық сақтау жүйесінде – 20, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде – 18 мекеме жұмыс істейді.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор-балаларға» жобасы іске қосылды, оның шеңберінде Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50% 18 жасқа дейінгі барлық балалар арасында бөлінеді.

2024 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының өсуі белгілі бір алаңдаушылық тудырады. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ресми ақпаратына сәйкес, Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар саны **36,8%-ға** өсті. 2024 жылы барлығы **3 356** осындай қылмыс тіркелсе, 2023 жылы олардың саны **2 452** болған.²⁴

Құқық қорғау органдарының талдау бөлімшелері бұған ерекше назар аударуы тиіс. Ал біз, мұндай өсімнің себептерін шешуді жалғастырамыз.

Есепті кезеңде Уәкілдің атына кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы **230** өтініш, оның ішінде Қызылорда облысындағы жыныстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 16 жасар қыздың құқықтарын қорғау

²⁴ ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің құқықтық статистика интернет-порталы // Қол жеткізу тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (15.01.2025).


бойынша шаралар қабылдау туралы **131** өтініш келіп түсті. Олардың шегерілуінен кейін осы санаттағы шағымдар саны **100** құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен (92) аздап асады. (42-сурет)



42-сурет

Өтініштердің басым бөлігі Омбудсменнің атына – **171**, Алматы қаласы мен Қызылорда облысының өкілдігіне **8**-ден келіп түсті. (43-сурет)


Өңірлер бөлінісінде балалар құқықтарының бұзылуы туралы өтініштер



43-сурет

Келіп түскен өтініштердің көпшілігі бойынша жазбаша және ауызша түсініктемелер берілді (203). 15 жағдайда балалардың құқықтары ішінара немесе толық қалпына келтірілді. 12 шағым құзыреті бойынша қарау үшін мемлекеттік органдарға жіберілді. (44-сурет)

Балалар құқықтарының бұзылуы бойынша өтініштерді қарау нәтижелері



44-сурет

Төменде мәселелердің сипаты бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы өтініштер бойынша статистика берілген. (45-сурет)

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі өтініштердің мазмұны



45-сурет

Жоғарыда диаграммадан көрініп тұрғандай, жетекші орынды сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері мәселелері бойынша өтініштер (134) алады, бұл Қызылорда облысындағы жыныстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 16 жасар қыздың құқықтарын қорғау бойынша шаралар қабылдау туралы азаматтардың бірқатар өтініштерінің (131) санына

байланысты. Тиісінше, осы санат бойынша нақты статистика **4** өтінішті құрайды (оның ішінде 16 жасар қыздың өзі бойынша 1).

Қамқоршылық және ата-ана құқықтарын іске асыру мәселелері бойынша өтініштерде (22) азаматтарды ата-аналардың балаларды күту жөніндегі міндеттерін орындамауы, олардың тұрғылықты жерін анықтау, балалардың ата-аналарының бірімен қарым-қатынас тәртібінің бұзылуы мәселелері алаңдатты.

Дене жарақаттарын келтіру, қысым көрсету және қатыгездікпен қарау мәселелері бойынша өтініштер 2023 жылмен салыстырғанда **63%-ға азайды** (2023 жылы 27, ал 2024 жылы 10 факті болды).

Оң мысалдардың ішінде мынаны атап өтуге болады.

Кәмелетке толмаған Л.А.-ның ауыр өмірлік жағдайда болуына байланысты, Жетісу облысы бойынша өкілдің ұсынысы бойынша Талдықорған қаласының білім беру және денсаулық сақтау бөлімдерінің басшылары, өңірлік балалар Омбудсмені, әлеуметтік қызметтер мен полиция өкілдері кіретін комиссия құрылды.

Анасы балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны, тұрғын үйді антисанитарлық жағдайда ұстағаны, алкогольдік ішімдіктерді асыра пайдаланғаны, ұлын ұрып-соғып, суық сарайға қамап тастағаны анықталды.

Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған сотының шешімімен Л.А.-ның анасы мен әкесі ата-ана құқығынан айырылды, ал бала мамандандырылған интернатқа тұруға жіберілді.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға жәрдемдесу жазбаша және ауызша өтініштер шеңберінде де, мандатты мекемелерге мониторингтік бару барысында да жүзеге асырылады.

Шымкент қаласы бойынша өкіл «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету балалар орталығы» КММ-не барған кезде және бейнежазбаларды қарау кезінде балаға қатыгездікпен қарау фактісі анықталды. Өкілдің ұсынымын қарау қорытындысы бойынша Орталықтың бірқатар қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Балалардың АӘҚ алу құқығының жүйелі бұзылу фактілері анықталды.

Жетісу облысы бойынша өкілдің «Мерей» балаларды оңалту орталығына баруы барысында балаларға 3-ші топ мүгедектігі белгіленгеннен кейін оларды заңсыз шығару фактілері анықталды.

Өкіл әкімдікке жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберу туралы ұсынысын жіберді.

Министрліктің қарауының нәтижелері бойынша барлық ЖАО-ға заңнама нормаларының түсіндірмесі жіберілді, 3-ші топ мүгедектігі бар балалардың жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда әлеуметтік қызметтер алуға құқығы бар екені айқындалды.

Осылайша, балалардың құқықтарын жүйелі түрде бұзылғаны анықталды. ЖАО бұл ақпаратты барлық ведомстволық мекемелерге жеткізгені туралы хат жіберді.

Азаматтардың шағымдарының тақырыбы білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әрекеттері мен әрекетсіздігі де болды (7).

Қызылорда облысы бойынша өкілдің атына кәмелетке толмаған ұлының мүддесі үшін азаматша М.Т. сынып жетекшісінің тиісті емес мінез-құлқына (қорқыту) шағымданып өтініш түсірді.

Қызылорда облысындағы білім басқармасының атына жіберілген сауалдың қорытындысы бойынша мектеп директорының орынбасары мен сынып жетекшісі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

4 шағым алимент төлемдеріне қатысты болды.

Әрбір өтініш бойынша шаралар қабылдау үшін уәкілетті органдарға сұраулар жіберілді.

Шымкент қаласы бойынша өкілдің атына С.К. есімді азаматшадан мүгедектігі бар баланы емдеуге байланысты шығындарды өтеу үшін бұрынғы жұбайынан қосымша сомаларды өндіріп алу туралы сот шешімін орындауға көмектесу туралы өтініш түсті.

Өтінішке сәйкес, ЖСО берешек сомасын өндіріп алу бойынша пәрменді шараларды қабылдамаған.

Өтінішті қарау шеңберінде Омбудсмен өкілі Шымкент қаласы бойынша Әділет департаментінің басшылығымен бірлесіп өтініш берушіні қабылдауды ұйымдастырды, берешек сомасын белгілеу және өндіріп алу жөнінде шаралар қабылданды.

Есепті кезеңде бізге жеке өтініштер бойынша өтініш берушілердің құқықтарын қорғауға ғана емес, сонымен қатар шектелмеген тұлғалар тобының құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге көмектесу мүмкін болды.

Бізге көпбалалы ана М.А. Шымкент қаласындағы №8 мамандандырылған гимназияға шағым білдірді. Ол Үлгілік қағидалармен реттелген жалпы негіздерде конкурстан өту қажеттілігіне байланысты қызын мектепке қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлады.

Үлгілік қағидалардың 18-1-тармақтарына сәйкес ХӘОТ тізбесі бекітілді, олардың ішінен мамандандырылған білім беру ұйымына қабылданатындардың жалпы санынан білім алушылардың 15% іріктеледі. Бұл ретте, бұл тізімге көп балалы отбасылар кірмейді. Өтініш беруші аталған тізімді көпбалалы отбасылардан шыққан балалармен толықтыруды сұрады.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағында көпбалалы отбасылардан шыққан балалар мемлекет білім алу кезеңінде осындай балалардың белгілі бір шығындарын толық немесе ішінара өтейтін, әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтарға жатқызылған.

ҚР ОАМ ұсынымға жауап ретінде аталған мәселе оң шешімін тапқаны туралы хабарлады. ҚР ОАМ-ның 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 94 бұйрығымен Үлгілік қағидалардың 18-1-тармағына тиісті өзгерістер енгізілді. Енді көпбалалы отбасылардан шыққан балалар әлеуметтік осал топтар тізіміне кіреді, олардың ішінен 15% білім алушылар іріктеледі.

ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары **әркімге тумысынан жазылған**, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның кеңсесі 2025 жылы балалардың құқықтарын көтермелеу және қорғау жұмыстарын жалғастырады.

4.3 Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары



Қатысушы мемлекеттер барша мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітушіліксіз толық іске асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеуге міндеттенеді.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция, 4-бап

2024 жылғы негізгі деректер

732 мың



Қазақстанда МБА тұрады

143



МБА құқықтарының бұзылуы туралы шағымдар

31,4%



Мүгедектік тобын белгілеу мәселелері бойынша өтініштер


Шағымдарды қарау қорытындылары



Қанағаттандырылды және өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді, сондай-ақ ішінара қанағаттандырылды



Жазбаша түсініктемелер берілді



Ведомстволық бағыныстылығы бойынша жіберілді

қажеттіліктері бар **732 мыңға жуық адам** тұрады²⁵, бұл республика халқының жалпы санының **3,6%** құрайды. Осылайша, мүгедектігі бар адамдар халықтың едәуір бөлігін құрайды және олардың экономикалық белсенділігі елдің дамуына айтарлықтай үлес қоса алады.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдардың қоғамға қосылуы қоғам дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік өмірге қаншалықты табысты кіріктіретінімізге байланысты барлық азаматтардың өмір сүру сапасы тәуелді.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция МСА үшін адам құқықтары саласындағы стандарттарды белгілейтін негізгі халықаралық құжат болып табылады. Оны БҰҰ Бас Ассамблеясы 2006 жылдың 13 желтоқсанында қабылдады, ал 2008 жылдың 3 мамырында ол күшіне енді.

2023 жылғы 7 маусымда Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялады.

Осылайша, біздің еліміз халықаралық стандарттарға сәйкес мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге міндеттеме алды.

Мүгедектігі бар адамдар үшін құқықтарды қамтамасыз ету және тең мүмкіндіктер жасау қазіргі қоғамның маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан, әлемнің көптеген басқа елдері сияқты, әр адам өзінің ерекшеліктеріне қарамастан өз әлеуетін іске асыра алатын инклюзивті орта құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Бүгінде Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қоғамға қосылуы қоғам дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік өмірге қаншалықты табысты кіріктіретінімізге байланысты барлық азаматтардың өмір сүру сапасы тәуелді.

²⁵ Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтар күні атап өтіледі // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/863470?lang=kk> (13.01.2025).

Соңғы жылдары біздің елімізде МБА құқықтарын қорғау саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді.

Мүгедектігі бар адамдардың білім алу, жұмыс істеу, медициналық қызмет көрсету, әлеуметтік көмек, оңалту қызметтері, саяси және қоғамдық өмірге қатысу және т.б. құқықтарын жүзеге асыруына кепілдік беретін заңнама жұмыс істейді.

Барлық өңірлерде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолжетімді орта құру, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамтамасыз ету, АӘҚ көрсету және техникалық көмекші құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдануда.

2024 жылдың басынан бастап шипажайлық-курорттық емдеу қызметтерімен **79,7 мың мүгедек адам** қамтылды²⁶, агрегаторлар арқылы мүгедектерге арналған такси қызметтері **207 мыңнан астам** рет пайдаланылды²⁷.

МБА-ға 2024 жылы²⁸ әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 1,1 млн. астам қызмет көрсетілді.

Жыл сайын республикалық бюджеттен МБА әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындар **орта есеппен 22%-ға** өседі. 2024 жылы олар **748,5 млрд. теңгені құрады**.²⁹

2024 жылғы маңызды іс-шаралардың бірі БҰҰ-да **Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның орындалуы туралы алғашқы баяндаманы** қарау болды. 2024 жылы мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыру аяқталды. Ол 2019 жылы басталып, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған 95 іс-шараны қамтыған. 2024 жылы осы іс-шаралардың елеулі бөлігі аяқталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін **2024 жылғы желтоқсанда 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы бекітілді**.³⁰

Тұжырымдаманы әзірлеу халықаралық тәжірибені, БҰҰ Мүгедектер құқықтары жөніндегі комитетінің ұсыныстарын және жұртшылықтың ұсыныстарын ескере отырып жүргізілгенін атап өту маңызды.

Құжаттың басты жаңалығы мүгедектіктің медициналық-әлеуметтік моделінен әлеуметтік-құқықтық қорғау моделіне көшу үшін жағдай жасау болып табылады.

²⁶ Жыл басынан бері мүгедектігі бар 80 мыңға жуық адам санаторийлік-курорттық емдеумен қамтылды // <https://ortcom.kz/kk/novosti/1729653932> (13.01.2025)

²⁷ 2024 жылы мүгедектігі бар адамдар агрегаторлар арқылы инвтакси қызметіне 207 мыңнан астам тапсырыс берді // <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/917110?lang=kk> (14.01.2025)

²⁸ 2024 жылы мүгедектігі бар адамдар Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 1,1 млн астам қызмет алды // <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/917868?lang=kk> (14.01.2025)

²⁹ Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтарға мемлекеттік қолдау проактивті форматта көрсетіледі // <https://ortcom.kz/kk/deyatelnost-pravitelstva/1730867358> (14.01.2025)

³⁰ «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143> (15.01.2025)

Инклюзивті саясатты іске асырудың жаңа тәсілдері құқықтарды іске асыруға, МБА мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың қоғамға толыққанды әлеуметтік ықпалдасуы үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған пәрменді шаралар кешенін қабылдауды көздейді.

2024 жылғы маусымда «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына түзетулер енгізілді. Өзгерістерге сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтардың, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары бар және оларды тәрбиелеп отырған және (немесе) тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасылардың Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайына меншік құқығы мәжбүрлеп тоқтатылған кезде жылыту маусымында тұрғынжайдан шығаруға тыйым салынады.

Бұдан басқа, жоғарыда аталған Заң азаматтардың жеңілдікті санаттарының тізбесін кеңейтеді. Бірінші кезекте, жесірлер мен соғыс ардагерлері, мүгедек балалары бар отбасылар, I және II топ мүгедектігі бар адамдар тұрғын үй ала алады.

2024 жылғы шілдеде ҚР ӨК-не енгізілген өзгерістер ҚР Президентінің жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыретін айқындады. Осы жылы ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен ҚР-дағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл арасында адам құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

МБА-ның құқықтарына кепілдік беретін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық құжаттарға, сондай-ақ мемлекеттің ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қабылдаған шаралар кешеніне қарамастан, іс жүзінде соңғылардың құқықтарын жүзеге асыру мемлекет пен қоғам тарапынан қосымша күш-жігерді талап етеді.


Мүгедектігі бар адамдар білім алуға, медициналық қызметтерге, жұмысқа орналасуға және басқа да тіршілік салаларына қол жеткізудің шектеулі болуына қатысты проблемаларға әлі де тап болуда.

Мүгедектігі бар азаматтар мен олардың өкілдерінің Уәкілге жолдаған өтініштері бұған дәлел болады, олардың саны 2023 жылмен салыстырғанда **19,1%-ға артты** (120-дан 143-ке дейін өсті). (46-сурет)



46-сурет

Өтініштердің басым бөлігін АҚУ (40) және Павлодар облысы бойынша өкілдік (27) қарады. (47-сурет)



47-сурет

Жалпы, ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өтініштері бойынша аталған санаттағы тұлғалардың құқықтарын түсіндіруге бағытталған үрдіс байқалады. (48-сурет) Осылайша 143 өтініштің 84-і бойынша түсіндірме берілді, 28-і қанағаттандырылды, 23-і басқа мекемеге жіберілді, 8-і ішінара қанағаттандырылды.

Мүгедектігі бар адамдар құқықтарының бұзылуы бойынша өтініштерді қарау нәтижелері



48-сурет

2024 жылы МБА үшін әлеуметтік қорғауға (41), мүгедектік тобын, еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін айқындауға (45) және лауазымды тұлғалардың олардың құқықтарын бұзуына (29) байланысты мәселелер ең өзекті болып табылды. (49-сурет)

Мүгедектігі бар адамдар өтініштерінің мәні



49-сурет

Азаматтардың МӘС нәтижелерін қайта қарау туралы өтініштерінің көп болуына қарамастан, қайта куәландырулардың көпшілігінде алғашқы диагноз өзгеріссіз қалды. Шағымдардың сәттілік пайызы салыстырмалы түрде төмен болды. Мүгедектік тобын белгілеу (өзгерту) туралы 45 өтініштің 17-сі бойынша оң шешім қабылданды, олардың басым бөлігі бірінші рет берілген өтініштер бойынша қабылданды.

Ақтөбе облысы бойынша өкілдікке азаматша А. ағасының мүгедектік дәрежесін растау мәселесі бойынша өтініш берді. Өкілдің жұмысының арқасында азамат Б. тиісті ем алып, куәландырудан өтті және оған мүгедектік тобы белгіленді.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Мемлекет басшысы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша қолайлы жағдайлар құруды, олардың инстанцияларға баруын және қағазбастылықты болдырмауды тапсырды.

Осы тапсырманы орындау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстанның барлық өңірлерінде пилоттық режимде МӘС өткізудің сырттай форматы бойынша жобаны іске асыруда.

Мүгедектік тобын белгілеу жөніндегі қызметті алу үшін өтініш берушіге тек тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгіну және қажетті тексеруден өту қажет, қалған процестер ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен оның қатысуынсыз өтеді.

МӘС өткізудің сырттай форматы бойынша пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде 2024 жылы мүгедектік тобын белгілеу үшін Қазақстанның барлық өңірлерінен 96,9 мыңнан астам өтінім қаралды.

АҚУ-дың Шымкент қаласы бойынша өкілдігіне Г. есімді азамат білікті медициналық көмек алуға және мүгедектігін белгілеу үшін МӘС-ке жолдама алуға жәрдемдесу туралы өтініш білдірді. Өтінішке сәйкес, өтініш берушінің көру қабілеті бұзылған (сол көзі толығымен соқыр болған, оң көзіндегі көру қабілеті 30%-ға сақталған). Өкілдің әрекеттерінің нәтижесінде Г. уақытша тұрғылықты жері бойынша емханада толық медициналық тексеруден және зерттеуден, сондай-ақ ауруханада стационарлық емдеуден өтті. МӘС комиссиясының нәтижелері бойынша Г.-ға 5 жылға бірінші топ мүгедектігі берілді.

Жеке санатты мүгедектік белгілеуден бас тартуға келіспейтін азаматтардың өтініштері (9) құрады.

Талдау көрсеткендей, мұндай бас тартулардың себептері әдетте негізделген және өтініштерді қайта қарау шешімнің өзгеруіне әкелмейді.

Сонымен қатар, мүгедектікті белгілеу үшін бірінші рет жүгінген азаматтарға АҚУ өкілдері мен құзыретті органдар МӘС-тен өту тәртібі туралы егжей-тегжейлі түсіндірмелер берді, бұл өтініштер санын азайту мақсатында хабардарлықты арттыруға ықпал етті.

МӘС рәсімі, оның мақсаттары мен бағалау критерийлері туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет деп санаймыз. Азаматтарға қабылданған шешім себептері, әсіресе бас тартқан жағдайда, егжей-тегжейлі түсініктеме берілуі керек.

Ең көп өтініштер саны бойынша келесі топ (41) әлеуметтік қорғауға және әлеуметтік жәрдемақыларға қатысты болды.

МБА-ны әлеуметтік қорғау денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың кешенді жүйесі болып табылады.

Бұл саладағы халықаралық зерттеулер әртүрлі елдерде кездесетін жалпы үрдістер мен қиындықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі – әлеуметтік қорғаудың әртүрлі модельдерінің тиімділігін зерттеу. Зерттеулер көрсеткендей, ең сәтті

модельдер мемлекеттік қолдау бағдарламаларын, мемлекеттік емес ұйымдар ұсынатын қызметтерді және мүгедектердің өздері шешім қабылдауға белсенді қатысуын біріктіреді. Әлеуметтік қызметтер мен оларды алу тетіктері туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету де маңызды аспект болып табылады.

Тиісті әлеуметтік қорғау мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоғам өміріне барлығымен тең қатысуға мүмкіндік береді, олардың өзіндік бағасын және өмір сүру деңгейін арттырады.

2024 жылы азаматтар әлеуметтік қолдау, оның ішінде шипажайлық-курорттық емделуге жәрдемдесу бойынша өтініш білдірді (3).

Павлодар облысы бойынша өкілге Екібастұз қаласының тұрғыны шипажайлық-курорттық ем мәселесі бойынша жүгінді.

Өтініш беруші оның санаторий-курорттық емделу кезеңі 2024 жылдың қараша-желтоқсан айларына белгіленгенін хабарлады. Алайда, 2 топтағы мүгедек адам ретінде ол күзгі-қысқы кезеңде қозғалуда белгілі бір қиындықтарға тап болады.

Өкіл жүргізген жұмыстың нәтижесінде қызметті ең қолайлы кезеңде алу мәселесі оң шешілді.

Сондай-ақ, МБА-дан өздерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қолжетімді орта арқылы кез келген шектеусіз, еркін көлемде жүзеге асыруға жәрдем көрсету туралы өтініштер келіп түсті (3).

Атырау облысы бойынша өкілге көзі бойынша I-топ мүгедегі С. есімді азамат жүгінді.

Өтініш беруші облыс мешіттерінде көзі көрмейтін мүгедектерге арналған жағдайлардың жоқтығын атап өтті.

Өкіл Атырау облысының әкімі мен Дін істері жөніндегі басқармасына МБА өмір сүру сапасын жақсарту және көзі нашар көретін мүгедектер үшін «Брайль» қаріптерін қолдану мүмкіндігін қарастыру бойынша ұсынымдар жіберді.

АҚУ-ға МБА мүддесінде әртүрлі мәселелерді шешуге, оның ішінде әлеуметтік қызметтерді көрсетуге байланысты жәрдемдесу туралы өтініштер жолданды (35).

АҚУ-дың Абай облысы бойынша өкіліне бала кезінен мүгедектігі бар адамның қамқоршысы А. есімді азамат оны оңалтуға жәрдемдесу туралы өтінішпен жүгінді.

АҚУ өкілінің өтініші бойынша қамқоршының келісімімен «Абай облысының облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК пациент А.-ға Оңалту орталығына бару үшін ОЖБ әзірлеуге сырттай-белсенді форматта 031У нысанын жіберді, содан соң түзету жүргізіліп, оңалту орталығына бару үшін ОЖБ әзірленді.

Сондай-ақ, АҚУ өкілінің өтініші бойынша Семей қаласы әкімдігінің А. есімді азаматқа «Абай облысының мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалту орталығына» жолдама беру туралы оң қаулысы қабылданды.

МБА, әсіресе күрделі өмірлік жағдайлардағылар, көбінесе қоғамнан оқшауланған, олар қосымша қолдауға мұқтаж болады. Өкінішке орай, қолданыстағы әлеуметтік қорғау жүйелері әрдайым барлық мұқтаждарды қамти алмайды, сондықтан бей-жай қарамайтын азаматтардың өтініштері мұндай жағдайларды анықтауда және қажетті көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты, уәкілетті мемлекеттік органдар мен қызметтерге мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктерін анықтауға және олардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша мақсатты бағдарламалар әзірлеуге бағытталған белсенді саясат жүргізу орынды деп санаймыз.

2024 жылы АҚУ және оның өкілдерінің атына МБА-дан техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын, оңалту және абилитациялауды ұсыну мәселелері бойынша өтініштер түсуін жалғастырды (5).

Қажетті техникалық оңалту құралдарының болмауы мүгедектердің толыққанды өмір сүру және әлеуметтік интеграция мүмкіндіктерін айтарлықтай шектейді. Мемлекет МБА-ны қоғамға белсенді қатыса алатындай құралдармен үздіксіз қамтамасыз етуі керек.

Жеке көмекшілердің қызметтері мәселесі МБА үшін өзекті болып қала берді (5).

Ақтөбе облысы бойынша өкіл Б.Б. есімді азаматтың жеке көмекшісін ауыстыру мәселесі бойынша өтінішін қарады.

Өкілдің көмегімен өтініш берушіні Қаракұдық ауылдық округінің әкімі қабылдап, бұрынғы көмекшіні оның жұбайына ауыстыру үшін құжаттарды дайындауға көмек көрсетілді. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өтініш берушінің жұбайы жаңа жеке көмекші ретінде тіркелді.

2024 жылы азаматтарды жеке көмекшілер субъектілерінің шеңберін кеңейту мәселесі алаңдатты.

Мәселен, біздің мекен-жайымызға жеке көмекшінің, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың зейнеткерлік жастағы жұбайлары мен жұбайларының қызметтерін ұсынуға құқығы бар тұлғаларды тізімге енгізу талабымен МБА ұжымдық арызбен жүгінді.

Осындай қызметтерді көрсетуге құқығы бар субъектілер тобын айқындай отырып, ҚР ӘК 163-бабы зейнеткерлік жасқа толған жұбайын жеке көмекші етіп тағайындауға тыйым салады.

Зейнеткерлік жастағы жақын туыстарына жеке көмекші болуға мүмкіндік бере отырып, жұбайына/зайыбына мұндай құқықтан бас тарту негізсіз болып көрінеді. Германия, Франция және Норвегия сияқты бірқатар елдерде ерлі-зайыптыларға жасына қарамастан жеке көмекші қызметтерін көрсетуге мүмкіндік беретін ұқсас нормалар бар, бұл мүгедектер мен олардың отбасыларының өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның 4-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер мүгедектік белгісі бойынша қандай да бір

кемсітушіліксіз барлық мүгедектердің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық жүзеге асыруды қамтамасыз етуге және ынталандыруға міндеттенеді.

Осыған байланысты ЕХӘҚМ ҚР ӘК 163-бабының 2-тармағы 5-тармақшасына тиісті түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Министрліктің ақпараты бойынша, түзетулер енгізу туралы ұсыныстар есепті жылдың соңында Парламент Мәжілісіне жолданды.

Өтініштерді қарау мен мониторингтік сапарлар тәжірибесі әрекетке қабілетсіз адамдарға қамқоршылықты белгілеуге және жоюға байланысты бірқатар проблемалық мәселелерді анықтайды.

Қазақстан мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуде айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Алайда, бұл құқықтарды іс жүзінде жүзеге асыру бірқатар қиындықтарға тап болады. Өтініштерді қарау нәтижелері көрсеткендей, МБА медициналық қызметтерге қол жеткізуде, мүгедектік тобын белгілеу рәсімдерінде, жұмысқа орналасуда және өмірдің басқа салаларында мәселелерді бастан өткеруін жалғастыруда. Осы санаттағы өтініштер саны жыл сайын өсіп келеді, бұл қолданыстағы жүйені жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен мүгедектер қоғамдастығының арасындағы тиімді ынтымақтастыққа, сондай-ақ әлеуметтік қолдау жүйесінің ашықтығы мен жеделдігін арттыруға бағытталған одан әрі шаралар қабылдау талап етіледі.

5. ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ



Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) – бұл азаптау, сондай-ақ қатыгез, адамшылыққа жат немесе арнамысты қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында арнайы мекемелерге мониторинг жүргізетін тәуелсіз органдар

2024 жылғы негізгі деректер

3 500



Мандатпен басқарылатын мекемелер

489



ҰАТ қатысушылары алдын алу сапарын жүзеге асырды

3 254



Уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынымдар жіберілді

25%



Ұсынымдар орындалды

20



ҰАТ аймақтық топтары

Қазақстан 1998 жылы азаптауға қарсы конвенцияға қосылды. 2005 жылы еліміз Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні, ал 2008 жылы Азаптауға қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялады.


Қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындау үшін 2013 жылы үш кодекс пен үш заңға ҰАТ – қоғамнан уақытша оқшаулауға арналған орындарға тұрақты бару жүйесін құратын өзгерістер енгізілді (анықтама: ҚАК, ӘК, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс; «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдар).

Осы уақыт ішінде мандатты мекемелердің саны **шамамен 6 есе**, яғни 597-ден 3500-ге дейін өсті.

2024 жылы 146

қатысушыдан тұратын 20 өңірлік ҰАТ тобы жұмыс істеді (2022 жылы екі жылдық мерзімге сайланды). Бұл құқық қорғаушылар, дәрігерлер, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер. Тәжірибе көрсеткендей, мандат аяқталғаннан кейін ҰАТ қатысушыларының 80%-дан астамы қайта сайланады.

2024 жылы ҰАТ қатысушылары келесі мекемелерді қамти отырып, **489** алдын алу сапарын (**149** – мерзімді, **307** – аралық, **33** – арнайы) жүзеге асырды (50-сурет):



50-сурет

Нәтижесінде, уәкілетті органдарға **3 254** ұсыным жіберілді, оның **25% орындалып**, қалғаны орындалу барысында. ҰАТ ұсынымдарын орындаудың ең жоғары пайызы Ақтөбе облысында (**83,4%**), Түркістан облысында (**72%**), Қостанай облысында (**59%**) және Павлодар облысында (**55%**) байқалады.

Ұсыныстардың негізгі сипаты келесідей (**51-сурет**):



51-сурет

Өкінішке орай, жекелеген мемлекеттік органдар тарапынан ҰАТ міндеттері мен функцияларын түсінбеу әлі де байқалады. ҰАТ қатысушылары сапарлар барысында олардың қызметіне кедергі келтіріп, куәліктің көрсетілуіне қарамастан жабық мекемеге жіберілмеуге тап болады.

Мәселен, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің арнайы алдын алу сапары туралы бұйрығына сәйкес, 2024 жылғы 20 шілдеде Алматы облысы бойынша ҰАТ тобы Қонаев қаласы полиция басқармасының УҰИ-не барды. Алайда, объектіге келген кезде қатысушылар мекемеге жіберілмеді. Қонаев қаласының және Алматы облысының кезекші прокурорларына кедергі келтіру фактісі бойынша ауызша өтініш нәтиже бермеді.

Осыған байланысты ҰАТ қатысушылары Алматы облысының прокуратурасына жібермеу туралы актіні қоса отырып, ҚР ӘҚБтК 507-бабы бойынша әкімшілік іс қозғау туралы хат жолдады.

Дәл солай, 2024 жылдың 21 қыркүйегінде Жамбыл облысы бойынша ҰАТ тобы Талас ауданы полиция бөлімінің УҰИ-іне барды. Алайда, объектіге келген кезде қатысушылар мекемеге жіберілмеді.

Екі факт бойынша да Уәкіл Алматы және Жамбыл облыстарының прокуратураларына ҰАТ қызметіне кедергі келтірген лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік іс қозғау туралы 2 өтініш берді.

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша Қонаев қаласының УҰИ және Талас ауданы полиция бөлімінің 2 қызметкеріне қатысты тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданды.

Осылайша, жергілікті жерлерде алдын алу сапарларына жататын мекемелердің қызметкерлерінің, басшылығының, сондай-ақ қадағалау органдарының хабардар болмауы байқалады. Дегенмен, бұл Уәкілдің 2023 жылғы жыл сайынғы баяндамасында құқық қорғау, арнайы және уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынылған (ҰАТ қызметі туралы, оның ішінде ҰАТ қатысушыларының қолданыстағы куәліктері негізінде мекемелерге кедергісіз кіру құқығы туралы алдын ала бару мандаты бар мекемелердің басшы құрамы мен қызметкерлерін тұрақты негізде хабардар етуді жүргізу). ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚР БП тиісті жұмыстың жүргізілгені туралы хабарлады, осы ұсынымды ішкі істер органдары үшін қайта енгіземіз деп ойлаймыз.

2024 жылдан бастап Уәкіл кеңсесі жаңа жұмыс форматына көшті. Енді мемлекеттік органдар ҰАТ ұсынымдарын орындамаған жағдайда бейінді министрліктерге партикулярлық ұсынымдар беріледі.

Бір мысал ретінде ШҚО психиатриялық ауруханасындағы жағдайды келтіруге болады, онда пациенттерді емдеудің санитарлық-тұрмыстық жағдайлары қойылған талаптарға сәйкес келмеді. ҰАТ мониторингтік тобы бұл мекемеге соңғы 3 жыл ішінде барған, берілген ұсынымдар орындалмаған.

Нәтижесінде ҰАТ мүшелері ұсынған материалдар ҚР ДСМ уәкілінің медициналық мекемені жабу туралы ұсыныстарына негіз болды.



ҰАТ қатысушыларымен бірлескен жұмыс та өзінің тиімділігін көрсетеді.


Мысалы, 2023 жылдың наурыз айында БҰҰ-ның азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитетінің Қазақстанға сапары барысында Қарағанды қаласында ТИЗО-ға бару жүзеге асырылды. Сапар барысында сотталғандармен әңгімелер жүргізілді, олардың бірі (С.А.) кейіннен мекеме әкімшілігі тарапынан оған заңсыз әрекеттердің қолданылғаны туралы хабарлады.

ҰАТ қатысушыларының, АҚУ кеңсесі мен өкілінің қадағалау органдарымен бірлескен

жұмысы барысында С.А.-ның мінез-құлықтың оң дәрежесін қалпына келтіре отырып, оған салынған тәртіптік жазалардың күші жойылды.

Нәтижесінде С.А.-да ШТМБ туралы өтінішпен сотқа жүгіну мүмкіндігі пайда болды және 2024 жылдың 15 қарашасында сот бұл өтінішті қанағаттандырды.

ҰАТ қатысушылары жыл сайын мемлекеттік органдардың қызметіндегі кемшіліктерді анықтайды, олардың көпшілігі мекемелердің материалдық-техникалық базасымен, ұстау жағдайларымен, медициналық көмекке қол жетімділікпен, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен осал топтардың өкілдерінің құқықтарымен, жұмыс істемейтін терминалдармен, тамақтану сапасымен және т.б. байланысты (сурет. 52)



52-сурет

Мекеме қызметкерлерінің бойында адамның қадір-қасиетін қорлауды болдырмайтын және адам құқықтарын қорғауға бағытталған мінез-құлықты қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Бұл ұсынымдар уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесінің мүшелері әзірлейтін ҰАТ қатысушыларының жыл сайынғы шоғырландырылған баяндамасында толығырақ көрсетіледі және ресми түрде таныстырылады.

6. АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҒARTУ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ



2024 жылғы негізгі деректер

1 485



АҚУ, оның және АҚҰО өкілдерінің сөйлеген сөздері жарияланды

1 260



Құқықтық оқу-ағарту іс-шаралары өткізілді

1 244



Контентті жарияланымдар дайындалды

308



ККБО отырыстарына қатысты

245



Бейнематериалдар дайындалды

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Конституциялық заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес, оның қызметінің негізгі бағыттарының бірі адамның құқықтары саласындағы құқықтық оқытуға жәрдемдесу, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, халықтың ҚР заңнамасын, аса маңызды халықаралық актілерді білу деңгейін арттыруға қатысу болып табылады.

2024 жылы Уәкіл институтының қызметін танымал ету және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін барлық өңірлерді қамтыған **ауқымды үгіт-насихат науқаны** жүргізілді. Науқанға теледидарда сөйлеу, баспа басылымдарында жариялау, аймақтық БАҚ сайттарында материалдарды орналастыру және әлеуметтік желілерде белсенді болу кірді. Бұл шаралар азаматтардың уәкілдің қызметі туралы хабардарлығын және оның адам құқықтарын қорғау үшін жұмысының маңыздылығын арттыруға ықпал етті.

Нәтижесінде **667 741**

адамды (2023 жылмен салыстырғанда 40 еседен астам өсім – 16 512) қамтыған **1 260** құқықтық оқу-ағарту іс-шаралары өткізілді (2023 жылмен салыстырғанда 6 еседен астам өсім – 196).

АҚУ өкілдері консультативтік-кеңесші және байқаушы органдардың **308** отырысына қатысты (2023 жылмен салыстырғанда 6 еседен астам өсім – 51).

Атап айтқанда, 2024 жылы бұқаралық ақпарат құралдары, уәкілетті және оның өңірлік өкілдерінің ресми сайттары мен әлеуметтік желілері арқылы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғау саласындағы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша халықты ақпараттандыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, Президенттің «Адал азамат» (жауапты азамат) тұжырымдамасы шеңберінде құқықтарды, міндеттер мен жауапкершілікті түсіндіру бойынша жұмыс жүргізілді, оның барысында 186 іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді, ағартумен 11 мыңнан астам адам қамтылды. АҚУ өкілдерінің (Instagram, Facebook және Telegram) әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында барлық іс-шаралар жарияланды.

2024 жылғы 13 қыркүйекте құқықтық сағат форматында бірнеше өңірді – Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарын, сондай-ақ Жетісу облысын қамтыған ауқымды жалпыға бірдей оқыту өткізілді.



Құқықтық сағаттың негізгі мақсатты аудиториясы 10-11 сыныптардың 14000-нан астам оқушылары, университеттер мен колледж студенттері болды. Іс-шараға қосымша 6000 азамат, оның ішінде еңбек ұжымдарының өкілдері мен зейнеткерлер қатысты.



АҚУ тапсырмасы бойынша «Құқықтық сағат» форматындағы осындай іс-шараларды барлық өңірлік өкілдер өткізді, олардың шеңберінде 57 865 оқушы, студенттер мен азаматтар қамтылды.

2024 жылғы 16 тамызда уәкілдің тапсырмасы бойынша Ақтөбе облысының ауылдық округ әкімдерімен АҚУО басшысының онлайн конференциясы ұйымдастырылды.



Кездесу аясында жергілікті атқарушы органдардың басшылары Уәкіл кеңсесінің қызметімен, сондай-ақ бүкіл мемлекеттің, оның ішінде Президенттің азаматтарды құқықтық ағарту жөніндегі саясатымен танысты.

ЖАО және азаматтық сектор басшыларын (140-тан астам адам) ағартумен барынша қамту жөнінде шаралар қабылданды.

Сондай-ақ, **Уәкілдің өкілдері** құқықтық ағарту бойынша белгілі бір жұмыс жүргізді. Іс-шаралар азаматтар үшін де, еңбек ұжымдары үшін де кездесулер, дәрістер, семинарлар форматында өтті.

Мысалы, Уәкілдің **ШҚО бойынша** өкілі «Тұрмыс» жедел-алдын алу іс-шарасының қорытындыларына арналған кеңестің модераторы болды. Іс-шараның мақсаты халықтың әлеуметтік осал топтарының, оның ішінде есепке алынатын отбасылардың проблемаларын тиімді шешу және балалардың құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу болды. Кеңеске Өскемен қаласы әкімдігінің және Өскемен қалалық ІІБ ЖПҚ басшылығы, ШҚО денсаулық сақтау басқармасының, жұмыспен қамтуды үйлестіру бөлімінің, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияның, «Аманат» партиясының өкілдері, қамқоршылық



және қорғаншылық органдары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, сондай-ақ отбасы мәселелері және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі өңірлік кеңес қатысты. Кеңес қорытындысы бойынша нақты ұсыныстар әзірленді.

Уәкілдің **Ақтөбе облысы бойынша** өкілі өңірдің аудандарына сапарлар кезінде әртүрлі мекемелердің қызметкерлерін, зейнеткерлерді, АӘК алушыларды, МБА және полиция қызметкерлерін қоса алғанда, барынша кең нысаналы топтарды қамтиды. Мәселен, 2024 жылғы 26 наурыз және 24 сәуірде өкіл Хромтау және Әйтеке би аудандарына ресми сапарлар өткізіп, онда халықпен, еңбек ұжымдарымен, қызмет алушылармен, мүгедектігі бар адамдармен және зейнеткерлермен каскадтық топтық кездесулер форматында кездесті.

Уәкілдің **Шымкент қаласы бойынша** өкілі 2024 жылғы 16 мамырда Алматы қалалық соты судьясының және ҰЕҰ қатысуымен ҚР ІІМ оқу орталығында «Кінәсіздік презумпциясына құқықтар» тақырыбында каскадты семинар-тренинг өткізді. Іс-



шараға оқу орнының басшылығы, оқытушылар және 400-ден астам курсант қатысты.

2024 жылғы 30 мамырда Уәкілдің **Қарағанды облысы** бойынша өкілі Қарағанды облысының ҚАЖД қызметкерлері, ведомстволық бағынысты мекемелер мен сотталғандар үшін құқықтық ағарту іс-шарасын өткізді. Іс-шара жалпы 2000 адамды қамтыды.



БҚО бойынша өкіл эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназияда 2024 жылғы 30 қыркүйекте алғашқы бірыңғай ата-ана сағатын өткізді. Іс-шараға облыс әкімдігінің, облыстық қоғамдық даму басқармасының, прокуратураның өкілдері, ювеналды полиция, БҚО ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің, сондай-ақ облыстық денсаулық сақтау басқармасының қызметкерлері қатысты.

Гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдер мен балалардың құқықтарын сақтау және қорғау Уәкіл институтының назарында.

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» халықаралық науқаны шеңберінде 2024 жылғы 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында ақпараттандыруды арттыруға бағытталған халыққа гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылдың қолданыстағы шаралары туралы **35** іс-шара (мектеп оқушыларымен және ЖОО студенттерімен, халықпен, әскери полиция басқармасының, ҚАЖД мекемесінің қызметкерлерімен кездесулер; мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес сектордың қатысуымен дөңгелек үстелдер) өткізілді.

Нысаналы топтардың жиынтық қамтылуы **10 170** адамды құрады.

2024 жыл ішінде медиа-жоспардан тыс жалпы **300 қосымша бастамашыл** ақпараттық-ағарту іс-шараларын өткізген АҚУ-ның барлық өңірлік өкілдерін атап өткен жөн.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл желісі бойынша

398 пресс-релиз орналастырылды.

АҚУ және оның кеңсесі **731** республикалық БАҚ-та жариялауға бастамашылық жасады, өңірлік өкілдер ақпараттық кеңістікте айтарлықтай қатысуды қамтамасыз ете отырып, **754** жарияланым орналастырды.

БАҚ-та **9** эксклюзивті материал жарияланды: Омбудсменнің жыл қорытындысы бойынша сұхбаты, Уәкілдің арнайы баяндамасы бойынша эксклюзивті материал және АҚҰО басшысының сұхбаты.

«Жібек жолы», «КТК», «Qazaqstan», «Первый канал Евразия», «Хабар24», «31 арна», «Atameken Business» республикалық телеарналарына пікірлер айтылды. Материалдар TengriNews, zakon.kz, ҚазАқпарат, NewTimes, InformBuro, BAQ.KZ, KazLenta, KazTAG, Arbat Media, Nur KZ, Astana Times, Azattyq Ryhy, Halyq Uni, Халық үні, Егемен Қазақстан, Қаз. Репортер және

басқа да танымал порталдарға сәтті жарияланды.

Сонымен қатар, Уәкілдің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері, әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған жаңа заңды түсініктемелер беру жөніндегі мақалалары халықаралық ақпарат агенттіктері мен басылымдарында жарияланды: «Euractiv.com» жалпыеуропалық медиа желісі, «EU Reporter» еуропалық мультимедиялық жаңалықтар платформасы, «Geneva Times» швейцариялық басылымы, «Diva International Diplomat» женевалық журналы, «EFEComunica» испандық ақпарат агенттігі, «Opinione-Pubblica.com» итальяндық онлайн-басылымы.




Instagram, Facebook, TikTok және Telegram әлеуметтік желілері үшін **1 244** контенттік пост дайындалды.

Әрбір әлеуметтік желіге бейімделген **1 319** визуал жасалды.

Facebook, Telegram, Instagram және TikTok ерекшеліктерін ескере отырып, **245** бейне дайындалды. Халық арасында сауалнама жүргізілді (**100-ден астам респондент**).

12 ай ішінде әлеуметтік желідегі аудиторияның орташа қамтылуы: Facebook 156 700, Instagram 472 283 қолданушы болды – **жазылушылар саны 32,8%-ға артты.**

Өңірлік өкілдіктердің БАҚ-тағы, ресми сайттағы және өкілдіктердің әлеуметтік желілеріндегі белсенділіктеріне мониторинг жүргізу келесідей болып көрінеді. (53-сурет)




53-сурет

Абай облысы (225), Ақтөбе облысы (210), Алматы (206), Қызылорда облысы (192), Жамбыл облысы (185) және БҚО (183) өкілдері сайтта және

әлеуметтік желілерде жарияланымдар саны бойынша жоғары нәтижелер көрсетті, **ШҚО (73), Шымкент (58), Ақтөбе облысының** өкілдері (47) БАҚ-тағы жарияланымдар саны бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Төменде әлеуметтік желілердегі аймақтық өкілдердің жазылушыларының саны туралы ақпарат берілген. (54-сурет)



54-сурет

Жазылушылар саны бойынша көшбасшылар **Қызылорда (8 721), Қарағанды (5 299) және Жамбыл (4 084)** облыстары бойынша өкілдіктер болып табылады.

Мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл

2024 жылғы 14 наурыз



Уәкіл Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысына қатысты. Омбудсмен өз сөзінде ұлттық құқық қорғау институтының жұмысы және адам құқықтарын қорғау саласындағы негізгі жетістіктері туралы айтты.

Өз сөзінде Уәкіл елімізде тұрақты құқықтық мәдениетті қалыптастыру омбудсменнің негізгі

міндеттерінің бірі екенін атап өтті, сондай-ақ құқық қорғау жүйесінің жұмысындағы ең маңызды әріптес жұртшылық екенін атап өтті.

Уәкілдің Кеңесі және оның жергілікті жерлердегі өкілдіктері бірде-бір өтінішті назардан тыс қалдырмайды және азаматтардың заңды құқықтарын қорғау үшін барынша күш салады.

Омбудсмен сондай-ақ қатысушылардың назарын елімізде адам құқықтары мен бостандықтарына құрмет көрсететін елеулі қадамдар жасалғанына аударды.

Сөзінің соңында Уәкіл «адам құқықтарын қорғау ісінде күш пен ресурстарымызды біріктіру нәтижеге тезірек қол жеткізуге мүмкіндік беретініне» сенім білдірді.

2024 жылғы 19 наурыз



Уәкіл Адам құқықтары және заң үстемдігі жөніндегі Қазақстандағы халықаралық бюроның және азаптауға қарсы Қазақстанның ҰЕҰ коалициясының өкілдерімен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесу барысында ҰАТ қызметінің мәселелері мен даму перспективалары талқыланды.

Уәкіл азаптаулардың алдын алу ісіндегі ҰАТ-тың ерекше маңыздылығын атап өтіп, аталған тетіктің 10 жыл ішінде ҚР-да азаптау мен қатыгездікке қарсы күрес пен оған қарсы іс-қимылдың тиімділігі артқанын атап өтті.

ҰЕҰ коалициясы Үйлестіру кеңесі мүшелерінің арасынан ҰАТ топтарының басшыларын тағайындау қажеттілігі туралы ұсыныстарын айтты, ол үшін заңның бірінші жобасы әзірленді. 2024 жылдың соңында бұл ұсыныстар түзетулерді күтпестен жүзеге асырылды (Үйлестіру кеңесінің 6 мүшесі ҰАТ аймақтық топтарының басшылары болып тағайындалды).

2024 жылғы 29 наурыз

Уәкіл Қазақстандағы босқындардың құқықтық жағдайы мәселелеріне арналған ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің тақырыптық отырысына қатысты.

Өз сөзінде Омбудсмен 1998 жылдың желтоқсанында Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға қосылып, 2009 жылы арнайы Заң қабылдау арқылы Қазақстан жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті күшейту, дағдарыстарды шешу, мәдениетаралық диалог



және тұрақты даму бойынша жүйелі шаралар қабылдауға өзінің адалдығы мен дайындығын көрсеткенін атап өтті.

Омбудсмен кеңсесі отандық заңнаманың ережелеріне және Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттарға сараптама жүргізді, соның нәтижесінде экстрадиция мәселелерін қарау кезінде «non-refoulement» халықаралық принципін сақтау және баламалы бұлтартпау шараларын енгізу бойынша бірқатар ұсыныстар әзірленді.

«Non-refoulement» қағидасы мемлекетке нәсілі, саяси сенімі, діні және т.б. белгілері бойынша әділетсіз қудалауға ұшырайтын немесе азаптау және басқа да рұқсат етілмеген қарым-қатынас және жазалау әдістерін қолдану қаупі бар адамды мәжбүрлеп елге қайтарудан бас тартуды бұйырады.

Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шетелдіктерді ұстап беру туралы істерді қарау кезінде уақытша қамауда ұстау және экстрадициялық қамауға алу ғана қолданылады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, балама шаралардың болмауы әрдайым ақталмайды және көбінесе заң алдындағы теңдік қағидатын бұзады.

Осыған байланысты ҚР ІІМ-мен мәселені ұзақ пысықтау барысында бұл бағытта ілгерілеуге қол жеткізу мүмкін болды. ІІМ ақпаратына сәйкес, 2024 жылы 25 шетелдіктің үшінші елдерге шығуына жәрдем көрсетілді, өйткені бұл адамдарды азаматтығы бойынша жерге шығару олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін еді.

2025 жылы біз ІІМ-нің осы бағыт бойынша жұмысына мониторингті жалғастырамыз.

2024 жылғы 29 сәуір

Уәкілдің Павлодар облысына жұмыс сапары барысында ол облыс әкімімен, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, адвокаттар қауымдастығымен және ҰАТ қатысушыларымен кездесті.



Асайын Байханов пен өңір белсенділерінің кездесуі аясында облыс басшысы Әділетті Қазақстан құру идеясына назар аудару қажеттігін атап өтті. Ол барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың міндеті «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес келетін жалпыұлттық келісімді нығайту екенін атап өтті.

Омбудсмен А. Ластаев өз қызметі туралы айтып, жұмыстың негізгі бағыттарының бірі бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге жәрдемдесу екенін еске салды.

Сонымен қатар, ол азаматтардың да, олардың өңірлердегі өкілдерінің де қылмыстық қудалау органдары тарапынан жедел әрекет ету мәселесімен

мезгіл-мезгіл бетпе-бет келетінін атап өтті. Омбудсмен барлық шағымдар мүмкіндігінше сол жерде шешілуі керек деді.

Кездесу қорытындысы бойынша ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілі мен Павлодар облысының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ, сапар барысында АҚУ кеңсесі мен БҰҰДБ бірлескен жобасы аясында қарастырылған халықты құқықтық ағарту мәселелері қамтылды.

Сол күні Омбудсмен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, адвокаттық қоғамдастықпен және ҰАТ қатысушыларымен кездесті.

Кездесуге қатысушылар уәкіл кеңсесі қызметінің негізгі бағыттарымен танысты. Омбудсмен өткен жылы 5 773 өтініш қаралғанын, бұл 2022 жылмен салыстырғанда бір жарым есе көп екенін атап өтті. Бұл ретте, Павлодар облысы бойынша өкілдікке 2023 жылы 256 өтініш келіп түсті: көбінесе өтініш берушілер тергеу органдарының әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне (19,1%) және сотталғандардың құқықтарының бұзылуына (14,8%) шағымданды.



Сонымен қатар, ҰАТ қатысушыларымен Павлодар облысындағы жабық мекемелерде азаптаудың алдын алу мәселелері талқыланды. А. Ластаев ҰАТ-ның тиімді жұмысына ерекше қызығушылық танытты.

Өз кезегінде ҰАТ қатысушылары әкімдік пен мемлекеттік құрылымдар ҰАТ жұмысына жан-жақты жәрдем көрсететінін атап өтті. Сонымен қатар, ҰАТ анықтаған мәселелерді шешуге ықпал етпей, стандартты «жалтарма жауаптарды» жіберетін қылмыстық-атқару мекемелеріне сұрақтар туындайды.

Қоғам қайраткерлерімен әңгімелесу барысында Омбудсмен ҰЕҰ өкілдерін толғандыратын сұрақтарды тыңдап, өз құзыреті шеңберінде жауаптар берді. Сондай-ақ А. Ластаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған жаңа заңды түсіндіру қажеттігін атап өтті. Ол деструктивті ұйымдардың отбасылардан балаларды алу туралы таратқан ақпаратының мүлдем жалған екенін атап өтті.

ҰЕҰ өкілдерімен әңгімелесу барысында құқықтық ағарту аясында қандастармен кездесу өткізу ұсынылды.

Адвокаттармен кездесуде аймақтағы адам құқықтарын қорғауға қатысты негізгі мәселелер талқыланды. Адвокаттар қауымдастығының өкілдері құқықтық тәжірибенің кейбір аспектілеріне алаңдаушылық білдіріп, маңызды мәселелерді көтеріп, жағдайды жақсарту бойынша өз идеяларын ұсына отырып, диалогқа белсенді қатысты.

Уәкіл азаматтардың құқықтарын қорғау және аймақтағы құқықтық кеңістікті нығайту үшін адвокаттар қауымдастығымен ынтымақтастыққа дайын екендігін білдірді.

Сондай-ақ, сапар барысында Омбудсмен мен оның кеңсе өкілдері бірнеше мекемеге, соның ішінде ҚР ІІМ ҚАЖК №45 мекемесіне, Павлодар және Ақсу қалаларындағы қарттарға, балалар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына барды.



2024 жылғы 30 сәуір

Омбудсмен Екібастұз қаласында болып, қалалық мәслихат депутаттарымен және азаматтық сектор өкілдерімен кездесті.

Қала активімен кездесу барысында А. Ластаев қатысушыларды отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы арнайы баяндамамен қысқаша таныстырды. Ол отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы проблемалардың өзектілігі едәуір артып, кең қоғамдық резонанс тудыратынын атап өтті. Бұл проблемалардың түп төркінінде шешілмеген әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелердің ауқымды жиынтығы бар.

Бұл ретте Уәкіл кездесуге қатысушылардың назарын әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету туралы заңның қабылдануымен ұлттық заңнаманы адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру бойынша қабылданатын шаралардың беделін түсіруге бағытталған жалған мәліметтерді таратумен айналысатын адамдар тобы пайда болғанына аударды.



Сапар барысында Уәкіл және оның кеңсесінің өкілдері бірнеше әлеуметтік мекемелерге, оның ішінде Екібастұз қаласының ПБ әкімшілік тәртіппен қамауға алынған адамдарға арналған арнайы қабылдау орнына, «Әлем» балаларды оңалту орталығы» ҚҚ, сондай-ақ «Үміт» арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына барды.

Мекемелер мен әлеуметтік ұйымдарға бару қорытындысы бойынша АҚУ кеңсесінің өкілдері тиісті ұсынымдар дайындады.

2024 жылғы 15 мамыр

Уәкіл «Тәуелсіз және әділ сот – Жаңа Қазақстанды бекіту шарты» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

Іс-шараны «Тұран» университеті ұйымдастырды. Конференция сот төрелігін іске асырудың тиімділігін арттыру және азаматтардың соттарға

деген сенімін нығайту жөніндегі сот жүйесінің қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған.



Іс-шараға ҚР ғылыми қоғамдастығының, мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның өкілдері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ шетелдік сарапшылар қатысты.

Конституциялық іс жүргізудің ерекшеліктеріне, әділ Қазақстанды бекітудегі жалпы юрисдикция соттарының рөліне, Халықаралық сот ісін жүргізуге және Қазақстанның ЕАЭО сотының қызметіне қатысуына, халықаралық және ұлттық соттардың өзара қарым-қатынасы мәселелеріне қатысты мәселелер талқыланды.

Уәкіл талқыланатын тақырыптың өзектілігін, сот жүйесінің, оның ішінде цифрлық жүйенің ашықтығы қағидатын сақтаудың маңыздылығын соттарға деген сенімді арттырудың және әділ және тәуелсіз сотты қалыптастырудың негізгі шарты ретінде атап өтті.

2024 жылғы 22 шілде

Уәкілетті А. Ластаев жұмыс сапарымен ШҚО-ға барды. Омбудсмен ШҚО әкімі Ермек Көшербаевпен кездесті.

Тараптар адам құқықтары саласындағы басым мәселелерді, сондай-ақ осы бағыт бойынша ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады.



Атап айтқанда, АҚУ Уәкіл кеңсесінің, сондай-ақ оның өңірлік өкілдерінің қызметі туралы айтты. Кездесу барысында тараптар өңірдегі құқық қорғау қызметін жақсарту жөніндегі одан арғы қадамдарды талқылады.

Ермек Көшербаев Омбудсменнің бастамаларын қолдауға дайын екенін білдіріп, азаматтардың құқықтарын бұзумен байланысты проблемаларды тиімді шешу үшін бірлескен жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру тақырыбы және азаматтар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін құқықтық ағарту іс-шараларын өткізу қажеттілігі қозғалды. Омбудсмен ағартушылық жұмыс оның кеңсесі жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылатынын атап өтті. ШҚО әкімі бұл тезисті қолдап, әкімдік өз тарапынан өңірдің оқу орындарында құқықтық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындайтынын хабарлады.

Кездесу қорытындысы бойынша Уәкіл мен ШҚО әкімдігі арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандумның негізгі мақсаты адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және ілгерілету мәселелерінде күш-жігерді шоғырландыру, сондай-ақ оларды қорғауға жәрдемдесу болды.

Меморандум шеңберінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтамаудың алдын алу бойынша жедел өзара іс-қимылды және жүйелі жұмысты ұйымдастыру бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру, тәжірибе және ақпарат алмасу, құқық қорғау мекемелерімен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасау жоспарлануда.



2024 жылғы 23 шілде

Уәкіл ШҚО-ға жұмыс сапары барысында ҰАТ қатысушыларымен олардың жұмысында туындайтын өзекті мәселелерді, мекемелерге бару мониторингінің тиімділігін арттыру тетіктерін талқылады.

Омбудсмен ҰАТ-тың цифрлық есептілікке көшетінін еске салды, енді барлық есептер электронды түрде жасалуы керек екенін, бұл олардың жұмысын айтарлықтай жеңілдететінін атап өтті.

ҰАТ қатысушылары өз тарапынан уәкілетті органдармен нәтижелі ынтымақтастықты атап өтті.

Сонымен қатар, белсенділер мандатты мекемелерді түгендеуді ұсынды. Медициналық қызметтердің сапасын арттыру, Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Мекемелердің ғимараттарын қайта құру мәселелері көтерілді, олардың кейбіреулері өткен ғасырдың басында салынған.

Мекеме әкімшілігі тарапынан ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ, кездесуде ҰАТ қатысушыларының біліктілігін арттыру және тұрақты тренингтер өткізу мәселесі талқыланды.

Кездесу соңында Омбудсмен ҰАТ қатысушыларына адам құқықтарын қорғау ісіндегі еңбектері үшін алғысын білдірді.

2024 жылғы 12 қыркүйек

Уәкіл адам құқықтары саласындағы көрнекті сарапшылармен және азаматтық қоғам өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу аясында құқық қорғау саласын дамытудың, халықаралық стандарттарды қолданудың өзекті мәселелері, сондай-ақ заңнаманы жетілдіруге бағытталған тетіктер мен құралдар талқыланды.

Азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту және құқық қолдану процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі практикалық қадамдарға ерекше назар аударылды.



Кездесуге қатысушылар құқық қорғау күн тәртібін одан әрі ілгерілету үшін мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығы және азаматтық қоғам арасындағы ашық диалог пен ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында қатысушылар заңнамалық базаны және оны қолдану практикасын жақсарту бойынша

ұсыныстар әзірлеу шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыру туралы келісті.

2024 жылғы 26 қыркүйек



Уәкіл Мемлекеттік айыптаушылардың ІІ Республикалық форумына қатысты, оның барысында алқабилердің қатысуымен сотта мемлекеттік айыптауды қолдаудың өзекті мәселелері талқыланды.

Омбудсмен құқық қолдану практикасының проблемалық мәселелерін, сондай-ақ сот рәсімдерінің ашықтығына, процеске қатысушылардың құқықтарын ізгілендіру мен теңгерімдеуге маңызды қадам болып табылатын ШТМБ және ЖЖА бойынша алқабилердің істерді қарауының пилоттық жобасын іске асыру қажеттігін атап өтті.

2024 жылғы 18 желтоқсан

Уәкілдің депутаттармен – ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық



заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшелерімен кездесуі өтті.

Омбудсмен депутаттарға кепіл түрінде экстрадициялық қамауға алудың баламасын енгізу, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша теріс себептермен жұмыстан шығарылған әскери қызметшілердің құқықтарына

мерзімсіз шектеулерді болдырмау жөніндегі заңнамалық бастамаларды қолдағаны үшін және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ерекше алғысын білдірді.

Сенаторлар Омбудсменнің қызметімен танысты.

Кездесу барысында адам құқықтарын қорғау шеңберінде Уәкіл ұсынған бастамалар айтылды. Олардың ішінде: тұтқындардың әртүрлі санаттары үшін көпсалалы колониялар салу, жекелеген психиатриялық клиникалардың жаңа ғимараттарын салу, шиеленіс нүктелерінен оралған азаматтардың құқықтық мәртебесімен проблемаларды шешу.

Сонымен қатар, сенаторлар Уәкіл кеңсесі жүргізетін зерттеу қызметімен танысты.

Сенат депутаттары өз кезегінде өңірлік өкілдіктердің жұмысын жетілдіруге, оның ішінде жергілікті атқарушы және өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасауға мүдделілік білдірді.

Кездесу соңында қатысушылар заңнаманы жетілдіру және Қазақстанда адам құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мәселелерін одан әрі талқылауға дайын екендіктерін білдірді.

Қазіргі заманғы технологиялар мен коммуникация әдістерін интеграциялауға, негізгі мәселелер мен өзекті мәселелерді терең түсінуге бағытталған мамандандырылған оқыту іс-шаралары мен бастамаларын ұйымдастыруға ерекше назар аударылатын болады.

7. ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ



2024 жылғы негізгі деректер

34



ВАЖТ
отырыстарына
қатысты

20



Мемлекеттік
органдарға
ұсыныстар
енгізілді

8



Конституциялық
соттың
отырыстарына
қатысты

7



Мемлекеттік органдар
мен Үкімет аппаратына
арнайы ұсынымдар
жолданды

5



Парламенттің жұмыс
топтарының
отырыстарына
қатысты

2



НҚА-ға түзетулер
енгізілуде

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Конституциялық заңының 12-бабына сәйкес Омбудсмен:

1) заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді;

2) мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарын қарайды;

3) Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі мәселесі бойынша КС-ке жүгінеді;

4) адамдардың шектелмеген тобының құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін талап арызбен сотқа жүгінеді.

Осы өкілеттіктерді іске асыру үшін Уәкіл институты заң жобаларын дайындауға қатысады, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы жағдайды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Осы бағыт бойынша 2024 жылы келесі жұмыстар атқарылды.

ҚР Парламентінің 5 жұмыс

тобының отырыстарына қатысылды (Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру; білім беру және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша; адам саудасына қарсы іс-қимыл бойынша; әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалардың қауіпсіздігі, кейбір актілерді Конституцияға сәйкес келтіру бойынша).

2024 жылы мемлекеттік органдарға 20-дан астам, оның ішінде мына мәселелер бойынша ұсыныс енгізілді:

- 1) сталкинг үшін жауапкершілік белгілеу;
- 2) күдіктінің және айыпталушының жатын орнын күн тәртібінде белгіленбеген уақытта пайдалануы;
- 3) ТЖ вокзалдарында ана мен баланың тегін бөлмелерін қарастыру;

4) жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерге тыйым салуға және жаза қолдануға жол берілмеуі;

5) мекеме қызметкерлерінің кездесулер кезінде қамаудағылар мен қорғаушылар арасындағы әңгімелесулерді тыңдауына жол бермеу;

6) 13 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналардың қысқартылған жұмыс күніне құқықтары;

7) террористік белсенділік аймақтарында хабар-ошарсыз кеткен және қайтыс болған адамдарды тану, қарулы қақтығыстар аймақтарында туылған баланың туған жерін анықтау;

8) құқықтық мониторинг туралы бұйрық жобасында мемлекеттік органдардың мониторинг жүргізу кезінде АҚУ-дың жылдық және арнайы баяндамаларын ескеру қажеттілігін бекіту;

9) жұмыс беруші шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сотталған адамды өзі жұмысқа орналасқан ұйымнан кері қайтарып алу туралы;

10) «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңының және басқалардың жобасында Уәкілдің және оның өңірлік өкілдерінің құзыретін бекіту.

2024 жылы мемлекеттік органдар мен ҚР Үкіметінің аппаратына **7 арнайы ұсыныс** жолданды:

1) некеге тұру мақсатында әйелдерді ұрлағаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізу туралы;

2) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қудалау қаупі қолданылуы мүмкін елдерге шығарылмау қағидатын қамтамасыз ету туралы;

3) ПО қызметшілеріне қатысты өсу критерийі бойынша кемсітушілікке тыйым салу туралы;

4) бұрын әскери қызметтен шығарылған адамдардың әскери және құқық қорғау қызметіне кіруіне мерзімсіз тыйым салу проблемасы туралы;

5) балаларға паллиативтік көмекті жақсарту туралы;

6) АӘҚ орталықтарында қызмет алушылардың тұрғын үй-жайларында (жатын бөлмелерінде) бейнекамералар орнату туралы;

7) кәмелетке толмаған иммигранттардың құқықтарын қорғау туралы.

ҚР Конституциялық Сотының 8 отырысына қатысылды, Конституциялық өндіріске қабылданған азаматтардың Конституцияға сәйкес келмеуі туралы өтініштері бойынша АҚУ-дан 15 қорытынды берілді, олар келесі нормаларды белгілейді:

1) кәмелетке толмаған балаларды асырауға кәсіпкер табысынан алимент ұстау;

2) ресми некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ер адамдарға бала асырап алуға тыйым салу;

3) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған адамдарға ШТМБ-ға тыйым салу;

4) өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға кешірім жасау тәртібімен ШТМБ-ға тыйым салу;

5) Сот шешімдерін кассациялық тәртіппен қайта карауға мүлкітік шектеу;

6) шетелде тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан азаматтары үшін міндетті сақтандыру шартын жасасуға тыйым салу;

7) баланың ұлтын ата-анасының ұлты бойынша белгілеу;

8) қылмыстық істі тоқтату туралы қылмыстық қудалау органының қаулысының сот үшін міндеттілігі;

9) қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетілуі, егер ол қорғалушының немесе сенім білдірушінің мүдделеріне қарама-қарсы мүдделері бар тұлғаға заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса, сондай-ақ мұндай тұлғалармен туыстық немесе өзге де жеке тәуелділік қатынастарында болса;

10) алименттерді олар 50% шегінен асқан жағдайда өндіріп алу;

11) еңбек шартын қызметкерге хабарлама жібермей және бұзу күнін нақтыламай бұзу мүмкіндігі;

12) тәртіптік изоляторларда және ұстаудың қатаң шарттарында ұсталатын адамдардың телефон арқылы сөйлесуіне тыйым салу;

13) бала үш жасқа толғанға дейін оған күтім жасаудың заңды фактісін анықтау;

14) миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыру;

15) зейнетақы жинақтарының сақтандыру компаниясының меншігіне өтуі.

2 нормативтік құқықтық актіге түзетулер енгізілуде (ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266 «Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құрылған топтардың алдын алу сапарларының қағидаларын бекіту туралы» қаулысы, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 «Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын алу сапарлары бойынша шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысы), АҚҰ өкілдерінің алдын алу сапарларын сүйемелдеуі мен үйлестіруін алып тастау, алдын алу сапарының мерзімін ұзарту негіздерін нақтылау, комиссиялық алымдар мен жол жүру билеттерін қайтару немесе ауыстыру үшін айыппұлдарды өтеу көзделеді.

Түзетулер ҚР Әділет министрлігіне келісуге жіберілді.

Ведомствоаралық жұмыс топтарына қатысу

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы халықаралық конвенцияның орындалуы және кемсітушілікке қарсы заңнама мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс тобының 5 мәжілісіне қатысылды.



Отырыстарда кемсітушілікке қарсы заңнаманы жетілдіру мәселесі бойынша мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ ұсыныстары және Заң жобасын әзірлеудің тұжырымдамалық тәсілдері қаралды.



Орталық өкілдері ҰЕҰ коалициясы дайындаған баламалы баяндамалар қаралған әмбебап мерзімді шолудың 4-ші циклі шеңберінде Қазақстанның баяндамасын дайындау жөніндегі жұмыс топтарының 5 отырысына

қатысты.

Сондай-ақ, ведомствоаралық жұмыс топтарының **34 отырысына**, дөңгелек үстелдер мен семинарларға (заң жобалау қызметі бойынша, неке мақсатында әйелдерді ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу мәселесі бойынша, кәсіпкерлік қызметте адам құқықтарын қорғау бойынша және т.б.) қатысты.

Сондай-ақ, заңнаманы жетілдіруге АҚҰ өкілдері белсенді қатысады.

Мысалы, өкілдердің қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға мынадай ұсынымдар жолданды:

- **АҚҰ-дың Түркістан облысы бойынша өкілінің ұсынысы бойынша** ЕХӘҚМ-ге АӘҚ орталықтарының жатын бөлмелерінде бейнекамералар орнату мәселесі бойынша ұсыныс жолданды. ЕХӘҚМ осы мәселені қарау жөніндегі жұмыс тобы құрылғаны туралы хабарлады;

- **АҚҰ-дың Алматы қаласы бойынша өкілінің ұсынысы бойынша** Үкімет аппаратына мигранттардың кәмелетке толмаған балаларының құқықтарын қорғау бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесі бойынша ұсыныс жіберілді. ІІМ мен мүдделі мемлекеттік органдарға осы мәселені пысықтау тапсырылды;

- **АҚҰ-дың Қарағанды облысы бойынша өкілінің ұсынысы бойынша** ІІМ-ге уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелеріне уәкілдің және оның өкілдерінің кедергісіз өтуі бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесі бойынша ұсыныс жолданды. Қарау қорытындысы бойынша ІІМ Парламенттің қарауындағы Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру жөніндегі заң жобасы қабылданғаннан кейін тиісті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізілгені туралы хабарлады;

- **Жетісу бойынша өкілдің ұсынысы бойынша** ЕХӘҚМ-ге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қызмет алушыларын протездеу бойынша ұсыныс жолданды;

- **Қарағанды облысы бойынша өкілдің ұсынысы бойынша** ҚАЖ комитетіне және Парламент Мәжілісінің депутатына тәртіптік изоляторларда ұсталатын сотталғандардың адвокатпен кездесуге құқығы туралы ұсыныс жіберілді;

- **Шымкент қаласы бойынша өкілдің ұсынысы бойынша** ӘМ-не «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізудің орындылығы туралы ұсыныс жолданды;

- **ШҚО бойынша өкілдің ұсынысы бойынша** ІІМ-ге заңнаманы бұзғаны үшін шетелдіктерді шығарып жіберу туралы ұсыныс жіберілді.

Заңнаманы жетілдіру жөніндегі одан әрі жұмыс құқық қорғау тетіктерін дамыту мен әрбір азаматтың құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жүйелі тәсілді, мемлекеттік органдармен, ҮЕҰ-мен және халықаралық құрылымдармен тығыз өзара іс-қимылды талап етеді.

8. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ



2024 жылғы негізгі деректер

23



АҚУ және оның кеңсесінің шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және халықаралық ҰЕҰ елшілерімен және өкілдерімен кездесулері

22



АҚУ кеңсесінің 1 конференциясын ұйымдастыруын қоса алғанда, АҚУ және оның кеңсесінің халықаралық конференцияларға қатысуы

10



Шет мемлекеттерге жұмыс сапарлары: Өзбекстан (3 рет), Польша, Финляндия, Норвегия, Австрия, Түркия, Түрікменстан, Тайланд

1



Азаптауға қарсы күреске арналған ЕҚЫҰ ДИАҚБ Адами өлшем бойынша Варшава конференциясының алаңдарындағы сайд-ивент

2024 жылы Халықаралық ынтымақтастық саласындағы уәкілдің жұмысы халықаралық институттарды, қоғамдық ұйымдарды және академиялық топтарды қоса алғанда, адам құқықтарын қорғау саласындағы барлық субъектілермен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған.

Есепті кезеңде стратегиялық ынтымақтастықты нығайту және 2023 жылғы 8 желтоқсандағы адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарының негізгі бағыттарын орындау мақсатында халықаралық ұйымдардың өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізілді, оның ішінде:

- адам құқықтарын құрметтеу бойынша корпоративтік жауапкершілікті әзірлеу;
- құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізу;
- өмірінің бір бөлігін қақтығыс аймақтарында өмір сүрген балалардың қоғамға қайта енуі;
- жабық үлгідегі әлеуметтік мекемелерде ұсталатын әйелдер мен қыздардың құқықтары;
- азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын емдеу мен жазалау түрлеріне қарсы.

Уәкіл және оның кеңсесінің өкілдері: шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және ҰЕҰ елшілерімен және өкілдерімен кездесулер өткізді, халықаралық конференцияларға, форумдарға, семинарларға қатысты, сондай-ақ Өзбекстанға, Австрияға, Финляндияға, Норвегияға және Тайландқа жұмыс сапарларын жүзеге асырды.

Уәкілдің қатысуымен өткен халықаралық іс-шаралар

2024 жылғы 23 ақпан

Уәкіл **Өзбекстан**
Республикасы Олий Мажілісінін
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
институтының құрылғанына 29
жыл толуына орай
ұйымдастырылған «Адам
құқықтары – мемлекеттердің
тұрақты дамуының маңызды
факторы» тақырыбындағы
халықаралық конференцияға
қатысты.

Іс-шараға түрлі мемлекеттердің омбудсмендері, Парламент мүшелері, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес сектордың және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты.

АҚУ баяндама жасай отырып, әрбір мемлекет құқық қорғау тетіктерінің тиімді жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасауға ұмтылатынын атап өтті. Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықаралық қоғамдастыққа хабарланды, оның нәтижесінде Омбудсменнің мәртебесі Конституцияда бекітілді, ҚР «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңы қабылданды.

2024 жылғы 6 наурыз



Қазақстан әйелдерінің форумына қатысты.

Уәкіл қазіргі заманғы әйелдердің отбасы, қоғам және мемлекет өміріндегі рөлін атап өтті, сондай-ақ олардың беделі күн сайын артып келе жатқанын, әсіресе олар елдің экономикасына, саясатқа, қоғамдық қызметке белсенді қатысып, осы салаларға үлкен үлес қосып отырғанын айта кетті. Омбудсмен ҚР Орталық Азия елдері арасындағы гендерлік теңдік саласындағы прогресс бойынша көшбасшы болып табылатынына назар аударды.



Уәкіл ҚР Президенті
жанындағы Әйелдер істері
және отбасылық-
демографиялық саясат
жөніндегі ұлттық
комиссияның 25 жылдығына
арналған «Әйелдер
құқықтарын қорғау:
халықаралық және еуропалық
тәсілдер» тақырыбындағы

2024 жылғы 7 сәуір



Уәкіл БҰҰДБ-ның ҚР-дағы Тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниамен кездесті. Кездесу барысында тараптар халықаралық және өңірлік құқық қорғау күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді, оның ішінде АҚҰО және оның өңірлік өкілдерінің әлеуетін күшейту бойынша бірлескен жобаны іске асыруды талқылады.


Омбудсмен Тұрақты өкілді ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметі және басым міндеттері туралы хабардар етті.

Өз кезегінде, Катаржина Вавьерниа Қазақстанда адам құқықтарын қорғау саласындағы институционалдық әлеуетті күшейтетін конституциялық реформаны жоғары бағалады.

Кездесу қорытындысы бойынша ынтымақтастықты арттыру және Омбудсмен кеңсесінің Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау және ілгерілету жөніндегі күш-жігерін қолдау туралы келісімге қол жеткізілді.

2024 жылғы 8 сәуір

Уәкілдің БҰҰ-ның Азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетінің мүшесі, азаптаулардың және адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер немесе жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі еуропалық комитеттің мүшесі Виктор Захариямен кездесуі өтті.



Уәкіл ҚР-да соңғы жылдары адам құқықтарын қорғау саласында жүргізілген реформалар мен азаптаулардың одан әрі алдын алу жөніндегі жоспарлар туралы айтты.

Кездесу барысында адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді орындау мәселелері, оның ішінде БҰҰ-ның азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы аясында талқыланды. В. Захария азаптауларға қарсы іс-қимыл саласындағы практикалық тәжірибесімен бөлісті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар азаптауларға қарсы күрес және бейбіт жиналыстарды өткізу мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтерді тәжірибелі лауазымды тұлғалардың қатысуымен өткізуге техникалық қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

2024 жылғы 23 сәуір

Омбудсмен халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл Кенжеғұл Сейтжанмен бірлесіп, АҚЖКБ өкілдерімен жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесудің күн тәртібінде адам өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі Уәкіл институтының қызметіне қатысты өзекті мәселелер шығарылды. Уәкіл осы салада зерттеулер жүргізу бойынша Омбудсмен жанындағы Сарапшылық кеңестің ағымдағы жұмысы туралы айтты.



2024 жылғы 24 сәуір



Уәкіл ЕО елшілерімен және ЕО-ның Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускаспен кездесуге құрметті қонақ ретінде шақырылды. Кездесу «Qazpatent» ұлттық зияткерлік меншік институтында өтті.

Кездесу барысында А. Ластаев институттың адам құқықтарын қорғау, атап айтқанда азаптауларға қарсы іс-қимыл саласындағы атқарған жұмысын таныстырды.

2024 жылғы 3 мамыр

Уәкіл АҚШ Елшілігінің өкілдерімен бірге Адам құқықтары мәселелерін талқылау жөніндегі жұмыс тобының жиырма тоғызыншы кездесуіне қатысты.

Кездесу барысында тараптар адам құқықтарын қорғау саласындағы екіжақты ынтымақтастыққа қатысты кең ауқымды мәселелерді талқылады.



АҚУ қамауда ұстау жағдайларын жақсарту, сотталғандарды азаптаудың алдын алу және қайта әлеуметтендіру бойынша Қазақстанның қабылдап жатқан шаралары туралы айтты.

АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Елшісі Дэниел Натан Розенблум екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атап өтіп, заң үстемдігін нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірлескен жобалар бойынша жұмысты жалғастыруға дайын екенін білдірді.

2024 жылғы 20 мамыр



Уәкіл Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық істер жөніндегі көмекшісі Ержан Қазыхан мен АҚШ Мемлекеттік хатшысының азаматтық қауіпсіздік, демократия және адам құқықтары жөніндегі орынбасары Узра Зеяның тең төрағалығымен өткен адам құқықтары және демократиялық реформалар жөніндегі үшінші

жоғары деңгейдегі АҚШ – Қазақстан диалогына қатысты.

Диалог аясында адам құқығы, сөз бостандығы, халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғау және мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары талқыланды. АҚШ Қазақстанды тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заң қабылдағанын жоғары бағалады және ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғаммен кеңесе отырып, реформаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

2024 жылғы 21 мамыр



Уәкілдің Германия Федеративтік Республикасы Бундестаг комитетінің төрағасы және Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Рената Альтпен кездесуі өтті.

Тараптар құқық қорғау жүйесін институционалдық дамыту мәселелерін және ҚР-дағы адам құқықтары жағдайын

талқылады.

Уәкіл жүргізілген реформалар мен қызметтің негізгі бағыттары туралы, оның ішінде өтініштердің өсуі, оларды қарау қорытындысы бойынша 900-ден астам адамның құқықтарын қалпына келтіруге жәрдем көрсетілгені туралы айтты. Алдын алуды күшейтуге және азаптауға нөлдік төзімділік саясатын нығайтуға назар аударды. Нәтижесінде азаптауларға байланысты шағымдардың саны азайып бара жатқанын, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл туралы атап өтті.

Өз кезегінде Рената Альт ҚР-да отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның қабылданғанын оң бағалады.

2024 жылғы 22 мамыр

Уәкіл ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюроның Демократияландыру департаментінің және ЕҚЫҰ

ДИАҚБ Заң Үстемдігі бөлімінің басшылары Константин Вардзелашвилимен және Геннадий Барбамен кездесу өткізді.

Кездесу барысында уәкіл ЕҚЫҰ ДИАҚБ және оның институттарымен тығыз өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтіп, өзінің қызметі туралы айтып, конституциялық реформа және одан кейінгі елдегі адам құқықтарын нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыс туралы хабардар етті.

Константин Вардзелашвили Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау саласындағы оң үрдістерді атап өтіп, ЕҚЫҰ ДИАҚБ сарапшыларының заң үстемдігін нығайту және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және техникалық қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

2024 жылғы 31 мамыр



Уәкіл Женева дипломатиялық тобының президенті Роберт Блюммен кездесті.

Кездесу шеңберінде Уәкіл өз қызметі туралы айтып, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы әлеуетті нығайтуға бағытталған жүргізілген конституциялық реформа және атқарылған жұмыстар туралы хабардар етті.

Өз кезегінде Роберт Блюм Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау саласындағы оң үрдістерді атап өтіп, өзінің айтуынша, оның ҚР тарихы туралы «Шыңғысханнан Байқоңырға дейін» кітабына тамаша қосымша болатын берілген ақпарат үшін алғысын білдірді.

2024 жылғы 27 маусым

АҚУ Санкт-Петербург халықаралық заң форумы аясында онлайн форматта өткен ТМД Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының кезекті отырысына қатысты. Отырыс барысында ТМД-ға қатысушы елдердегі мигранттардың құқықтарын реттейтін заңнамалық актілерді талдау нәтижелері, сондай-ақ оларды егжей-тегжейлі зерделеу үшін бірлескен жұмыс топтарын құру мүмкіндігі талқыланды.



2024 жылғы 11 қыркүйек



Омбудсмен Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Тери Хакаламен кездесті.

Әңгімелесу барысында Уәкіл өз кеңсесінің қызметі туралы айтып, бүгінде Қазақстанның әр өңірінде оның өкілдері жұмыс істейтінін атап өтті. Бұдан басқа, Уәкілдің жанында Үйлестіру және сарапшылық

кеңестер жұмыс істейді, олармен кездесулер құқық қорғау саласындағы өзекті мәселелерді талқылау мақсатында тұрақты негізде өткізіледі.

Ол сондай-ақ халықтың институтқа деген сенім деңгейі артып келе жатқанын атап өтті, бұл берілген өтініштердің санына әсер етеді. 2024 жылдың алғашқы 6 айында Омбудсмен мен оның өкілдеріне 3 мыңнан астам шағым түсті, бұл өткен жылдың осы кезеңінің көрсеткіштерінен 13%-ға жоғары.

Кездесуде Уәкіл биыл Қазақстанда әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қорғауға бағытталған заң қабылданғанына тоқталып, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтудің және зардап шеккендерді қолдаудың тиімді тетіктерін құрудың маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, уәкіл балалар Омбудсменімен бірлескен балалар харассментінің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі бастама туралы айтты. Ол мұндай бұзушылық үшін жауапкершілікті көздейтін норма заңмен бекітілуге тиіс екенін атап өтті.

Өз кезегінде Тери Хакала Қазақстанның ЕО үшін стратегиялық серіктес екенін және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңның қабылдануын құптайтынын мәлімдеді, өйткені бұл адам құқықтарын нығайту, әлеуметтік әділеттілікті арттыру және халықтың осал топтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестік тұрғысынан ел үшін үлкен жетістік екенін айтты.

2024 жылғы 23 қыркүйек

Омбудсмен Human Rights Watch (HRW) халықаралық құқық қорғау ұйымының өкілдері М. Риттманмен (HRW сарапшысы) және Х. Уильямсонмен (HRW өңірлік директоры) кездесті.

Кездесу барысында тараптар елдегі адам құқықтарын қорғауға қатысты мәселелерді талқылады. А. Ластаев өз кеңсесі жұмысының негізгі бағыттары, оның ішінде Уәкілдің өңірлік өкілдерінің қызметіне тоқталды.



2024 жылғы 1-3 қазан



Уәкіл адами өлшем бойынша Варшава конференциясының жұмысына қатысып, Қазақстанда демократияны дамыту мен адам құқықтарын қорғаудың негізгі мәселелерін талқылады.

Омбудсмен өз сөзінде азаптауға қарсы күрес, сотталғандардың құқықтары, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық жалған ақпаратқа байланысты сын-қатерлер сияқты маңызды тақырыптарды қозғады.

Омбудсмен азаптауға қарсы күреске ерекше назар аударып, Қазақстанның бұл мәселе бойынша саясаты халықаралық міндеттемелерге қатаң сәйкес келетініне сендірді.

Сондай-ақ, Омбудсмен мемлекет заңның үстемдігін және құқық қорғау органдарының есептілігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтіп, бірде-бір қылмыс жүйені реформалау және Қазақстандағы демократиялық процестерді нығайту жөніндегі күш-жігерді әлсіретпеуі тиіс екенін баса айтты.

2024 жылғы 3 қазан

Уәкіл азаптауға қарсы күреске арналған ЕҚЫҰ ДИАҚБ Адами өлшем бойынша Варшава конференциясының алаңдарында сайд-ивент өткізді. Ол Қазақстанның азаптауларды жоюдағы маңызды қадамдары туралы айтты, оның ішінде 1998 жылы



Азаптауларға қарсы конвенцияны ратификациялау, ҚК-ге «Азаптаулар» құқық бұзушылық құрамын енгізу және қатыгездік үшін жазаны күшейту бар. Сонымен қатар, Омбудсмен тұтқындарға медициналық көмек көрсетудің жақсарғанын және азаптауға шағымдардың азайғанын атап өтті. 2023 жылы олардың саны 50%-ға азайса, 2024 жылы одан әрі төмендеу байқалады. Сондай-ақ, түрмелерде шағымдану үшін бейнекамералар мен терминалдар орнатылған, бұл бақылауды күшейтеді және азаптаудың алдын алады. АҚУ халықаралық стандарттарды одан әрі сақтаудың және Қазақстанда азаптаудың алдын алу жөніндегі жұмысты жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

2024 жылғы 9 қазан



Уәкіл Еуразиялық омбудсмендер Альянсының IX отырысына қатысты, онда цифрландыру жағдайында адам құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері талқыланды.

Ол өз сөзінде цифрлық технологиялар өмірді едәуір жеңілдететінін, сонымен бірге кибер алаяқтық, жеке деректерді ұрлау, хат алмасу құпиясын бұзу, кибербуллинг пен

интернеттегі зорлық-зомбылықты қоса алғанда, адам құқықтарына қауіп төндіретінін атап өтті.

Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты, сөз бостандығын және білім мен денсаулыққа құқықтарды, әсіресе медицинаға немесе оқуға қол жеткізуге кедергі келтіретін техникалық мәселелер кезінде қорғау маңызды.

Уәкіл Қазақстанның дербес деректерді қорғау, ақпаратқа қол жеткізу және балаларды теріс контенттен қорғау туралы заңдарды қабылдай отырып, осы салада белсенді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Осы құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленген. Алайда, IT-технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, заңнаманы жаңғыртуды талап етеді. Омбудсмен барлық іргелі цифрлық құқықтарды бекітетін шоғырландырылған акт құруды ұсынды.

Сондай-ақ, А. Ластаев халықтың цифрлық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын атап өтіп, цифрлық шындық технологияларды дамыту мен азаматтардың құқықтарын қорғау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ете отырып, адам құқықтары туралы Конституциялық нормалар шеңберінде болуы тиіс екенін атап өтті.

2024 жылғы 10 қазан

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Ресей Федерациясындағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұйымдастырған «Адам құқықтарын қорғау мәселелері: омбудсмендердің үздік тәжірибелерімен алмасу» VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты. Іс-шара барысында Омбудсмен «Сотталғандардың сапалы медициналық қызмет көрсетуге құқығы» мәселесі бойынша баяндама жасады. Ол өз сөзінде сотталғандардың медициналық көмекке құқығын жүзеге асырудың маңызды аспектілеріне тоқтатылды.



Ол түрме медицинасын реформалаудағы маңызды қадам – медициналық қызмет көрсетуді полицияның қарауынан ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне

беру екенін айтты. Түрме медицинасы азаматтық секторға берілгеннен кейін сотталғандардың медициналық көмекке қол жетімділігі айтарлықтай жақсарды, дегенмен оның сапасына қатысты шағымдар да өсті. Негізгі өтініштер дәрігерлердің немқұрайлылығына, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге және сапасыз қызмет көрсетуге қатысты болды. Омбудсмен түзеу мекемелеріне үнемі барып тұратынын, оның барысында кемшіліктер анықталып, медициналық көмекті жақсарту бойынша ұсынымдар жіберілетінін атап өтті.

Сондай-ақ, шетелдік азаматтарға медициналық қызмет көрсету мәселелерін шешу және дәрігерлерді Стамбул хаттамасының қағидаттарына оқыту бойынша жұмыс жалғасуда.

2024 жылғы 31 қазан

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Еуропа Парламентінің делегаттарымен Орталық Азия және Моңғолиямен ынтымақтастық мәселелері бойынша



кездесті. Ол институт жұмысының негізгі бағыттары туралы айтып, ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістерді атап өтті. Омбудсмен азаматтардың сенімінің артқанын, және бұл жеке қабылдаулар мен шағымдар санының артуынан көрінетінін айтты.

Азаптауға қарсы тұруға ерекше назар аударылды. АҚУ ҰАТ жұмысы және осы бағытта қол жеткізілген нәтижелер туралы айтты. Азаптау мен қатыгездік үшін қылмыстық жауапкершілікті қоса алғанда, жаңа шаралар енгізілді. Нәтижесінде тіркелген азаптау жағдайларының саны азайды. Омбудсмен делегаттарды адам құқықтарын қорғау және құқық қорғау ұйымдарына қолдау көрсету институт үшін басымдық болып қала беретініне сендірді.

2024 жылғы 5 қараша


Уәкіл БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының көмекшісі Рувендрини Меникдивеламен кездесті. Кездесу барысында Омбудсмен кеңсесі жұмысының нәтижелері, сондай-ақ отбасының құқықтары мен бірлігін қорғау қағидаттарына негізделген Қазақстанның босқындар туралы заңнамасы талқыланды. Уәкіл



босқындардың құқықтарын қорғау ел үшін басымдық болып табылатынын және БҰҰ БЖКБ-мен ынтымақтастық халықаралық стандарттарды сақтауға көмектесетінін атап өтті. Сонымен қатар, экстрадициялық қамауға алудың

баламасын енгізу бойынша ұсыныстар талқыланды. Меникдивела ханым Қазақстанның босқындармен жұмыс жасаудағы қадамдарына қолдау білдіріп, көмек көрсетуге дайын екенін білдірді.

2024 жылғы 20 қараша



Омбудсмен РФ-дағы Қазақстан елшілігі ұйымдастырған «Қазақстан мен Ресейдің отбасы институтын нығайтудағы тәжірибесі: дәстүрлі құндылықтарды сақтау» атты дөңгелек үстелге қатысты.

Іс-шара барысында ана мен баланы қорғау, отбасылық-демографиялық саясат, сондай-ақ отбасын қолдаудың жаңа тәсілдері

талқыланды.

Омбудсмен ратификацияланған халықаралық құжаттар мен отбасылық қатынастарды реттейтін ұлттық құқықтық актілердің маңыздылығын атап өтті. Ол әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ профилактика мен ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту қажеттігін айтты. Соңында Уәкіл отбасы және отбасылық құндылықтар институтын қорғаудың маңыздылығын ескере кетті.

2024 жылғы 22 қараша

Уәкілдің Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары стандарттарын енгізу департаментінің Ынтымақтастық бағдарламалары басқармасының басшысы Лиля Гретарсдоттирмен, стратегиялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі кеңесшісі Сергей Дикманмен және басқарма басшысының орынбасары Лилит Данегянмен кездесуі өтті.



Кездесу барысында Еуропа Кеңесінің өкілдері ынтымақтастықтың 2024-2027 жылдарға арналған ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарының қысқаша таныстырылымын өткізді.

Уәкіл кеңсесін институционалдық нығайту, ҰАТ қызметін жетілдіру, оқыту семинарлары мен тренингтерін өткізу, Уәкіл институтының мемлекеттік органдармен және ҰЕҰ-мен өзара іс-қимылын жақсарту сияқты мәселелерді талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар адам құқықтары саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы уағдаласты.

2024 жылғы 29 қараша



Уәкіл ҚР Парламенті Сенатының төрағасының қатысуымен «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтарын қорғау: жетістіктер және одан әрі даму перспективалары» конференциясына қатысты. Конференцияға мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшылары, сондай-ақ халықаралық және

үкіметтік емес ұйымдар, заң және ғылыми қоғамдастықтар қатысты.

Бұл конференция БҰҰ Балалар қоры мен Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қолдауымен БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялаудың 30 жылдығына орайластырылды.

2024 жылғы 5-6 желтоқсан

Уәкіл Қазақстанға сапармен келген ресейлік Омбудсмен Татьяна Москальковамен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Уәкіл қазақстандық Омбудсмен институтының қызметіндегі, оның мәртебесін конституциялық деңгейде бекітілгені және өңірлерде өкілдіктер құрылғанын қоса алғанда, елеулі өзгерістер туралы айтты.

Татьяна Москалькова Институттың жетістіктерін атап өтіп, тәжірибе алмасуға дайын екендігін білдірді.



Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл мен Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл арасындағы өзара іс-қимыл туралы хаттамаға қол қойылды.

2024 жылғы 10 желтоқсан



халықаралық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты — адам құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың және азаматтық қоғамның ынтымақтастығын нығайту және сарапшыларға АҚҰО-ның 5 зерттеуі бойынша өз пікірлерін бөлісуге мүмкіндік беру: «Әлеуметтік сала мекемелерінде және қылмыстық-атқару

Уәкілдің қатысуымен және Қазақстандағы БҰҰДБ, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы, ҚР БП, ҚР СІМ және ҚР МАМ бірлесе отырып, «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғау: сын-қатерлер мен болашақ» атты



жүйесінің жабық мекемелерінде ұсталған адамдарды медициналық қамтамасыз ету мәселелері: проблемалар және оларды шешу жолдары», «Азаптаулардың және қатыгез қарым-қатынас пен жазалаудың басқа да түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені шолу, ұлттық заңнамаға және құқық қолдану тәжірибесіне талдау жасау», «Кемсітушілікке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені шолу, ұлттық заңнамаға және құқық қолдану тәжірибесіне талдау жасау», «Азаптаулардың және басқа да қатыгез және адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша халықаралық тәжірибені шолу, ұлттық заңнамаға және құқық қолдану тәжірибесіне талдау жасау», «Әйелдердің (оның ішінде жабық мекемелерде туған балалары бар әйелдер) жазасын өтеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқшаулау орындарындағы әйелдерге қатысты жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу».

Конференция соңында Халықаралық адам құқықтары күніне орай азаматтардың құқықтарын қорғауға үлес қосқан қайраткерлерді марапаттау рәсімі өтті. Омбудсмен Қазақстанның адам құқықтары мен демократиялық құндылықтарын дамытудағы рөлін атап өтіп, алғыс хаттарды табыс етті. Ол нақты өзгерістер үшін күш біріктірудің маңыздылығын айтты.

2024 жылғы 11 желтоқсан

Уәкіл «Цифрландыру, жасанды интеллект және адам құқықтары»



